Анализ символики визуального ряда позволяет выделить три уровня знаковости, формирующих многослойную художественную систему манги и аниме. На первом уровне проявляются специфические приемы, свойственные только восточноазиатскому комиксу, – они обеспечивают мгновенную и гиперболизированную передачу эмоций и внутреннего состояния персонажей (баллоны, графические эффекты, акцент на глазах). На втором уровне прослеживается связь с традиционной японской культурой, где особое значение имеют категории «пустоты» и пространственной организации («Май»), что придает визуальному ряду философскую и эстетическую глубину. На третьем уровне используются универсальные художественные коды, общепонятные мировой аудитории (цветовая символика, жесты, метафоры, параллельные персонажи), которые обеспечивают доступность произведения за пределами японской культурной среды.

Таким образом, визуальный язык манги и аниме можно рассматривать как синтетическую систему, соединяющую уникальные национальные традиции, специфические жанровые приемы и универсальные символы мирового искусства, что и обуславливает их широкую интернациональную воспринимаемость.

#### *Список использованной литературы*

1. Катасонова Е.Л. Японские комиксы-манга: возвращение к первоисточкам. Часть 1 // *Российский японоведческий журнал*. 2010. № 1. – С. 87–96.
2. Анисимова Е.Е. Паралингвистика и текст (к проблеме креолизованных и гибридных текстов) // *Вопросы языкознания*. 1992. № 1. – С. 71–78.
3. Баттистини М. Символы и аллегории / пер. с итал. В. Ю. Траскина. – М.: Омега, 2008. – 384 с.
4. Леонов В.Ю. Основные особенности символично-графической системы манга и аниме // *Исторические, философские, политические и юридические науки, культурология и искусствоведение. Вопросы теории и практики*. Тамбов: Грамота, 2013. № 2 (28): в 2 ч. Ч. 1. – С. 115–118.

5. Анисимова Е.Е. О целостности и связности креолизованного текста: к постановке проблемы // Филологические науки. 1996. № 5. – С. 74–84.
6. Катасонова Е.Л. Модернизация и проблемы формирования массовой культуры в Японии // Япония: опыт модернизации. М., 2011.
7. Мосян Тунсю. Основатель тёмного пути [Электронный ресурс]. – URL: [https://2.mintmanga.one/magistr\\_diavolskogo\\_kulta](https://2.mintmanga.one/magistr_diavolskogo_kulta) (дата обращения: 04.01.2026).
8. Ивасаки Акира. История японского кино [Электронный ресурс]. – URL: [https://www.koob.ru/iwasaki\\_akira/history\\_japanese\\_cinema](https://www.koob.ru/iwasaki_akira/history_japanese_cinema) (дата обращения: 04.01.2026).
9. Чу-Гонг. Поднятие уровня в одиночку [Электронный ресурс]. – URL: [https://librebook.me/podniatie\\_urovnia\\_v\\_odinochku](https://librebook.me/podniatie_urovnia_v_odinochku) (дата обращения: 04.01.2026).
10. Сорокин Ю.А., Тарасов Е.Ф. Креолизованные тексты и их коммуникативная функция // Оптимизация речевого воздействия. – М., 1990. С. 180–186.
11. Катасонова Е.Л. Массовая культура – японское прочтение // Азия и Африка сегодня. 2007. – № 7–8.
12. Исаяма Хадзимэ. Атака титанов [Электронный ресурс]. – URL: [https://readmanga.live/ataka\\_titanov\\_antologiiia\\_A5327](https://readmanga.live/ataka_titanov_antologiiia_A5327) (дата обращения: 04.01.2026).
13. Иэнага Сабуро. История японской культуры [Электронный ресурс]. – URL: [https://books.totalarch.com/history\\_of\\_japanese\\_culture\\_ienaga\\_saburo](https://books.totalarch.com/history_of_japanese_culture_ienaga_saburo) (дата обращения: 04.01.2026).
14. Ивасаки Акира. Современное японское кино [Электронный ресурс]. – URL: <https://search.rsl.ru/ru/record/01006215342> (дата обращения: 04.01.2026).
15. Понимание манхвы [Электронный ресурс]. – URL: <https://capcold.net/eng/blog/understanding-manhwa/> (дата обращения: 04.01.2026).

#### References

1. Katasonova E.L. (2010). *Yaponskie komiksy-manga: vozvrashchenie k pervoistokam. Chast 1* [Japanese manga comics: A return to the origins. Part 1]. *Rossiyskii yaponovedcheskii zhurnal*, 1, 87–96. [in Russian]
2. Anisimova E.E. (1992). *Paralingvistika i tekst (k probleme kreolizovannykh i gibridnykh tekstov)* [Paralinguistics and text: On the problem of creolized and hybrid texts]. *Voprosy yazykoznaniya*, 1, 71–78. [in Russian]
3. Battistini M. (2008). *Simvoly i allegorii* [Symbols and allegories]. Moscow: Omega. [in Russian]
4. Leonov V.Yu. (2013). *Osnovnye osobennosti simvoliko-graficheskoi sistemy manga i anime* [Key features of the symbolic and graphic system of manga and anime]. *Historical, Philosophical, Political and Legal Sciences, Cultural Studies and Art History. Issues of Theory and Practice*, 2(28), Part 1, 115–118. [in Russian]
5. Anisimova E.E. (1996). *O tselosti i svyaznosti kreolizovannogo teksta: k postanovke problemy* [On the integrity and coherence of the creolized text: Problem statement]. *Filologicheskie nauki*, 5, 74–84. [in Russian]
6. Katasonova E.L. (2011). *Modernizatsiya i problemy formirovaniya massovoi kultury v Yaponii* [Modernization and problems of mass culture formation in Japan]. In *Yaponiya: opyt modernizatsii* [Japan: The experience of modernization]. Moscow. [in Russian]
7. Mosyantongxiu. (n.d.). *Osnovatel temnogo puti* [The founder of the dark path]. Retrieved from [https://2.mintmanga.one/magistr\\_diavolskogo\\_kulta](https://2.mintmanga.one/magistr_diavolskogo_kulta) [in Russian]
8. Iwasaki Akira. (n.d.). *Istoriya yaponskogo kino* [History of Japanese cinema]. Retrieved from [https://www.koob.ru/iwasaki\\_akira/history\\_japanese\\_cinema](https://www.koob.ru/iwasaki_akira/history_japanese_cinema) [in Russian]
9. Chu-Gong. (n.d.). *Podnyatie urovnya v odinochku* [Solo leveling]. Retrieved from [https://librebook.me/podniatie\\_urovnia\\_v\\_odinochku](https://librebook.me/podniatie_urovnia_v_odinochku) [in Russian]

10. Sorokin Yu.A., Tarasov E.F. (1990). *Kreolizovannye teksty i ikh kommunikativnaya funktsiya* [Creolized texts and their communicative function]. In *Optimizatsiya rechevogo vozdeistviya* [Optimization of speech influence] (pp. 180–186). Moscow. [in Russian]
11. Katasonova E.L. (2007). *Massovaya kultura – yaponskoe prochtenie* [Mass culture: A Japanese interpretation]. *Asia and Africa Today*, 7–8. [in Russian]
12. Isayama Hajime. (n.d.). *Ataka titanov* [Attack on Titan]. Retrieved from [https://readmanga.live/ataka\\_titanov\\_antologiiia\\_A5327](https://readmanga.live/ataka_titanov_antologiiia_A5327) [in Russian]
13. Ienaga Saburo. (n.d.). *Istoriya yaponskoi kultury* [History of Japanese culture]. Retrieved from [https://books.totalarch.com/history\\_of\\_japanese\\_culture\\_ienaga\\_saburo](https://books.totalarch.com/history_of_japanese_culture_ienaga_saburo) [in Russian]
14. Iwasaki Akira. (n.d.). *Sovremennoe yaponskoe kino* [Contemporary Japanese cinema]. Retrieved from <https://search.rsl.ru/ru/record/01006215342> [in Russian]
15. *Understanding manhwa*. (n.d.). Retrieved from <https://capcold.net/eng/blog/understanding-manhwa/> [in Russian]

FTAMP 17.82.90

10.51889/2959-5657.2025.94.4.008

\*Аралтай М.А.<sup>1</sup> , Жұмақаева Б.Д.<sup>2</sup>   
<sup>1,2</sup>Сүлеймен Демирел атындағы университет

Қаскелең, Қазақстан

\*e-mail: [araltay01@mail.ru](mailto:araltay01@mail.ru)



e-mail: [d.bereke2009@mail.ru](mailto:d.bereke2009@mail.ru)

## ҚАЗАҚ ФЭНТЕЗИІНІҢ ӘДЕБИ ПРОЦЕСТЕГІ ОРНЫ МЕН БОЛАШАҒЫ

### Аңдатпа

Бұл мақалада қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрының қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдері, оның қазіргі әдеби процестегі алатын орны және болашақ даму перспективалары жан-жақты қарастырылады. Мақалада фэнтези жанрының ерекшеліктері, ұлттық мифология мен тарихтың фэнтезилік шығармаларда көркемдік көрініс табу жолдары, жанрдың оқырмандар, әсіресе жастар арасындағы танымалдылығы және әлемдік әдебиеттегі орны терең талданады. Сонымен қатар, қазақ фэнтезиінің дамуына ықпал ететін негізгі факторлар, авторлардың шығармашылық ізденістері, оқырмандар сұранысының артуы, ұлттық идеялардың жаңаша интерпретациялануы мен басқа өнер салаларымен ықпалдасу мүмкіндіктері айқындалады. Бұған қоса, жанрдың даму жолындағы сын-қатерлер, атап айтқанда, сапалы аудармалардың жетіспеушілігі, баспалардың қолдауының шектеулігі, әдеби сынның назарының төмендігі және авторлардың кәсіби біліктілігін арттыру қажеттілігі сияқты мәселелер де қарастырылады.

**Түйін сөздер:** қазақ фэнтезиі, әдеби процесс, ұлттық мифология, тарихи фэнтези, әлемдік әдебиет



\*Аралтай М.А.<sup>1</sup> , Жұмақаева Б.Д.<sup>2</sup>   
<sup>1,2</sup>Университет имени Сулеймана Демиреля  
Каскелен, Казахстан  
\*e-mail: [araltay01@mail.ru](mailto:araltay01@mail.ru)  
e-mail: [d.bereke2009@mail.ru](mailto:d.bereke2009@mail.ru)

## МЕСТО И ПЕРСПЕКТИВЫ КАЗАХСКОГО ФЭНТЕЗИ В ЛИТЕРАТУРНОМ ПРОЦЕССЕ

### *Аннотация*

В данной статье всесторонне рассматриваются основные этапы становления и развития жанра фэнтези в казахской литературе, его место в современном литературном процессе и перспективы дальнейшего развития. В статье глубоко анализируются особенности жанра фэнтези, способы художественного отражения национальной мифологии и истории в произведениях фэнтези, популярность жанра среди читателей, особенно молодежи, и его место в мировой литературе. Наряду с этим определяются основные факторы, влияющие на развитие казахского фэнтези, творческие поиски авторов, растущий спрос читателей, новая интерпретация национальных идей и возможности взаимодействия с другими видами искусства. Кроме того, рассматриваются вызовы на пути развития жанра, такие как недостаток качественных переводов, ограниченная поддержка издательств, низкое внимание литературной критики и необходимость повышения профессиональной квалификации авторов.

**Ключевые слова:** казахское фэнтези, литературный процесс, национальная мифология, историческое фэнтези, мировая литература

\*Araltay M.A.<sup>1</sup> , Zhumakayeva B.D.<sup>2</sup>   
<sup>1,2</sup>SDU University  
Kaskelen, Kazakhstan  
\*e-mail: [araltay01@mail.ru](mailto:araltay01@mail.ru)  
e-mail: [d.bereke2009@mail.ru](mailto:d.bereke2009@mail.ru)

## THE PLACE AND FUTURE OF KAZAKH FANTASY IN THE LITERARY PROCESS

### *Abstract*

This article comprehensively examines the main stages of the formation and development of the fantasy genre in Kazakh literature, its place in the contemporary literary process, and prospects for future development. The article provides an in-depth analysis of the specific characteristics of the fantasy genre, the ways in which national mythology and history find artistic expression in fantasy works, the genre's popularity among readers, especially young adults, and its position in world literature. Furthermore, it identifies the key factors influencing the development of Kazakh fantasy, including the creative explorations of authors, increasing reader demand, the novel interpretation of national ideas, and opportunities for interaction with other art forms. Additionally, the challenges in the genre's development are considered, such as the lack of high-quality translations, limited support from publishing houses, low attention from literary criticism, and the need to enhance the professional skills of authors.

**Keywords:** Kazakh fantasy, literary process, national mythology, historical fantasy, world literature

**Кіріспе.** Әдебиет – халықтың тарихи жады мен рухани әлемінің көркем бейнесі іспетті. Ол ұлттың болмысын, дүниетанымын, мәдени құндылықтарын айшықтап қана қоймай, заман лебімен жаңарып, өсіп-өркендейтін тірі организмге ұқсайды. ХХІ ғасырдағы жаһандану үрдісі мен цифрлық мәдениеттің қанат жаюы әдебиеттегі жанрлық ауқымды кеңейтіп, тың бағыттардың дүниеге келуіне жол ашты. Солардың бірі – фэнтези жанры. Әлем әдебиетінде кеңінен танымал болғанымен, қазақ әдебиетінде бұл жанр әлі де зерттеуді қажет ететін жаңа арна. Фэнтезидің негізгі сипаты – қиял мен мифологияға таянып, сиқырлы, құпияға толы әлемдерді сомдау. Қазақ әдебиетінде фэнтези элементтері бұрыннан кездескенімен (мысалы, ертегілер мен батырлық жырларда), ол соңғы кездері дербес жанр ретінде таныла бастады. Фэнтези – тек жастардың қызығушылығын тудыратын ойын-сауық емес, сонымен бірге философиялық ойларға жетелейтін, ұлттық мәдени кодын сақтауға үлес қосатын, рухани ізденістерге жол ашатын маңызды әдеби кеңістік. Қазіргі әлем әдебиетінде фэнтези жанры ерекше орын алады. Ол оқырмандарды тылсымға, ғажайыпқа толы әлемдерге саяхат жасатып, адамзаттың мәңгілік құндылықтары мен көкейкесті мәселелерін қозғайды. Қазақ әдебиетінде фэнтези жанры салыстырмалы түрде жаңа болса да, соңғы жылдары қарқынды дамып келеді. Ұлттық тарих пен мәдениетке деген қызығушылықтың артуы, жаңа буын жазушылардың ізденістері қазақ фэнтезиінің әдеби процестегі орнын айқындап, оның келешегіне үлкен сенім ұялатады.

**Әдістер мен материалдар.** Фэнтези (ағылш. *fantasy*) – шынайы өмір заңдылықтарынан тыс, мифологиялық, қиял-ғажайып, сиқырлы элементтерге негізделген көркем әдеби жанр. Бұл жанрда жиі кездесетін сипаттар – тылсым күштер, ерекше кейіпкерлер, сиқырлы әлемдер, болмыстың шындықтан тыс формалары. Фэнтези шындықты тікелей бейнелемейді, керісінше, қиял арқылы шынайы өмір мәселелерін астарлап көрсетеді. Фэнтези әдебиетінің дамуы Батыста ХХ ғасырдың бірінші жартысынан бастау алады. Дж.Р.Р. Толкиннің “Сақиналар әміршісі” трилогиясы мен К.С. Льюистің “Нарния шежіресі” туындылары жанрдың классикалық үлгілеріне айналды. Бұл шығармаларда авторлар мифологиялық сюжеттер мен христиандық символиканы біріктіріп, тың көркем әлемдер құрды. Фэнтези жанрының бұл үлгілері кейін әлемдік әдеби процесте жаңа бағыттардың қалыптасуына ықпал етті. Фэнтези мен ертегі жанрларының ұқсастықтары болғанымен, фэнтези өзіндік жүйесі, ішкі логикасы және тұтас әлем құрылымымен ерекшеленеді. Яғни, фэнтези әлемі шынайы заңдылықтарға бағынбайтын, бірақ өз ішінде логикалық жүйеге ие кеңістік ретінде сипатталады. А.А. Демесинованың айтуынша, “фэнтези жанрына тән таңғажайыптар – бұл сол әлемнің заңдылығы бойынша қалыпты әрі заңды құбылыстар” [1]. Қазақ әдебиетіндегі фэнтези де осындай заңдылықтар негізінде дамуда. Ежелгі түркі мифтері, ертегілер мен аңыз-әңгімелер бұл жанрдың тамырын тереңдетіп, оған ұлттық реңк береді. Мысалы, “Ер Төстік” эпосында жер астындағы патшалық, сиқырлы кейіпкерлер (Желаяқ, Таусоғар, Көлтаусар) – фэнтези элементтерінің айқын көрінісі. Бұл жырлардағы кейіпкерлердің сипаттары мен әрекеттері фэнтези әдебиетінің қаһармандық құрылымына (*hero's journey*) сай келеді. Галкинаның айтуынша, фэнтези жанры белгілі бір құрылымдық ерекшеліктер мен ішкі әлем заңдылықтарына бағынады, сондықтан да бұл жанрдағы туындылардың көпшілігі шынайы өмірден оқшау, бірақ логикасы өз ішінде тұтас бір жүйе құрайтын әлемге негізделеді [2]. Сол сияқты, қазіргі қазақ жазушылар шығармаларында да фэнтези элементтері жиі ұшырасады. Мысалы, авторлық қиялға құрылған баламалы әлемдер, сиқырлы заттар немесе ерекше қабілеттерге ие кейіпкерлер жиі кездеседі. Бұл – қазақ әдебиетінде фэнтези жанрының дамып келе жатқандығының дәлелі. Осындай шығармаларда ұлттық дүниетаным мен мифологиялық бейнелер заманауи контексте қайта жаңғырып, оқырманға жаңа қырынан ұсынылады. Мысалы, Қ. Түменбайдың немесе А. Ақбергеннің шығармаларында ұлттық фольклорға негізделген сиқырлы бейнелер мен мифтік элементтер арқылы авторлар қазіргі заман мен көне аңыз арасындағы үндестікті орнатады. Бұл тәсіл арқылы олар оқырманды танымдық деңгейде тереңірек ойлануға итермелейді.

**Нәтижелер мен талқылау.** Фэнтези мен фантастика – қиялға негізделген әдеби жанрлар болғанымен, олардың мазмұны мен әдістері бір-бірінен өзгешеленеді. Фантастика ғылыми жорамалдар мен техникалық жетістіктерге құрылса, фэнтези мифологиялық, сиқырлы, тылсым әлемдерге арқа сүйейді. Фантастика жазушысы келешекте болуы мүмкін технологияларды, жасанды интеллект, ғарыш сапарлары немесе ғылыми жаңалықтардың негізінде әлем жасайды және логикалық байланыстар мен себеп-салдар заңдылықтарына көбірек мән береді. Ал фэнтези жанрында мұндай шектеулер жоқ – автор шексіз қиялының күшімен кез келген заңдылықты бұза алады, ең бастысы – ішкі үйлесімділік пен сенімділік сақталуы тиіс. Мысалға, Айзек Азимовтың "Роботтар" топтамасы ғылыми фантастикаға жатады, себебі ол нақты техникалық және ғылыми процестерге негізделген. Ал Толкиннің "Сақиналар әміршісі" классикалық фэнтези болып табылады, онда эльфтер, гномдар мен сиқыршылар өмір сүретін ойдан шығарылған әлем бейнеленеді.

#### Кесте 1. Фэнтези мен фантастиканың айырмашылығы

Сипаттамасы	Фэнтези	Фантастика
Негізгі	Миф, сиқыр, аңыз	Ғылым, технология, болашақ
Кеңістігі	Қиял-ғажайып, сиқырлы	Ғарыш, болашақ қоғам, техникалық әлем
Кейіпкерлері	Сиқыршылар, рухтар, жын-перілер	Ғалымдар, роботтар, жасанды интеллект
Уақыты	Белгісіз, қиялға құралған	Әдетте болашақ
Мақсаты	Рухани ізденіс, символикалық мән	Ғылыми болжам, әлеуметтік модельдеу

Қазақ фэнтезінің бастауы халықтың ауыз әдебиетінен бастау алады. Ертегілер, батырлық жырлар, аңыздар мен мифтер – бүгінгі фэнтези әдебиетінің негізгі тамыры. Мәселен, "Ер Төстік" жырындағы ғажайып оқиғалар мен кейіпкерлер қазіргі фэнтези элементтерімен толықтай үйлеседі. Қазақ ертегілерінде жиі кездесетін алыптар, жын-шайтандар, сиқыршылар, шексіз күшке ие батырлар – бұл бейнелер тек қызықты оқиғалар құру үшін ғана емес, сонымен қатар халықтың дүниетанымы мен рухани ұстанымдарын көрсету үшін де қолданылады. Бұл элементтер түркі мифологиясымен тығыз байланыста. Мысалға: өмір мен өлімнің аражігін зерттеген, күйімен жындарды бағындырған Қорқыт ата; ерекше күш пен ерліктің иесі, ертегілердегі батырдың жарқын образы – Кендебай батыр; қазақ мифологиясындағы тылсым бейнелер – Самұрық құс, Тәңір, Көк бөрі. Ал XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басында қазақ әдебиетінде фэнтези жанрының тікелей әсерімен жазылған шығармалар пайда бола бастады. Әсіресе тәуелсіздік алғаннан кейін ұлттық тарих пен мәдениетке деген қызығушылықтың қайта жандануы фэнтези жанрының дамуына жаңа күш берді. Бұл кезеңдегі шығармаларда көбінесе ұлттық мифологиялық бейнелер мен оқиғалар қайта жаңғыртылып, қазіргі заманғы әдеби формада ұсынылды. Бұған Дулат Исабековтің "Гауһартас" романы мен Тыныштықбек Әбдікәкімовтің "Тозақ шеңбері" трилогиясы мысал бола алады.

Фэнтези жанрының Батыста да, қазақ әдебиетінде де өзіндік ерекшеліктері бар. Батыс фэнтезіі көбінесе Еуропа тарихы мен христиандық мифологияға сүйенсе, қазақ фэнтезіі түркілік дүниетаным мен көшпенді өркениеттің ізімен дамиды.

#### Кесте 2. Батыс фэнтэзиі мен Қазақ фэнтезіінің айырмашылығы

Салыстыру өлшемі	Батыс фэнтэзиі	Қазақ фэнтэзиі
Мәдени негізі	Ортағасырлық Еуропа, христиан діні	Түркі мифологиясы, шамандық дәстүр
Басты кейіпкерлер	Рыцарлар, эльфтер, гномдар	Батырлар, жындар, киелі құстар

Кеңістік бейнесі	Қамалдар, ормандар, патшалықтар	Киіз үй, дала, өзен, тау
Құндылық жүйесі	Рыцарлық мораль, ерлік, құрбандық	Тектілік, ерлік, қорғау
Рухани-мифологиялық әлем	Кельт-скандинав аңыздары	Тәңір, Ұмай ана, самұрық, шамандық таным

Қазақ фэнтезиінде табиғат пен адам арасында терең байланыс бар. Бұл – көшпенді халықтың өмір салтынан туған дүние. Табиғат киелі, ал рухани әлем – күнделікті тіршіліктің бір бөлігі. Батыс фэнтезиі көбінесе дуализмге – жақсылық пен жамандықтың күресіне негізделсе, қазақ фэнтезиінде тепе-теңдік, үйлесім идеясы маңызды. Қазіргі қазақ әдебиетінде фэнтези жанры өзіндік маңызды рөл атқаруда. Оның әдеби процеске әкелген бірнеше елеулі ықпалы бар. 1. Ұлттық бірегейліктің айшықталуы: Қазақ фэнтезиінің ең басты құндылықтарының бірі – ұлттық мифологияны, тарихты, салт-дәстүрлерді және ана тілін көркем шығармалар арқылы кеңінен насихаттауы. Бүгінгі таңда жарық көріп жатқан көптеген фэнтезилік романдарда қазақ халқының көне наным-сенімдері, табиғат пен рухтарға табыну дәстүрлері, батырлардың ерліктері мен даналыққа толы сөздері шығарманың өзегіне айналууда. Бұл әсіресе жас ұрпақтың өз тарихы мен мәдениетіне деген қызығушылығын оятуда, ұлттық рухын көтеруде маңызды рөл атқарады. Авторлар ұлттық фольклор мен тарихтың терең қабаттарын зерттей отырып, оларды фэнтезилік әлемнің бояуларымен үйлестіріп, оқырмандарға жаңаша қырынан таныстырууда. Мысалы, кейбір шығармаларда көне түркі мифологиясының элементтері, қазақ хандығы дәуіріндегі тарихи оқиғалар мен тұлғалар қиял-ғажайып әлем аясында қайта жанданып, оқырмандарды өткен мен бүгіннің арасындағы көпірді сезінуге мүмкіндік береді. 2. Әлемдік әдебиетке қадам басу: Қазақ фэнтезиі әлемдік әдебиет кеңістігінде өзіндік орын алуға белсенді түрде ұмтылууда. Ұлттық колорит пен өзіне тән ерекшеліктерді көрсете отырып, қазақ әдебиетін әлемдік аренада танытудың жаңа мүмкіндіктерін ашуда. Әлемдік фэнтезидің үздік үлгілерінің қазақ тіліне аударылуы отандық оқырмандардың көркемдік талғамын қалыптастыруға ықпал етуде. Бұл өз кезегінде қазақ жазушыларын әлемдік стандарттарға сай сапалы шығармалар жазуға ынталандырады. Қазақ фэнтезиінің әлемдік аренаға шығуы ұлттық әдебиеттің жанрлық әртүрлілігін көрсетіп қана қоймай, басқа мәдениет өкілдерінің қазақ халқының тарихы, мәдениеті мен дүниетанымы туралы білуіне жол ашады. 3. Оқырмандардың қызығушылығының артуы: Фэнтези жанры, әсіресе жас буын арасында, ерекше танымалдыққа ие. Қазақ фэнтезиінің дамуы отандық әдебиетке жаңа оқырмандарды тартуға, кітап оқу мәдениетін жандандыруға оң әсерін тигізуде. Қиял-ғажайып әлемдер, қызықты оқиғалардың шиеленісуі, динамикалық сюжеттік желілер оқырмандарды баурап алып, әдебиетке деген сүйіспеншілігін арттырады. Әсіресе, қазіргі цифрлық дәуірде жастардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру өзекті мәселе болып тұрғанда, фэнтези жанрының тартымдылығы бұл мәселені шешуге көмектесе алады. 4. Жаңа әдеби формалар мен тәсілдердің енуі: Фэнтези жанры өзінің табиғаты бойынша әдеттегі әдеби шеңберден шығып, автордың қиялы мен шығармашылығына кең жол ашады. Бұл қазақ әдебиетінде жаңа көркемдік ізденістерге, стильдік ерекшеліктерге және баяндау тәсілдеріне жол ашуы мүмкін. Фэнтезилік шығармаларда уақыт пен кеңістіктің шектеулері жойылып, авторларға шығармашылық еркіндік беріледі. Олар әртүрлі баяндау тәсілдерін, тілдік ойындарды, метафоралар мен символдарды еркін қолдана алады. Бұл қазақ әдебиетінің көркемдік палитрасын байытып, оның эстетикалық әлеуетін арттырады. Сонымен қатар, фэнтезилік шығармалар әртүрлі жанрлық элементтерді (мысалы, детектив, триллер, романтика) біріктіруге мүмкіндік береді, бұл оқырмандардың қызығушылығын одан әрі арттырады.

**Жас таланттардың жаңа толқыны:** Қазіргі уақытта қазақ фэнтези жанрында қалам тербеп жүрген жас әрі дарынды авторлардың саны күннен-күнге артып келеді. Бұл жаңа буын өкілдері ұлттық тарихтың терең қатпарларын, бай мифологиялық мұраны мұқият

зерттеп, оны заманауи әдеби формада шеберлікпен ұсына білуде. Олардың шығармаларында ұлттық бояу мен ерекшелік әлемдік фэнтезидің үздік үлгілерімен гармониялық түрде үйлесім тауып, оқырмандардың жоғары бағасына ие болуда. Бұл жас авторлардың ізденістері мен шығармашылық еркіндігі қазақ фэнтезиінің тақырыптық және стильдік ауқымын кеңейтіп, оған жаңа тыныс әкелуде.

**Оқырмандар тарапынан сұраныстың артуы:** Әсіресе жастар арасында фэнтези жанрына деген қызығушылықтың жоғары болуы отандық фэнтезилік шығармаларға деген сұраныстың артуына тікелей әсер етуде. Бұл баспалар мен жас авторлар үшін жаңа мүмкіндіктер ашып, жанрдың одан әрі қарқынды дамуына жол салады. Қазіргі заманғы әлеуметтік желілер мен түрлі онлайн платформалар оқырмандар мен авторлар арасында тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік беріп, фэнтезилік шығармалардың кеңінен таралуына ықпал етуде. Оқырмандардың пікірлері мен ұсыныстары авторлардың шығармашылығына бағыт-бағдар беріп, жанрдың дамуына үлес қосады.

**Ұлттық идеялардың жаңаша зерделенуі:** Қазақ фэнтезиі ұлттық идеялар мен құндылықтарды жаңа қырынан танып, оларды заманауи интерпретациялауға мүмкіндік береді. Тарихи оқиғалар мен мифологиялық сюжеттерді фэнтезилік элементтермен шеберлікпен үйлестіре отырып, авторлар ұлттық рухты көтеруге, жас ұрпақтың бойында патриоттық сезімді қалыптастыруға және оларға рухани азық беруге қабілетті шығармалар жасай алады. Бұл бағыттағы шығармалар ұлттық тарих пен мәдениеттің тереңіне бойлап, оларды бүгінгі күннің оқырманына қызықты әрі тартымды етіп жеткізеді.

**Кино, анимация және ойын индустриясымен ықпалдасу:** Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, фэнтезилік әдеби шығармалар кино, анимация және компьютерлік ойындар үшін таптырмас құнды материал бола алады. Қазақ фэнтезиінің дамуы отандық киноиндустриясы мен ойын индустриясы үшін жаңа креативті жобалардың бастауы болуы әбден мүмкін. Бұл өз кезегінде әдебиеттің танымалдылығын арттырып, оған жаңа аудитория тартады. Фэнтезилік шығармалардың экрандалуы немесе ойынға айналуы олардың коммерциялық әлеуетін арттырып қана қоймай, ұлттық мәдениеттің кеңінен таралуына да ықпал етеді.

Осылайша, қазақ фэнтезиінің алдағы уақытта әдебиет әлемінде өзіндік жарқын із қалдырауына сенім мол. Жас таланттардың шығармашылық ізденістері, оқырмандардың жанрға деген қызығушылығының артуы, ұлттық идеялардың жаңаша зерделенуі және басқа да өнер салаларымен интеграциялануы қазақ фэнтезиінің болашағын айқын етеді.

Қазақ фэнтезиінің дамуында бірқатар сын-қатерлер де бар:

1. **Сапалы аудармалардың жетіспеушілігі:** Әлемдік фэнтезидің үздік үлгілерінің қазақ тіліне сапалы аударылуы отандық оқырмандардың талғамын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Сапасыз аудармалар оқырмандардың жанрға деген қызығушылығын төмендетуі мүмкін.

2. **Баспалардың қолдауының жеткіліксіздігі:** Кейбір баспалар фэнтези жанрына коммерциялық тұрғыдан күмәнмен қарауы мүмкін. Бұл жас авторлардың шығармаларын жариялауда қиындықтар туғызады.

3. **Сыншылардың назарының төмендігі:** Әдеби сын фэнтези жанрына жеткілікті көңіл бөлмеуі мүмкін. Сапалы әдеби сынның болмауы жанрдың дамуын тежеуі ықтимал.

4. **Авторлардың тәжірибесі мен біліктілігін арттыру қажеттілігі:** Қазақ фэнтезиінің әлемдік деңгейге жетуі үшін авторлардың шығармашылық ізденістерін жалғастырып, жазу шеберліктерін үнемі арттырып отыруы қажет.

Қазақ фэнтезиі бүгінгі әдеби процесте өзіндік маңызды орынға ие. Ол ұлттық бірегейлікті сақтауға, әлемдік әдебиетке интеграциялануға, оқырмандардың қызығушылығын арттыруға және жаңа әдеби формалар мен тәсілдерді енгізуге ықпал етеді. Алдағы уақытта жас талантты авторлардың келуі, оқырмандар сұранысының артуы және ұлттық идеяларды жаңаша интерпретациялау арқылы қазақ фэнтезиінің болашағы жарқын боларына сенім мол.

Дегенмен, сапалы аудармалардың жетіспеушілігі, баспалардың қолдауының жеткіліксіздігі, сыншылардың назарының төмендігі және авторлардың біліктілігін арттыру қажеттілігі сынды мәселелерді шешу қажет. Осы сын-қатерлерді еңсере отырып, қазақ фэнтезиі әлемдік әдебиетте өзіндік лайықты орнын алатынына сенеміз.

Қазақ фэнтезиінің қарқынды дамуына қарамастан, алда әлі де бірқатар шешімін табуды қажет ететін мәселелер мен сын-қатерлер бар. Бұл, ең алдымен, фэнтези жанрының теориялық тұрғыда нақты шекараларының айқындалмауымен және оның әдеби процестегі орнының әртүрлі ғылыми көзқарастар негізінде түсіндірілумен байланысты [3]. Бұл кедергілерді еңсеру арқылы ғана отандық фэнтези әлемдік әдебиетте өзіндік орнын толыққанды иелене алады.

**Сапалы аудармалардың тапшылығы:** Әлемдік фэнтезидің үздік шығармаларының қазақ тіліне жоғары деңгейде аударылуы отандық оқырмандардың талғамын қалыптастыруда, жанрдың даму бағытын айқындауда маңызды рөл атқарады. Өкінішке орай, кейбір аудармалардың сапасы сын көтермейді, бұл оқырмандардың жанрға деген қызығушылығын төмендетуі мүмкін. Сапалы аударма жасау үшін тілді жетік меңгерген, фэнтези жанрының ерекшеліктерін түсінетін мамандар қажет.

**Баспалардың қолдауының шектеулігі:** Кейбір баспалар фэнтези жанрына коммерциялық тұрғыдан аса сеніммен қарай бермейді. Олардың ойынша, бұл жанр көпшілік аудиторияны қамтымайды немесе сату көлемі төмен болуы мүмкін. Салдарынан жас, талантты фэнтези авторларының шығармаларын жариялауда белгілі бір қиындықтар туындайды. Баспалардың фэнтези жанрының әлеуетін түсініп, отандық авторларды қолдауы жанрдың дамуы үшін өте маңызды.

**Әдеби сынның назарының жеткіліксіздігі:** Әдеби сын кез келген жанрдың дамуында маңызды рөл атқарады. Ол шығармаларға баға беріп, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсетеді, оқырмандарға бағыт-бағдар сілтейді. Өкінішке орай, қазіргі қазақ әдебиетінде фэнтези жанрына жеткілікті көңіл бөлінбей отыр. Сапалы әдеби сынның болмауы жанрдың дамуын тежеуі, авторлардың шығармашылық өсуіне кедергі келтіруі ықтимал.

**Авторлардың біліктілігін арттыру қажеттілігі:** Қазақ фэнтезиінің әлемдік деңгейге жетуі үшін отандық авторлардың шығармашылық ізденістерін үнемі жалғастырып, жазу шеберліктерін үздіксіз арттырып отыруы қажет. Фэнтези жанрының өзіне тән ерекшеліктері, әлем құру, кейіпкерлерді дамыту, қызықты сюжеттік желілерді өру сияқты аспектілерді терең меңгеру маңызды. Халықаралық тәжірибе алмасу, шеберлік сыныптары мен семинарларға қатысу авторлардың кәсіби өсуіне ықпал етеді. Әдебиеттануда мұндай кәсіби коммуникация шығармашылық субъектінің көркемдік ойлауын кеңейтіп, түрлі әдеби дәстүрлер мен эстетикалық ұстанымдарды меңгеруіне жағдай жасайтыны атап көрсетіледі [4]. Сонымен қатар халықаралық әдеби алаңдарға қатысу қаламгердің ұлттық әдебиетті әлемдік әдеби процесс контекстінде қабылдауына мүмкіндік береді [5].

**Қорытынды.** Қорыта келе, қазақ фэнтезиі бүгінгі әдеби процесте өзіндік маңызды орынға ие екенін атап өткен жөн. Ол ұлттық бірегейлікті сақтауға, әлемдік әдебиетке интеграциялануға, оқырмандардың қызығушылығын арттыруға және жаңа әдеби формалар мен тәсілдерді енгізуге зор үлес қосуда. Алдағы уақытта жас талантты авторлардың келуі, оқырмандар сұранысының артуы және ұлттық идеяларды жаңаша интерпретациялау арқылы қазақ фэнтезиінің болашағы жарқын боларына сенім мол. Дегенмен, сапалы аудармалардың жетіспеушілігі, баспалардың қолдауының жеткіліксіздігі, әдеби сынның назарының төмендігі және авторлардың біліктілігін арттыру қажеттілігі сынды мәселелерді шешу – басты міндет. Осы сын-қатерлерді еңсере отырып, қазақ фэнтезиі әлемдік әдебиетте өзіндік лайықты орнын алатынына кәміл сенеміз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

1. Демесина А.А. Көркем әдебиеттегі фэнтези жанрының шығу төркіні мен түрлері // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, № 2(143)/2023. – 165-171 б.
2. Галкина М.А. О жанровом своеобразии фэнтези // Театр. Живопись. Кино. Музыка, 2021, №1. – С. 97-108.
3. Тодоров Ц. Введение в фантастическую литературу – М.: Дом интеллектуальной книги, 1999.
4. Bourdieu P. *The Field of Cultural Production* – New York: Columbia University Press, 1993.
5. Damrosch D. *What Is World Literature?* Princeton and Oxford: Princeton University Press, 2003, 324 pp.

*References:*

1. Demesinova A.A. (2023). *Korkem adebiettegi fentezi zhanryryn shyghu torkini men turleri* [The origin and types of the fantasy genre in fiction]. *Vestnik Evraziiskogo natsional'nogo universiteta imeni L.N. Gumileva. Seriya: Filologiya*, 2(143), 165–171.
2. Galkina M.A. (2021). *O zhanrovom svoeobrazii fentezi* [On the genre specificity of fantasy]. *Teatr. Zhivopis'. Kino. Muzyka*, 1, 97–108.
3. Todorov Ts. (1999). *Vvedenie v fantasticheskuyu literaturu* [Introduction to fantastic literature]. Moscow: Dom intelektual'noi knigi. [in Russian]
4. Bourdieu, P. (1993). *The field of cultural production: Essays on art and literature*. New York, NY: Columbia University Press.
5. Damrosch D. (2003). *What Is World Literature?* Princeton and Oxford: Princeton University Press, 324 pp.

FTAMP 17.01.11

10.51889/2959-5657.2025.94.4.009

Кудайберген А.Т.<sup>1</sup>  , \*Ибраева А.Д.<sup>2</sup> 

<sup>1,2</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Алматы, Қазақстан

e-mail: [aiaulym12.com@mail.ru](mailto:aiaulym12.com@mail.ru)



\*e-mail: [Ibraevaaizat@mail.ru](mailto:Ibraevaaizat@mail.ru)

## ИНТЕРМӘТІН ПОЭТИКАСЫНЫҢ КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

### *Аңдатпа*

Мақалада қазақ әдебиетіндегі интермәтін поэтикасының көркем мәтіндегі қызметі қарастырылады. Интермәтіндік тәсілдердің (цитаталық, аллюзиялық, пародиялық, реминисценттік) көрінісі мен олардың поэтикалық, экспрессивтік, апеллятивтік, метатекстік және ақпараттық қызметтері талданады. Тақырыптың өзектілігі қазіргі қазақ әдебиетінің постмодернизм кезеңінде интермәтіндік байланыстардың күшеюімен айқындалады. Зерттеу әдістері ретінде сипаттамалы, салыстырмалы және талдау тәсілдері қолданылды. Мақсаты – интермәтін поэтикасының көркем мәтіндегі рөлін ашу және оның көркемдік, эстетикалық маңызын айқындау. Зерттеу нәтижелері әдебиеттанудағы интермәтіндік бағыттың теориялық және практикалық негізін кеңейтіп, мәтінтану үдерісінде қолдануға мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** интермәтін, поэтика, постмодернизм, көркем мәтін, интертекстуалдылық, аллюзия, реминисценция

Кудайберген А.Т.<sup>1</sup> , \*Ибраева А.Д.<sup>2</sup>   
<sup>1,2</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
Алматы, Казахстан  
e-mail: [aiaulym12.com@mail.ru](mailto:aiaulym12.com@mail.ru)  
\*e-mail: [Ibraevaizat@mail.ru](mailto:Ibraevaizat@mail.ru)

## ПОЭТИКА ИНТЕРТЕКСТА В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ТЕКСТЕ

### Аннотация

В статье рассматривается поэтика интертекста и его функции в художественном тексте. Анализируются типы интертекста (цитатный, аллюзивный, пародийный, реминисцентный) и их поэтическая, экспрессивная, апеллятивная, метатекстовая и информационная роль. Актуальность темы определяется усилением интертекстуальных связей в казахской литературе постмодернистского периода. В качестве методов исследования использованы описательный, сравнительный и аналитический подходы. Цель исследования – выявить художественно-эстетическую значимость интертекстуальных элементов и определить их влияние на структуру художественного текста. Результаты могут быть использованы в теоретической и практической литературоведческой работе.

**Ключевые слова:** интертекст, поэтика, постмодернизм, художественный текст, интертекстуальность, аллюзия, реминисценция

Kudaibergen A.T.<sup>1</sup> , \*Ibraeva A.D.<sup>2</sup>   
<sup>1,2</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University  
Almaty, Kazakhstan  
e-mail: [aiaulym12.com@mail.ru](mailto:aiaulym12.com@mail.ru)  
\*e-mail: [Ibraevaizat@mail.ru](mailto:Ibraevaizat@mail.ru)

## THE POETICS OF INTERTEXT IN A LITERARY TEXT

### Abstract

The article examines the poetics of intertext and its functions in Kazakh literary works. It analyzes various types of intertext (citation, allusion, parody, reminiscence) and their poetic, expressive, appellative, metatextual, and informative functions. The relevance of the topic is determined by the growing role of intertextual connections in modern Kazakh postmodernist literature. The research employs descriptive, comparative, and analytical methods. The main purpose is to define the role of intertext poetics in literary texts and to reveal its artistic and aesthetic significance. The results contribute to the theoretical and practical development of intertextual studies in Kazakh literary criticism.

**Keywords:** intertext, poetics, postmodernism, literary text, intertextuality, allusion, reminiscence

**Кіріспе.** Қазақ әдебиетінің көркемдік тұрғыда өсуі, өзгеруі әр кезеңнің талаптарына сай шығармаларды жазу, тарихи оқиғалар, ерекшелікті қалаған авторлық стиль мен оқырман талғамы – жаңа дүние тудыруға басты себеп. Шығармашылық өнер форма жағынан, мазмұн мен тереңдік тұрғысынан үнемі талпыныстан туған жаңашылдықты, өзгешелікті әкеледі, дамып отырады. Көркемөнер атаулының барлығы дерлік уақыт тезіне салса, сан қырынан құбылуға даяр, қай тұстан таңсық дүние шықса қарманып, қылаң берген бір жаңаны көрсе өз бойына шақтап, икемдеуге, үстіне жаңаны жабыстырып, ескісімен үйлестіріп әкетуге әзір. Сызып берген шеңберден шықпау көркемөнерге тән емес, тіпті жат. Біз көркем әдебиеттің де дәл солай модернизм шеңберінен шығып постмодернизмге аяқ басқан тұсындамыз.

Модернизм жаңа болса, постмодернизм жаңадан кейінгі жаңа, өзін әр салада байқап көруге ұмтылған өзінше бірәлем. Әдебиет зерттеушілерінің пікірі постмодернизм турасында екіге айырылады. Бірі әлі нық бекіп, бағыт болып қалыптаспады десе, бірі бұл бағыт әлем әдебиетімен бір көште болу дейді. Академик С.Қасқабасов әлі де классикалық әдебиеттен ажырай қоймағанымызды, аталмыш бағыттың өндірісі өркендеген, ақпарат пен білім үстемдік еткен дәуірге тән екендігін айтып, әдебиетіміздің толыққанды бұл бағытты бағдарға алмағандығын айтады. Сол себепті постмодернизм әлі де жас, әлі де эксперименттерге ашық, әлі де құрақ көрпедей алуан, айрықша құбылыс. Постмодернизмнің қазақ әдебиетіндегі қазіргі жағдайы өзін бағыт ретінде дәлелдеу, нақты формасын табу және бекіту үдерісінде.

Әр бағыттың тек өзіне ғана тән, ерекшелігін көрсетіп тұратын көркемдік тәсілдері, белгілері бар. Постмодернизмдік бағыттың туындысы екендігін мынадай белгілеріне қарап ажыратамыз: интермәтін (мәтін ішіндегі мәтін), ирония мен ойын, полифония (көпүнділік, көпмағыналылық), шындық пен қиял араласуы, автордың өзін жоғалтуы (автор өлімі), децентризм (орталық негізгі ойдың болмауы), пастиш (стильдердің араласуы), релятивизм (салыстырмалылық, ақиқаттың абсолютті болмауы), мәдени кодтардың алмасуы, симулякр, мистика, хаос, композициялық құрылым сақталмауы, реминисценция және т.б. Бұл бағыттағы шығармалар стильде тұрақсыз, өзгеріске бейім, классикадан еркін, таптаурындардан ада, тосыннан басталу мен кілт үзілу, сана ағымындағы бейнелер мен кеңістік қалыпты болған, тұтастық пен бір идеяға басы байлылыққа ұмтылмайтын, эстетиканы мақсат тұтпайтын, қалай барды солай қабылдау ұстанымында. Бұл белгілерді төл әдебиетімізде О. Бөкей, М.Мағауин, Р. Мұқанова, Д. Амантай, Т. Әбдік, А. Кемелбаева, Р. Отарбай, А.Алтай, Д. Рамазан, Д. Қуат, Т. Қылышбек, Н. Нұржанұлы, Қ.Әбілқайыр сынды және т.б. қаламгерлер шығармашылығынан байқай аламыз.

**Әдістер мен материалдар.** Зерттеу барысында интермәтін поэтикасын талдауда сипаттамалы, салыстырмалы және мәтіндік талдау әдістері қолданылды. Негізгі материал ретінде қазіргі қазақ прозасындағы көркем мәтіндер алынды. Бұл әдістер зерттеу нысанын тереңірек түсінуге және интермәтіндік байланыстардың поэтикалық қызметін ашуға мүмкіндік берді.

**Нәтижелер мен талқылау.** Интермәтін (интертекст) – мәтін ішіндегі мәтін, мәтінаралық байланыс, мәтіндердің үндесуі, өзара алмастық тәсілі. Әлемдік әдебиеттануда термин ретінде француз зерттеушісі Ю.Кристева енгізгендігі және постмодерндік мәтін талдауда жиі қолданылатындығы айтылады. Бұл жөнінде Г.Сәулембек «Интертекст: зерттелу тарихы мен генеологиясы» атты мақаласында интермәтіннің әдебиеттің қазіргі ғана емес, түп негізі антикалық грек дәуірі өкілі Аристотелдің «мимесис-еліктеу» теориясымен байланыстырады және ұғымға мынадай анықтама береді: «Интертекстің арнайы тәсіл ретіндегі басты ерекшелігі мен негізгі мәні автордың саналы түрде басқа мәтіндерге (шығармаларға) мағыналық сілтеме беруі, өзге де мәтіндерден дәйексөздер (цитаталар) пайдалану арқылы немесе аллюзиялар, пародиялар, плагиат, реминисценциялар, т.б. тәсілдер арқылы жүзеге асуында болып табылады» [1]. Көркем әдебиеттегі мұндай алыс-беріс кез-келген жазушының өзіне дейінгі әдеби шығармаларға сілтеме жасауын түсіндіреді.

Көркем туынды авторының қандай да бір дүние жазуына алғышарт бір нәрсенің түрткі болуы. Яғни, автор бір шығармадан әсерленуі нәтижесінде сол шығармадан үзінділер келтіруі, анық не астарлы түрде ишара жасауы мүмкін. А.Байтұрсынұлы интертекст термині еңбей тұрып, шығармашылық ауысулар туралы пікір білдірген. «Ақыннан шыққан сөз жыршыдан жыршыға көшіп жүріп, өзгеріп те болған. Шығарған ақындарын да жоғалтқан батырлар жыры бір адамның сөзі болудан шығып, мың адамдікі, жұрттікі, ұлттікі болып кеткен. «Мәселен, «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр» сияқты батырлар жыры, «Қара батыр», «Қара қылыш» сияқты ертегілер ауыздан-ауызға көшіп, талай заманның түрінше түрленіп, халықтың салтымен, сарынымен бірге өзгеріп, ақынның атын, сөзінің байырғы белгісін жоғалтып, қазақ сөзі ғана болып келіп тұр. Мұндай сөздерге қазақтан басқа ие жоқ,

хатта ертеке сияқты сөздердің сүлдесі басқа жұрттан алынып, жыршылар аузында екінші жұрттың салтына, сарынына салынып кеткен болуы да ықтимал» – дейді [2, 109].

Сондай-ақ, нәзирагөйлік дәстүр де интермәтін ретінде қарастырылады. Нәзира – шығыстық поэзияға тән үрдіс. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде: «НӘЗИРАЛЫҚ с ы н. Нәзира дәстүрінде жазылған. Мұнда нәзиралық сипатпен қатар, еркін аударманың белгілері де бой көрсетіп отырады (С. Абдрахманов, Елдік сыны). Төл әдебиетімізде нәзира ықпалымен дүниеге келген, алайда басқа сыңайда қалыптасқан бағыт Шәкәрімнің «Дубровскийінен», Ақылбайдың «Зұлысынан» көрініс тапқан. Абайдың ортағасырлық Шығыс дастандарынан тамыр алатын «Ескендірінде» нәзиралық үлгіден гөрі «дара сипат» басым (Әдеб. терин. сөздігі)» [3, 509]. Абайдың шығыс әдебиетіне деген қызығушылығы нәтижесінде нәзиралық үлгідегі үш поэмасы жарық көрді. Ондағы сырттан келген сюжеттер төл әдебиетімізде Абай тілімен өңделді. Бұл жөнінде Ә.Дербісәлин: «Шығыстық аңыздар ақынның өз ойын баяндау үшін керекке жаратылған творчестволық құрал ғана. Ол оқиғаларды, адамдарды барлық мінез, істерімен, сөздерімен өзінің дағдылы идеясына сәйкес пайдаланды» [4, 4].

Мұндай көркем аударма жасау, халықтық тілге төселту – дайын дүниені басқа тілде беру ғана емес, автор жанынан сүзіліп шыққан туынды. Өз халқының ана тілде әлеммен танысуын мақсат еткен аудармашыға бұл өте үлкен шеберлікті қажет етеді.

Интертекстуалдылық барлық шығармаға тән дей алмаймыз және мұны көшіріп алу, өзгенің еңбегін барымталау сынды жаңсақ түсінік қалыптаспауы керек. Интермәтінділік бір шығармадан сөзтиек, ойқоспа келтіру арқылы оны толықтыра, кеңінен өрбіте түсуі де ықтимал. Кейде бір мәтіннен алынған бөлікке кейінгі буын жауап беріп, өз жанынан жаңаны жамап, оқырман санасында серпіліс тудырып жатады. Мәтіннің мәнісін, бояуын қанық етуге келтірінділер пайдалану жиған-тергендік те емес, ол жазушының жан сарайының кеңдігі, оқырманға дүниетанымына салған салмағы, өрелік тұрғыда биіктеу. И.В. Арнольдтің пайымдауынша, «...интертекстуальность состоит в том, что меняются субъекты речи, а благодаря этому значительно повышается импликационный и модальный потенциал текста и самый текст оказывается звеном в общей цепи культурного общения человечества» [5, 79]. Яғни, интертекстуалдылық дегеніміз – мәтінде сөйлеп тұрған адамдардың, ой иелерінің ауысуы. Осы құбылыс арқылы мәтіннің астарлы мағынасы мен эмоционалдық әсері күшейеді. Нәтижесінде, әрбір мәтін адамзат мәдениетінің өзара байланысқан үлкен тізбегінің бір бөлігіне айналады.

Интермәтінділікті келесідей амал-тәсілдерге жіктеуге болады.

1. Цитаталық интермәтін (тікелей дәйексөз, мақал-мәтел, өлең жолдары) – әдеби туындылардан өзгеріссіз, дәл сол күйінде үзінділер алынады және авторы аталады, түпнұсқаға сілтеме жасайды. Ахмет Байтұрсынұлының айтуынша «келтірінді сөз». Мұның жарқын мысалы ретінде Д.Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар», Ә.Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдары» (Абайдың өлеңінен цитата келтіреді).

2. Аллюзиялық интермәтін (тарихи, діни, мифтік, мәдени сілтемелер) – ишара түрінде сілтеме жасау тәсілі. Ол жаңа мәтіннің мазмұнын байытып, оқырманға ой салып, танымын тереңге, мәдени кодтармен байланыс орнатуына жетелейді, ассоциативті ойына әсер етеді. Абайдың «Ескендір» поэмасы (Александр Македонскийге сілтеме), А.Алтайдың «Туажат» (мифтік сілтеме), «Түсік» (Ер Төстікке сілтеме жасайды), М.Мағауин «Қасқыр-бөрі» (мифологиялық сілтеме) және т.б. аллюзиялық байланым көрінеді.

3. Пародиялық интермәтін (қайта жазу, ирониялық өңдеу) – бұрынғы мәтінге немесе белгілі бір әдеби дәстүрге әзіл, мысқыл, сын, ирония арқылы жауап беретін интермәтіндік байланыс түрі. Яғни автор өз шығармасында өзге мәтіннің құрылымын, сюжетін, стилін, кейіпкерлерін немесе идеяларын әдейі қайталап, оларды жаңа, көбіне сыншыл немесе күлкілі контексте қайта құрастырады.

4. Реминисценция (естелік сипаттағы байланыстар) – өзіне дейінгі мәтіннен саналы және бейсаналы түрде алынған элементтердің, мотивтердің қайталануы. Аллюзияға өте ұқсас бұл

тәсіл бұрынғы мәтінді еске түсіргізіп, нақты үзінділер келтіріп, мағыналық үндестік туғызады. Аллюзияда нақты үзінді, дәйексөздер болмай, ишара түрінде жанама сілтеме жасайды. Мысалы, «Бекторының қазынасы» әңгімесіндегі Бекторы ертегі кейіпкерінің есімі бола тұра, әңгімеде тағы қолданыс табуы реминисценцияның үлгісі бола алады.

Интертекстуалды элементтерді көркем мәтінге енгізудегі қаламгердің мақсаты туралы зерттеушілердің көзқарастары әртүрлі. Мәселен, Е. Михайлова интертекст енгізудің төрт негізгі мақсатына тоқталады:

1. **референциялық (сілтемелік) мақсат** – өзге мәтінге ишара жасау арқылы ақпаратты ықшам түрде жеткізу және оқырман санасындағы таныс образды белсендіру;

2. **бағалауыштық мақсат** – бөгде мәтінді автордың сол мәтінге деген оң немесе теріс, сыни көзқарасын білдіру құралы ретінде пайдалану;

3. **этикеттік мақсат** – өзіне дейінгі жазушыларға сый-құрмет білдіру, қоғамдық элитаның пікіріне жүгіну немесе қоғамда қалыптасқан мәдени нормаларға сай болу мақсатында таныс тілдік формаларды қолдану;

4. **декоративтік (көркемдеу) мақсат** – мәтінге цитаталар арқылы эстетикалық оң беру, эмоционалды әсерді күшейту және шығармаға даралық сипат дарыту [6, 23].

Егер біреу жаңа нәрсе ойлап тапқысы келсе, онда ол жаңалықты бекіту үшін оны бұрын айтылғанмен салыстыру қажет болады; ал егер туындыда жаңашылдық жоқ болса, белгілі бір ойды бұрыннан бар форма арқылы жеткізеді. Бұл көбіне автордың мәдени және семиотикалық мұрамен таныстығын көрсетеді. Осылайша, интертекстуалдылық көркем мәтінде көрініс табады және белгілі бір қызмет атқарады. Файзуллаева Х.Э. өзінің «Интермәтінділік және оның көркем әдебиеттегі қызметі» атты мақаласында мұндай сілтемелердің тілдік функциялармен ұқсас қызмет атқара алатындығын айта отырып, оны келесідей түрлерге ажыратады:

**Интертекстің экспрессивтік қызметі** – автордың өз мәтінінде басқа мәтіндерге сілтеме жасау арқылы өзінің мәдени және семиотикалық бағдарын, кейде прагматикалық ұстанымдарын білдіруі. Мұндай сілтемелер әдетте, әйгілі авторларға, санаға орнықты танымал шығармаларға бағытталуы мүмкін.

**Апеллятивтік (үндеу) және фатикалық (байланыс орнатушы) қызметі** – басқа мәтіндерге жасалған сілтемелер арқылы нақты бір оқырман тобына бағытталуы. Яғни, интертекстуалдық белгіні танып, оны дұрыс бағалай алатын және оның астарындағы ниетті түсінетін адресатқа арналған. Мұнда автор көпшілік түсіне бермейтін ақпарды тек айтпақ ойын түсінуші, астарын аңдаушы оқырманмен ғана байланыс түзеді. Бұл қаламгер мен оқырманның танымдық бірлестігін, ортақ мәдени, рухани жадқа ие екендігін білдіреді.

**Поэтикалық қызметі** көбінесе оқырманды интеллект ойынына жетелеу секілді көрінеді. Интертекстуалдық сілтемелерді тану – оқырман үшін қызықты ойын, сөзжұмбақ шешкенмен бірдей процесс. Бұл ойынның күрделілік деңгейі әртүрлі болуы мүмкін: бірден танылатын әйгілі шығармалардан алынған дәйексөздер, ал кейде мұндай сілтемелерді тек кәсіби зерттеушілер анықтай алады.

**Референттік (ақпараттық) қызмет** – ол сыртқы әлем туралы мәлімет береді. Бұл, басқа мәтінге сілтеме жасау кезінде, сол «сыртқы» (претекст) мәтіндегі ақпараттың автоматты түрде белсендірілуі арқылы жүзеге асады. Кейде ақпарат санада тек белгілі бір тақырыпта бұрын біреудің айтқанын еске салса, кейде сол мәтіннің тұтас концепциясын, формасын, стилін, аргументациясын, оны қабылдау кезінде туған эмоцияларды қайта жаңғыртуға дейін барады. Мұндай сілтемелер мәтінді стилистикалық тұрғыда биіктете де алады немесе керісінше, оның деңгейін әдейі қарапайым етіп төмендете алады.

**Метатекстік қызмет** – оқырман мәтіннің белгілі бір үзіндісін басқа мәтінге жасалған сілтеме ретінде таныса, оның алдында екі таңдау пайда болады:

– не мәтінді ары қарай оқи береді де, бұл үзіндіні сол құрылымның табиғи бөлігі ретінде қабылдайды;

–не мәтінді тереңірек түсіну үшін жадысын қозғап үзінді сілтеп тұрған бастапқы мәтінді (претексті) еске түсіреді.

Осы жағдайда, танылған үзіндіні дұрыс түсіну үшін оның бастапқымәтінмен байланысынанықтау қажет. Яғни, сол үзіндіге түсініктеме беру үшін ол алынған түпнұсқа мәтінге жүгіну керек. Бұл кезде түпнұсқа мәтін – осы үзіндіге қатысты метатекстік қызмет атқарады. Мұндағы метатекст деп отырғанымыз, мәтіннің өзін өзі түсіндіруі. Мысалы, «осы мақаланың негізгі бөлімінде интермәтін қызметі талданады» пікірі жалпы мақала туралы түсіндірме береді, яғни мәтін туралы мәтін. Яғни, интертекстуалдық байланыс – бір мезетте әрі «мәтінішіндегі мәтін», әрі «мәтін туралы мәтін» құрылымын білдіреді [7].

Өзіндік ерекше бояуы бар шығармашылық иесі, бірегей жазушы Асқар Алтай «Түсік» әңгімесінде интертекстті шебер кіріктіре білген. Оқиға бел ортадан, беймәлім кейіпкердің түс көруімен басталады. Түсінде жатырға біткен бір кесек етке айналған кейіпкер түсініксіз халде қауіпке ұшыраған. Бұлай түс көруінің себебі әрі қарай ашыла түседі. Қысқаша мазмұны бойынша Бибол есімді жігіт өз әйелі бола тұра, басқа қызбен көңіл қосып жүреді. Сол арада екі әйел де құрсақ көтеріп, Бибол екі оттың ортасында қалады. Ол үшін алдырып тастау – барлық нәрсенің шешімі. Бибол түсінде түсікке айналып, жатыр ішінде егізі барын байқайды.

Егізім деп қуанғаны мұны қылқыңдыра бастайды. Сол сәт Биболдың жан алқымынан алғанда, сәби санаға сіңген өлең жолдарын айта бастайды.

– Шықпасын деп мал күрбан,

Ұшпасын деп шыбын жан...

Сыңарым деп сағынған,

Тұмарым деп тағынған,

“Жалғызым” деп жағынған...

“Егізім” деп жалынған,

Қоя бер мені, егізім! – [8]

Автор кейіпкерге осыны айтқызу арқылы «Ер Төстік» ертегісіне сілтеме жасайды. Ертегідегі

Ерназар байдың жалмауыз кемпір қолынан босап шығу үшін қысылтаяң сәтте:

Оған разы болмасаң,

Сойылдай сегіз ұлым бар,

Менде қандай құның бар,

О да болсын сенікі,

Бір әділ жан менікі.

Жібере көр, шешеке! - дейді. [9, 18].

Бұл интермәтін Асқар Алтай әңгімесінде түрленіп келсе де, түпкі пішімін жоғалтпай сақтап тұрғандығы себепті қай шығармаға тән екендігін тану қиынға соқпайды. Әңгімеде интермәтіннің аллюзиялық түрі, поэтикалық және психологиялық қызметі көрінеді. Келтірінді мәтін шығарманың эмоциялық реңкін күшейтіп, оқырманға әсерін арттыра түскен.

**Қорытынды.** Қорытындылай келе, көркем мәтін құрылымында өзге мәтінмен байланыс орнату тек тәсіл ғана емес, мәдени-рухани сабақтастықтың, тарихи жад пен шығармашылық дәстүрдің үздіксіздігін көрсететін көркемдік құрал. Интертекстілік қаламгердің дүниетанымдық көзқарасынан хабар беріп, ұлттық және мәдени кодтарға сүйене отырып, оқырманның интеллектуалдылығын белсендіреді. Жоғарыда келтірілген жіктеулер қазақ әдебиетіндегі интермәтін поэтикасының қызметі тұрғысынан толыққанды талдаулардың аздығын көрсетеді.

Көркем туындыдағы интермәтіндік элементтер поэтикалық, экспрессивтік, метамәтіндік, апелляциялық (үндеу), ақпараттық қызмет атқарады, мәтіннің танымдық, эстетикалық, мәдени




маңызын арттырады. Осы арқылы автор өз шығармасы арқылы бүгін мен кешегіні тоғыстырып, жаңашылдықты ұсынады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Сәулембек Г.Р. *Интертекст: зерттелу тарихы мен генеологиясы // Фарабидің рухани мұрасы мен қазіргі заманғы Шығыс атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары.* – Алматы, 2019. – Б. 141–145.
2. Байтұрсынов А. *Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер.* – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
3. Манкеева Ж., Бизақов С., Жүнісбек Ә. және т.б. (құраст.). *Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 11 том.* – Алматы, 2011. – 752 б.
4. Сұлтанбеков М. *Ақын поэмаларының жазылу тарихынан // Семей таңы.* – 1970. – 4 б.
5. Арнольд И.В. *Стилистика. Современный английский язык: Учебник для вузов.* – 4-е изд., испр. и доп. – Москва: Флинта, Наука, 2002. – 383 с.
6. Болсуновская Л.М., Баранова А.В. *Частотность, типы и функции интертекстуальных связей в научных текстах (на материале статей из журнала «Советская геология») // Вестник ЧитГУ.* – 2011. – №10 (77). – С. 21–26.
7. Файзуллаева Х.Э. *Интертекстуальность и ее функции в литературе // Oriental Renaissance: Innovative, educational, natural and social sciences.* – 2024. – Т. 4, №11. – С. 441–445.
8. Асқар А. *Түсік. Bilim-All.kz, 07.10.2018. [Электрондық ресурс].* – URL: <https://bilim-all.kz/article/7561-Tusik> (қол жеткізілген күні: 01.11.2025).
9. *Бабалар сөзі: Жүзтомдық.* – Астана: «Фолиант», 2011. Т. 75: Батырлық ертегілер. – 424 б.

*References:*

1. Saulembek G.R. (2019). *Intertekst: zerttelutarihy men genealogiyasy [Intertext: history of research and genealogy]. Farabin ruhani murasy men kazirgi zamangy Shygys» atty halykaralyk, gylimi-praktikalyk, konferentsiya materialdary. Almaty. 141–145. [in Kazakh]*
2. Baitursynov A. (2003). *Adebiyet tanytqish. Zertteu men olender [Literary studies. Research and poems]. Almaty: Atamura. [in Kazakh]*
3. Mankeeva Zh., Bizakov S., Zhunisbek A., et al. (Comp.). (2011). *Kazak adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]. Vol. 11. Almaty. 752 p. [in Kazakh]*
4. Sultanbekov M. (1970). *Akyn poemalarynyn zhazyly tarihytan [From the history of writing poets' poems]. Semeitany, p. 4. [in Kazakh]*
5. Arnold I.V. (2002). *Stilistika. Sovremennyyi angliiskii yazyk [Stylistics. Modern English language] (4th ed., revised and expanded). Moscow: Flinta; Nauka. [in Russian]*
6. Bolsunovskaya L.M., Baranova A.V. (2011). *Chastotnost, tipy I funktsii intertekstualnykh svyazei v nauchnykh tekstakh (na material statei iz zhurnala “Sovetskayageologiya”) [Frequency, types and functions of intertextual connections in scientific texts (based on articles from the journal “Soviet Geology”)]. VestnikChitGU, 10(77), 21–26. [in Russian]*
7. Faizullaeva Kh.E. (2024). *Intertekstualnost' i ee funktsii v literature [Intertextuality and its functions in literature]. Oriental Renaissance: Innovative, Educational, Natural and Social Sciences, 4(11), 441–445. [in Russian]*
8. Askar A. (2018). *Tusik [Miscarriage]. Bilim-All.kz. Retrieved November 1, 2025, from <https://bilim-all.kz/article/7561-Tusik> [in Kazakh]*
9. *Babalar sozi: Zhuztomdyk. (2011). [The word of ancestors: One hundred volumes]. Vol. 75. Batyrlyk ertegiler. Astana: Foliant. [in Kazakh]*

\*Насирдинов Б.П.<sup>1</sup> , Өмірзақов С.Д.<sup>2</sup> , Бибулова М.А.<sup>3</sup>   
<sup>1,2,3</sup>М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті  
Шымкент, Қазақстан  
\*e-mail: NBP\_D@mail.ru  
e-mail: sattar.kazgurt@mail.ru  
e-mail: bibulova79@bk.ru




## М.МЫРЗАХМЕТҰЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ АБАЙДЫҢ «ТОЛЫҚ АДАМ» ІЛІМІ

### Аңдатпа

Мақалада М.Әуезов зерттеулерінде Абайдың шығысы туралы жалпылама айтылған, тереңдете зерттеуге мүмкіндік бермеген уақыт бедеріне сын көзімен қарап, астарлай айтылған тезистік ойларын тереңінен түсінген профессор М.Мырзахметұлының Абайдың шығысы туралы ойларына қысқаша талдау жасалынды. Б.з.д., дәуірлерде туып қалыптасқан өлең теориясына қатысты мәселелерге талдау жасаған әдебиетші-ғалымның зерттеулерінен түйген түйінді ойлары талданды. ХІХ ғасырдағы оқыту жүйесіне шолу берілді. Осы ғасырда қатты өрістеген жәдид оқуының қадімше оқытудан негізгі ерекшелігі айқындалды. Күнделікті өмір ағынына ілесе алмаған ескі оқу жүйесінен түбірлі өзгерістері айқындалып, ғасыр басындағы қадімше оқытудың діни схоластикаға негізделгені, «қасб» іліміне бағыт ұстанғандығы ашылып көрсетілді.

Абайдың хауас жайлы өлеңдері мен қарасөздерінде көтерілген аса қиын таным-түсінігін ашудағы М.Мырзахметұлы дәлелдеген термин сөздердің мән-мағынасы ашылып, талдауындағы ерекшеліктер көрсетілді. Профессор М.Мырзахметұлы негіздеп енгізген Абайдың «толық адам» іліміне өзек болған (ақыл, қайрат, жүрек) таным-түсініктің қалыптасу негіздері айқындалды. Абайтану пәні ұлт руханиятына тірек болар идеологиялық негіз екендігі ашылды.

**Түйін сөздер:** Абай, қадімше және жәдидше оқыту жүйесі, Әуезов зерттеулері, профессор М.Мырзахметұлы, шығыс әдебиеті, өлең өлшемдері, «толық адам» ілімі

\*Насирдинов Б.П.<sup>1</sup> , Умирзақов С.Д.<sup>2</sup> , Бибулова М.А.<sup>3</sup>   
<sup>1,2,3</sup>Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова  
Шымкент, Казахстан  
\*e-mail: NBP\_D@mail.ru  
e-mail: sattar.kazgurt@mail.ru  
e-mail: bibulova79@bk.ru

## НАУКА АБАЯ «НРАВСТВЕННАЯ ЛИЧНОСТЬ» В ИССЛЕДОВАНИЯХ М. МЫРЗАХМЕТҰЛЫ




### Аннотация

В статье кратко анализируются мысли профессора М. Мырзахметулы о творчестве Абая, которые в обобщенном виде изложены в исследовании М. Ауэзова, критически исследовавшего не позволявший глубокого изучения временной период и глубоко осмыслившего высказанные в реферате диссертационные идеи. Проанализированы основные идеи, почерпнутые из исследований литературоведа, анализировавшего вопросы, связанные с теорией поэзии, возникшие в эпоху до н.э. Был дан обзор системы образования в ХІХ веке. Выявлено основное отличие традиционного образования от современного образования,

которое получило бурное развитие в этом столетии. Раскрылись радикальные изменения в старой системе образования, которая не успевала за течением повседневной жизни, и выяснилось, что традиционное образование начала века основывалось на религиозной схоластике и ориентировалось на учение «касб».

Раскрыты значения терминов и выражений, которые использовал М. Мырзахметулы для объяснения чрезвычайно сложных понятий, поднятых в стихах и изречениях Абая о хавасе, показаны особенности его анализа. Были выявлены основы формирования знаний и понимания (разум, сила, сердце), составляющие ядро учения Абая о «целостном человеке», представленного профессором М. Мырзахметулы. Выявлено, что предмет Абаеведения является идеологической основой, способной поддерживать духовность нации.

**Ключевые слова:** Абай, система образования «Кадым» и «Джадид», исследования Ауэзова, профессор М. Мырзахметулы, восточная литература, стихотворные размеры, учение о «целостном человеке»

\*Nasirdinov B.P.<sup>1</sup> , Umirzakov S.D.<sup>2</sup> , Bibulova M.A.<sup>3</sup>   
<sup>1,2,3</sup>M.O. Auezov South University  
Shymkent, Kazakhstan  
\*e-mail: NBP\_D@mail.ru  
e-mail: sattar.kazgurt@mail.ru  
e-mail: bibulova79@bk.ru

## SCIENCE OF ABAI "MORAL PERSONALITY" IN THE RESEARCHES OF M. MYRZAKHMETULY

### *Abstract*

This article briefly analyzes Professor M. Myrzakhmetula's thoughts on Abai's work, summarized in M. Auezov's research, which critically examined a time period that precluded in-depth study and deeply reflected on the dissertation ideas expressed in the abstract. The article examines the key ideas drawn from the literary scholar's research, which examined issues related to poetic theory that arose in the BC era. An overview of the 19th-century education system was provided. The key differences between traditional education and modern education, which experienced rapid development in that century, were identified. Radical changes in the old educational system, which had failed to keep pace with the pace of everyday life, were revealed, and it was revealed that traditional education at the beginning of the century was based on religious scholasticism and oriented toward the teachings of the "kasbahs."

The meanings of the terms and expressions used by M. Myrzakhmetuly to explain the extremely complex concepts raised in Abai's poems and sayings about khavas are revealed, and the features of his analysis are shown. The foundations of knowledge and understanding (mind, strength, heart) were identified, forming the core of Abai's teaching on the "integral man," as presented by Professor M. Myrzakhmetuly. It was revealed that the subject of Abai studies is an ideological foundation capable of supporting the nation's spirituality.

**Keywords:** Abai, the Kadymshе and Jadidshе education systems, Auezov's research, Professor M. Myrzakhmetuly, Eastern literature, poetic meters, the teaching on the "integral man"

**Кіріспе.** Абайды және Абайға дейінгі ақындар мұраларын терең білген М. Әуезов «Абайға шығыстан кірген бұйымдардың басы ислам діні» деп көрсеткені мәлім. Патшалы Ресей империясы қазақ даласын отарлауды күшейткен ХІХ ғасырда идеологиялық құрал ретінде де ислам дінін қатты пайдаланды. Патша өкіметі қазақтың сана-сезімін оятып алудан қорқып, рухани болмысы бұзылмаған елді мәңгілік жабайылық тұтқынында ұстау үшін барын салды.

Мешіт-медреседегі ескіше оқыту жүйесін қолдауы, діни кітаптардың миллиондап басылуы осыны көрсетіп еді.

XIX ғасырдың соңында күшейген патшалы Ресей отарлауы қазақ даласын жан-жағынан рухани дүниетанымын тұмшалап, қараңғылық қапасынан шығармаудың бір кілті деп саналған ескі қисса-дастандарды қайта-қайта бастырып, таратуы – қазақтың тарихи санасын оятпаудың негізгі кілтіне айналды. Осы бағыттағы тағы бір кілттипанның өзектісі – білім беру жүйесіндегі қадімше оқыту жүйесі туралы талас-тартыстың күшеюі болатын. XIX ғасырда Қырымда ел санасын оятқан И.Гаспралы негіздеген «жадид оқуы туралы» жасаған реформасы Қазақстан мен Орта Азияда қызу қолдау тапты. Сонымен «жадид» оқытуы мен «қадімше» оқыту жүйелерінің ерекшелігі неде болды. Алдымен осы мәселеге қысқаша болса да назар аудару керек секілді.

Ескі медреселерде қандай пәндер оқытылды. Алдымен осыған тоқталайық. Онда: Құран Шәриф, қырық хадис, мұқтасар, бидан, наху (араб тілінің синтаксисі), ахлақ (этика), мантық (логика), Сопы Аллаяр, Шарқ Ғабдолла кітаптары, фиһқ (мұсылман құқығы), Ислам дінінің шарттары, жағрапия т.б діни-шарғи білімге негізделген ескі дін ғалымдарының кітаптары (негізінен араб ғалымдарының еңбектері) арнайы діни жүйемен оқытылып келсе, XX ғасырдың басына қарай ол жүйе күнделікті сұранысқа жауап бере алмай қалды [1, 22, 38-47]. Осыдан келіп, дін өкілдеріне, қазы, молдаларға қарсылық күшейді. «Қасб» іліміне негізделген, саған тек Құдай ғана көмектесе алады, маңдайыңа жазылған жазмышты өзгерту адам баласының қолынан келмейді, өмірінді тек құлшылыққа негізде деген танымнан аса алмады. Бұл таза діни схоластикаға негізделген түсінік болатын. Қадім жүйесінің сыртқы саясатпен ешқандай араласы болмады. Ал жадид оқытуы ше? ХҮІІІ ғасырда көтеріле бастаған бұл оқыту жүйесі жаңа ағым мен жаңашылдыққа бейімделуімен бүкілхалықтық қолдауға ие болды. Мұнда қасиетті Құран шарттары, Хадистер (қасиетті Мұхаммед пайғамбарымыздың айтқан сөздері мен жасаған іс-амалдары), риторика (шешендік өнер), мантық (философия), математика, ислам құқығының негіздері, жағрафия (күннің шығуы мен батуы аралығындағы күнделікті өмірде кездесетін табиғи құбылыстар: самалдың соғуы, желдің екпіні, шөптің шығуы, сарышұнақтың ін қазуы, қойдың маңырауы, сиырдың мөңіреуі, түйенің боздауы, жылқының кісінеуі, иттің үруі, судың тасуы, жаңбырдың жаууы, бұлттың көшуі т.б.) құбылыстардың өзгеруі секілді құбылыстарға қарап, бабаларымыз көктемнің көктеуін, жаздың жайдарылығын, күздің күздеуін, қыстың қыстауын анықтап, күнделік өмір салтын негіздеп отырды.

Жәдид мектептерінде шәкірттер «Әптиек», «Құран», «Шар кітап», «Сопы Аллаяр» кітаптарына қоса, Қожа Хафиз, Науаи, Физули, Фирдоуси, Фаузи Ажатбеки, Фікір Айдани сияқты кітаптарды да оқып бітірген. Хафиз, Науаи т.б. жеке кітап ретінде оқытылуы ХҮІІІ-XIX ғасырлардағы оқытылу жүйесінің әлі де терең зерттелуге тиіс екендігін көрсетсе керек. Абайдың замандастарына таңдау пәні секілді бұл кітаптардан соң қырық сегіз кітаптан құралған «Мұқтасар» деген кітаптың алғашқы төртеуін – «Кітаби тарат», «Кітаби салат», «Кітаби закат», «Кітаби никаны» оқу XIX ғасырда оқыған шәкірттерге таңсық болмаған.

**Әдістер мен материалдар.** Мақаланың зерттеу объектісіне сәйкес тарихи-әлеуметтік, құрылымдық-сипаттамалық, герменевтикалық, психоаналитикалық, кешенді көркемдік талдау әдіс-тәсілдері ғылыми басшылыққа алынды.

**Нәтижелер мен талқылау.** Абай шығыс тілдерінен шағатай тілін өте жақсы меңгерген. Алғашында қиналықырап түсінген араб, парсы тілдерін кейіннен толық меңгеріп кеткендігін М. Әуезов те, М. Мырзахметұлы да айтады [2, 40].

Медреседе оқыған баланы халық молда атандырған. Ол – оқыған, сауатты деген ұғымнан шығып қалыптасқан. М. Әуезов Абайдың оқыған кітаптарына да мәлімет келтірген. «Абай жолының» бірінші томында бес, екінші томында жеті, үшінші томында тоғыз, төртінші томында он төрт кітаптың атын атаған, жалпы саны қырық шақты дейді профессор М. Мырзахметұлы «Абай және Шығыс» еңбегінде айтады [2, 9].

Жадидше оқытудың қазақ оқығандарының танымына әсері қатты болғандығын Оңтүстік өңірінде ишан-шайырлардың, молда ақындардың көптеп шығуынан да көреміз. Мәселен Икрам ишан, Аппақ ишан, Құлымбет ишан секілді шайырлардың бір-бір томдық назымдары біздің қолымызда тұр. Ал Сүйіндік, Жылқыбай, Қалыбай, Италмас, Нұралыны да ел ішінде молда атандырған. Ал молда Ерімбет, молда Сәли, молда Перделерде діни тақырыптағы мұралары көп болуы себепті оларда теологиялық тақырыптар молдау [3,1,2,3,4,5,6 пп].

М.Әуезов мұрасының жинақталған тезистік ойларынан суыртпақтап сыр тартып, қаншама ғылыми деректерді қолымызға ұстатқан профессор М.Мырзахметұлы: «Абайдың жұмбағы оның шығысында жатыр деп білемін. Өйткені Абай мұрасындағы «Толық адам» іліміне, оның адам атаулыға рухани жағынан тазартушы құбылыс ретінде тарихқа енуінде сыр жатқанын абайтанушы ғалымдардың өзі де ұғына бермейді. Оның себебі олардың 1949 жылғы СОКП ОК-нің космополитизм туралы қаулысының қатаң талабына шырмалып қалуында жатыр. Осы қаулыдан кейін Абай мұрасының шығысына пікір айтып ғылыми зерттеу жүргізуге тыйым салынды. Тыйым салынбаған күннің өзінде ол саланы тереңдеп зерттеп кетуге Мұхтар Әуезовтен басқа ғалымдардың даярлығы да жоқ еді. Тіпті, Абай мұрасында жиі ұшырайтын исламияттық терминдердің өзін танып білу қиынға соқты. Бұл кедергі Абайтанудан төселіп қалған менің өзіме де оңай соқпады. Бірде Өзбекстанның Сырдария облысында ашылған Ғафур Ғұлам атындағы пед. институтында сабақ өткізіп, Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін талдап жатқан кезде бір студентім кенеттен: – Ағай, осы өлеңдегі Ғұламаһи Дауани кім? – деп сұрақ қойып қалғанда, сасып қалып, ол көп оқыған ғұлама кісі ғой деп жалтардым. Өзім ішімнен қатты қысылып, Абайдағы кісі аттары мен шығыстық термин сөздерге ертерек назар аударып, зерттей бастадым. Осылай қызыға жүріп ізденіс үстінде «Толық адам» терминінен ерекше мән беріп жан-жақты іздестіре бастадым. «Толық адам» сөзінің мән-мағынасын ашам деп жүріп, аса күрделі, терең сырға толы «жауанмәртлік», «иманигүл», «жан қуаты», «хауас» т.б. термин сөздердің мән мағынасын танып білу арқылы «Толық адам ілімінің» өзіндік жүйесін бұл терминдердің толық адам ілімімен іштей байланысы барын аңғардым. Әуелге кезде «Толық адам» ілімін мұсылмандық шығыс әдебиетінде көбірек сөз болатын «Камили инсани» ұғымымен оның жауанмәртлік саласымен ұштастыра қарадым. Қазіргі кезде толық адам ілімін өз алдына сегіз ЖОО-да «Абай: Толық адам ілімі» деп аталатын оқулық арқылы сабақ жүргізіп келеміз. Әрі толық адам ілімінің төркіні, оның бастау көзінің араб-парсы әлемінде XII ғасырда болмауы себепті әрі бұл ілімнің бастауы біздің заманымызға дейінгі YII ғасырда пайда болған ұлттық рухани қазынамыз деген байламға келдік. О бастағы бастау көзі «Ақи – жомарт» деген танымда жатса, жалғасы XI ғасырдағы «Жауанмәртлік ілімімен ұштасады (Ж. Баласағұн «Құтты білік»), XII-XIII ғасырда Иасаудің «хәл» ілімінде көрініс берсе, дәстүрлі жалғасы Абайдың «Толық адам ілімі» мен Шәкәрімнің «Ар ғылымында» өз көрінісін беріп отыр. Әрине, өте күрделі әрі ғасырларды қамтитын толық адам ілімін оқырмандар мен министрліктердің бірден түсініп кетуі екіталай. Еуропалықтардың қолында мұндай ілімнің ізі де жоқ. Қазіргі күнде еуропалықтардың мінез-құлқы бұзылып, жазылмас қасіреттен шығып кетуі қиынның қиынына айналып отыр. Жасыратыны жоқ, Еуропаға сырттай еліктейтін жастарымызға олардың жат қылықтары әсер етуде. Жастарды одан құтқаратын яғни мінез-құлқытағы келеңсіздіктерден тазартатын рухани құрал Абайдың «Толық адам» іліміне тіреліп тұр. Мұны бүгін танып білмесе, ертең білеріне сенімдіміз. Өйткені Абайдың «Толық адам» ілімі ұлттық идеологияның негізіне айналып болашақта мемлекетіміз ұстанатын моральдық кодекстің іргетасына қаланары анық. Ал «Абай: Толық адам ілімі» барлық оқу орындарының бәрінде оқытылуы уақыт талабы. Өйткені кісілік негізін бұзып жатқан батыстық қасіретке шалдыққан ұрпақты рухани жағынан тазартып кісілік жолына бағыттар бұл ілім күн тәртібіне қойылып отыр» – деп атап көрсетуінде үлкен мән бар [4, 37-39].

М. Мырзахметұлы «Шығыс классиктерінде, әсіресе, Науаида, Қ.А. Ясауиде мейлінше мол қолданылған ғаруз ұйқасын алып, Абай мүлдем жаңа өлең өрнегін жасаған» – дейді. Және бұл өлең өрнегі б.з.д. дәуірлерде болған өлең үлгілерінде жатқандығын айтады [2, 33].

Абайдың шығыс әдебиетінде ғасырлар бойы үстемдік еткен суфизм әдебиеті тарихында орын алған сам,а (суфизмнің, өз идеясын уағыздауға поэзияны, музыканы, биді тану әрекеттері) жайлы құбылыстың табиғатын жақсы танып, оның шығу тарихынан хабардар болғаны байқалады [2, 26]. Бұл ағым IX ғасырда пайда болып, өріс алған. Мұны да ескертіп өткен ғалым оның себебін де ашып көрсетеді. Осы үш түрлі бағытты қатты ұстанған шығыс идеологтары халық санасына әрі оңай әрі тез сіңуін ойлаудан туғандығын да ескертіп өтеді. Бұған мысалы А.Ясауидің «Ақыл кітабының» жазылуын еске алсақ та жеткілікті. Мәт уезіні күшейіп тұрған кезде, бармақ уезінімен жазуды мансұқтап тұрған кезде А.Ясауидің дәл осы екі өлшемді батыл енгізуі кездейсоқ емес-тін. Тіпті қасиетті «Құранның» жазылу тарихына көз жіберсек те жеткілікті болар дейміз. Сонда поэзия – қоғамдық пікірді білдіруде қай кезде де өтімді құрал болған.

Профессор М.Мырзахметұлы түркі тілдес шығыс классиктерінің өлең өрнектерінің қазақи табиғатына сай түрлендіріп отырғандығын да арнайы талдай келіп, мұсылмандық шығыста екі ағымның өріс алғандығын, бірі – түршілдікті шешуші орынға қойған Жаһиз (868 ж.) бастап, ибн-Рамик (1015-1070 жж.) жалғастырған. Ал мазмұнды шешуші орынға қойған әл-Журжани (XI ғасыр) «Асрар ул-балаға» еңбегінде батыл көтерген дейді. Бұл пікірін профессор Ғ.Сағдидің «Мұсылмандық шығыста (әсіресе араб әдебиетінде) көрініс берген өте бір-біріне қарама-қарсы болған теориялармен Науаи да, Абай да жақсы таныс болған... Екінші жағынан, ибн-Халдуннің «Ал-Мухамадиясы» Абайдың өз кітапханасында болғаны мәлім» деген пікірін берген [2, 42].

М.Мырзахметұлы Абайдың өлең үлгілерін шағатай әдебиетінен алып, қазақ әдебиетіне енгізген жаңалығы «Білімдіден шыққан сөз», «Келдік талай жерге енді» секілді екі өлеңінде жатқандығын баса айтады. Бұрынғы дәстүрлі қара өлең өрнегімен емес жеті буынды өлең түрінде келуін Абайдың қазақ поэзиясына енгізген үлкен жаңалығы деп біледі.

Білімдіден шыққан сөз,

Талаптыға болсын кез.

Нұрын, сырын көруге,

Көкірегінде болсын көз.

Ұқпасын ба сөзді тез...

Түзелмесін білген ез... [2, 115-116].

Иран әдебиетінде жарық көрген «Фаранг фарси» кітабында Алып Ер Тоңа бабамызға арналған жоқтаудағы ұйқас түрінің қалыптасу тарихын шығыстанушы ғалым Ислам Жеменей бауырымыз аударып, қазақ әдебиеті тарихына қосқан еңбегінде дәлелдеп те беріп еді. Б.з.д., дәуірлерде әлемді тітіреткен алып Тұран империясының патшасы Афрасиябты Иран патшасы еш ала алмайды. Соғысса жеңіледі, жекпе-жекке шыдамайды. Амалы құрыған Иран патшасы Кей-Қысырау Афрасиябты алдап, қонаққа шақырып, у беріп өлтіреді. Бұл қазаны естіген Тұран даласы күңіреніп кетіп, «Алып Ер Тоңаны» жоқтау жырын шығарған. Кейін М.Қашқаридің сөздігіне екі жүз жолдайы енгізілген. Сол жоқтауда ғаруз ұйқасының сілемдері жатқандығын профессор М.Мырзахметұлы өлең өлшемдерінің қалыптасу негіздерімен дәлелдеп, көрсетіп те береді. Сонда біздің поэзия өлшемдерінің қайнар бұлағы б.з.д., дәуірлерде жатқан жоқ па?!

Алл эр Тоңа өлдіму,

Әсіз ажун қалдіму,

Озлак очун алдіму,

Эмді журак іртілар [5, 12].

Бұл туралы ғалым Абай өлеңіндегі буын, бунақ, ұйқастардың және соңғы жолдағы ұйқастардың бірінғай үндесіп келуін дәлелдеп, көрсетіп тұрғандығын, осы екі аралықтағы

сапалы өзгерістің түбірлі өзгеріске түскендігі тек Абайға тән тың, соны жаңалық екендігін ашып көрсетеді. Бұл – Абайдың әдеби кітапханасының қаншалықты тереңдігін (араб, парсы, шағатай тіліндегі) еңбектердің көптігін, әдебиет теориясынан қаншалықты хабардар екендігін көрсетіп қана қоймайды, соларды оқып, біліп, түсініп, өз заманының болмыс-бітімі мен келер ұрпақ танымының қалыптасу ерекшелігін де болжап, қорытынды жасай алған ақынның практикалық даярлығынан да оқырманды хабардар етеді. Қазақ әдебиетінің қалыптасуына ықпал жасаған нәзира дәстүрі, шығыстық сарын-белгілер туралы М.Әуезовтен бастап, Ә.Қоңыратбаев, М.Мырзахметұлы, А.Қыраубаева, Р.Бердібай, Ө.Күмісбаев, Б.Әзібаева, М.Әліпхан секілді ғалымдар өнімді еңбектер берді. Бұл дәстүр-әсердің жас Абайдың бойында да болғанын, оның әсер-ықпалын, қалыптасу болмысын профессор М.Мырзахметұлы саяси-идеологиялық тұрғыдан жан-жақты ашып көрсетеді. «...имандай ұйып сенген космополитизм туралы қаулының басты мақсатының бірі, әсіресе, түркі тілді халықтардың ғасырлар бойы шығыстың рухани қазыналарымен тікелей қарым-қатынаста болып қалыптасқан тарихи жадынан қол үздіру, екі аралықтағы рухани байланыстың көпірін бұзып, оның орнына тек қана орыстық қалыптағы рухани дүниені күштеп ендіруде жатыр екен...» [2, 7]. «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының болмысындағы өзгерістерге байланысты туындаған шығыстық қисса-дастандардың қазақ даласына келудегі бастау алар түп-төркіні жағынан қарастырғанда олардың үш ошағы... барлығы байқалады» деп тарата талдап көрсетеді [2, 14]. Олар:

1. Көне Үнді, араб халықтары әдебиетінен ауысқан шығармалар;
2. Парсы әдебиетінен алынған шығармалар;
3. Түркі тілдес туысқан халықтар әдебиетінен ауысқан шығармалар.

Бұл дәстүр-белгінің әсіресе, қазіргі Оңтүстік Қазақстан мен Сыр бойында туған әдеби мұралардан көптеп кездестіре аламыз. Өйткені, мәдениеттер алмасуындағы бұл өзек-тірек аталған өлкелердің Ұлы Жібек жолының бойында жатуынан еді.

Мұндай мәдениеттер тоғысуынан туған шығармалар жөнінде М. Әуезов те мол хабардар болған. Мәселен, М. Әуезов Абайдың шығыстан алып дамытқан нәзира белгілері оның үш поэмасында («Әзім әңгімесі», «Масғұт», «Ескендір») анық көрініс беріп жатқандығын еске алса, профессор М.Мырзахметұлы әсіресе «Мың бір түннен» алынған «Масғұт» поэмасы Абай шығармаларында көбірек ой толғайтын «толық адам» М.Әуезовте (нравственная личность) жайындағы танымын таратуында да нәзирагәйліктің ықпалы болған деп қарайды. Әсіресе, Қызыр шал ұсынатын ақ (ақыл), сары (дәулет-бақ), қызыл (ғашықтық сезім немесе жүрек) жемісін ұстатқанда кейіпкердің қызыл жемісті таңдауы – Абайдың о бастағы ұстанымы – жүрек культінен-ақ көрінбей ме?! Жалпы Абай поэзиясында «жүрек культі басым болуы себепті, имани гүл, үш сүю танымымен байланысты құбылыс екенін ерекше ескерген жөн» дейді [2, 122].

Ал «Ескендір» поэмасын жазуда ұлы классиктерге тән тарихи шеберлікті меңгергендігін айтып, ақынның өзі қадірлеген атақты шығыс шайырлары Низами, Науаи, Физулилерді атаған [2, 37].

Абайдың қарасөздерінде поэзиясында айтылмаған біраз мәселелер көтеріліп отырылады. Мұның себебі, сол Абай өмір сүрген дәуірдегі қоғамдық ой-сананың көрсеткішінен-ақ тауып алуымызға болады. Абайға тән ерекшелік: ол жан мен тәнді бір-бірімен тығыз байланыста болатын түсінік тұрғысынан қарайды. Бұл мәселе орта ғасырлық шығыс ғылымында кең талданған тақырып болатын. «Жас бала да анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады. Бұлар тәннің құмары, бұлар болмаса тән жанға қонақ үй бола алмайды, хәм өзі өспейді» деп келтірген түсінігіндегі жан қуатының тәнде өсіп, қалыптасып, дамитынын айтып отыр. Яки тәнде өскен жан құмары адам болмысында нұрланып, өсетін (рухани толысу) әрекеті де бірлікте қарастырылмағы керек. Абай бұл таным, түсінікті атақты Ғұламаһи Дауанидің жолын қуған Жүсіп Қарабағидің ХҮІ ғасырда Бұқарада жазылған «Рисаласында» айтылған ойлармен ұқсас [6, 22]. Жүсіп Қарабағи жанның

тамағын екі салаға бөліп қараған. Бірі – жанның зиянды тамағы (күншілдік, сараңдық, өтірік айту т.б.), екіншісі жанның пайдалы тамағы (шын сенім, жомарттық, ғылыми таным т.б.) жатады дейді. Абай осы екі қажеттілікті бірлікте болатынын анықтап көрсеткен. Бұл ойды да Абайдың әдеби кітапханасына үңілген профессор М. Мырзахметұлы ақынның «толық адам» идеясына (жан қуатына басымдық бере қарайды) тірелер дереккөз ретінде талдап берген. Бұл мәліметтер Абайдың жетінші, қырық үшінші қарасөздерінде көтерілген. Абай шығармаларында кездесетін «жан», «жан қуаты», «жан құмары», «жанның азығы» секілді философиялық терең ойлар төркінінен ақынның шығыс, батыс ғұламаларының еңбектерімен терең таныстығын көрсетеді.

Арабша түйсік, сезім деген ұғымдарды қамтитын Хауас сөзі Абай шығармаларында үш салаға бөлініп (хауас, хауас сәлим, хауаси хамса заһири), бір-бірімен байланыста қарастырылса да, олардың өзара мағыналық ерекшелігі бар.

Профессор хауас жөніндегі дереккөздер батыс пен шығыс хақимдері жазған, бірнеше ғасырлар ауқымын қамтитын еңбектерде жатқандығын айта келіп, хауас жайлы ақынның жетінші, жиырма жетінші, отыз сегізінші, қырық үшінші, қырық бесінші қарасөздеріндегі қолданылған термин сөздердің көпшілігі шығыстың философиялық еңбектерінен алынғандығын айтады [2, 55]. Шығыс философтарының еңбектерінен көбірек алыну себебін Абай тыңдаушылары ислам идеологиясы аясында өмір сүрген жандар болатын деп, солардың ұғыну дәрежесіне қарай лайықтап берген дейді. Абайдың хауас жайлы өзекті ойлары: «Адамның кейбір кездері» (1896), «Көзінен басқа ойы жоқ» (1891), «Қайғы шығар ілімнен» (1892), «Лай суға май бітпес қой өткенге» (1896), «Алла деген сөз жеңіл» (1896), «Жүректе қайрат болмаса» (1898), «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» (1902) өлеңдерінде және бірнеше қарасөздерінде (жоғарыда келтірілген) жүйелі түрде берілгенін және ақын ойы мен дүниетанымынан да келелі ой айтып, мазмұнды хабар береді [7, 13]. Ал *хауас* жайлы арнайы «Алла деген сөз жеңіл» өлеңі мен жиырма жетінші, отыз сегізінші қарасөздерінде арнайы пікір көтерілгенін де ескертеді.

Алла деген сөз жеңіл,  
Аллаға ауыз жол емес.  
Ынталы жүрек, шын көңіл,  
Өзгесі хаққа қол емес.  
Дүниенің барша қуаты,  
Өнерге салар бар күшін.  
Жүректің ақыл суаты,  
Махаббат қылса тәңірі үшін.

Осы арада «үш сүю» (иманигүл) туралы ақынның зерделі көзқарасын сипаттаған ғалым оның мағыналық ерекшелігін де талдап береді. Бірінші сүю (Алланы сүю), екінші сүю (адамзатты сүю), үшінші сүю (әділетті) сүю екендігі қазір кеңірек мәлім. Бұл түсініктің бәрін ғалым Абай өлеңінде көрініс берген деректерді шығыс, батыс ғалымдарының еңбектерінен ұзақ ізденіс нәтижесінде табады. Мәселен,

Махаббатпен жаратқан адамзатты.  
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.  
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,  
Және хақ жолы осы деп әділетті.  
Осы үш сүю болады иманигүл,  
Иманның асылы үш деп сен тақиқ біл.

Ойлан-дағы, үшеуін таратып бақ,  
Басты байла жолына, малың түгіл,- деп иманигүл туралы ой байламдарын анықтап, ішкі нанымдарын ашып береді [7, 57].

Әл-Фараби негізін қалаған мешайюн мектебінде хауас мәселесі кең таралып, арнайы қарастырылған. Мұны кейін Ә. Науаи жалғастырған. Адам бойындағы он сезімнің (ішкі бес

сезім, сыртқы бес сезім) жетілуін талдау мешайон мектебінің өкілдеріне де, атақты «Кабус-намеде» де, кейінгі Қарабағи «Рисаласында» да ашық талданды. Қарабағи өз рисаласында хауасты өзіне дейінгі еңбектерге сүйене отырып, «физиологиялық тұрғыдан ішкі сезімнің адам миында орналасу мекенін үш танапқа бөлу арқылы білдірген» [2, 57]. М. Мырзахметұлы зерттеулеріндегі ой-танымдарына үңілген сайын бұған көзіміз жете түседі. Аристотель пікіріне сүйене отырып, адамдағы тіршілік мекені жүрек деген танымға келеді. Ақынның «толық адам» тұжырымына келуінің басты кілті осы еңбектер мен А. Ясауидің «Ақыл кітабында жатыр деген байламға жетелейді.

Абай қандай жағдай болмасын ақиқат көзі жетіп, ден қойып, ұйып сенбесе мойындағысы келмейтінін Түп иені танудағы әрекеттерін түсінген сайын көз жеткізе түсеміз.

Әділет пен ақылға,

Сыналып көрген білгенін

Білгізер алыс, жақынға,

Солардың сөйле дегенін,- деп ғылыми тұрғыдан ойлап, шешім шығарғандығын аңғарамыз [2, 256]. Міне бұл мәселеге тереңірек үңіліп жүрген абайтанушы М. Әліпхан «Адамгершілік ілімі және Абай» монографиясында Абайдың адамгершілік ілімі сонау батыстық ойшылдар мен шығыс ғұламаларының сан ғағырлар бойғы ізденісінің жемісі нәтижесінен іздеуіміз керек деген ой тастайды [8, 25]. «Абай ақыл туралы айтқанда, ақылдылық, естілік деген ұғым мен ақылмен танып-түсіну қабілетін білдіретін ұғымды ажыратып, оларды екі нәрсе деп қарайды. «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» дегенге Абай ақылды осы соңғы мағынасында алған. Философиялық тұрғыдан келіп ой мен сезімді бір-біріне қарама-қарсы мағынада екі ұғым деп қараған Абай «суық ақыл» мен «ыстық жүрек» бір-бірін толықтырады деп санайды. Осы екеуіне қайрат, жігер қосылса, адамның қасиеті кемеліне келеді деп есептейді» [9, 18-19].

**Қорытынды.** Алланы тану жолындағы ақынның әрекетін түсіну үшін тек тілді білу жеткіліксіз болмақ. Ол үшін Абайдың сөз қолданысын, араб, парсы, түркі ғалымдарының, әсіресе Орта ғасырларда жазылған «Кабус-наме» секілді ғылыми маңызы терең еңбектерді түсіну, түсініп қана қоймай өзіндік көзқарасын да білдіру – екінші бірінің қолынан келе бермес аса күрделі танымдар болмақ. Мұның тағы бір көрінісін «Алла деген сөз жеңіл» өлеңіндегі «Ақылмен хауас барлығын, білмейдүр, жүрек сезедүр...» деген хауасқа байланысты терең ойды көп абайтанушылардың түсінуі қиынға соққан. Тек С. Мұқанов қана «Ақыл мен хауас барлығын...» деп, екі ұғымды синонимдік қатарға қойып, мүлдем жаңылыс кетеді. Мұны кейін ақын өлеңіндегі сөз мағынасын (хауасты ақылмен ғана тануды) Алланың адамзат ақылына сыймас құдіретін сезіп, түсінген жан ғана аңғара алатының профессор ағамыз дәлелдеп, енгізіп кетті. Сонда бір ғана сөздің қандай құдіретке ие екендігін аңғарудың күрделілігін аңғартып қана қоймаймыз, бір тармағы екінші тармағына байланысып кететіндігін, түсініп барып, ой байламына келмесе аса қиын, алдырмас қамалдай сөз құдіретінің қандай қуатты екендігін аңғара аламыз. М. Мырзахметұлы Алланың сипаттарына ғақылия, нақылия дәлелдер арқылы екі сипат қосып, ғылым, әділет, рахым жайлы ойларын кеңірек таратады. Хауас (Тәңірі), хауас сәлим (табиғи дені сау сезім мүшелері), хауаси хамса заһири (сыртқы бес сезім) мүшелері арқылы жан қуаттарын өсіру, жетілдіру әрекеттері Құдайдың араласуынсыз-ақ табиғи қабілетіне қарай пайда болатын нәрселер. Сонда адамзаттың Түп иені тануының кілті ғылым арқылы дәлелді тануы болып шығады. Хауас жайлы кеңес заманында М. Әуезов неге кең талдау бермеген деген мәселеге де М. Мырзахметұлы жауап бере кетеді. Олар:

1. Сол кездегі әдеби атмосфера. Жеке басқа табынудың зардаптары әлі толық кетпеген, жойылмаған кезең болатын;

2. Хауас, имани гүл, жауанмәртлік, «толық адам» жайлы пікір көтеруге қоғамның дайын болмауы;

3. Абайдың шығысы десе өре түрегелетін, оны «халық жауы» секілді көрсету белең алған тұста хауас жайлы, ақынның шығысы жайлы ой тербеуді айтпағанда, сөз қозғаудың өзі қиын заманда тұрғанда М. Әуезовтің бұл мәселелерді өзімен пікірлес азаматтар мен «Абай жолындағы» Ақылбай, Мағауия, Дәрмендер арқылы, олардың пікірталас-сұхбаттары негізінде тезистік оймен бергенін көп зерттеушілер де әдеби қоғам да түсіне алмады. Тек ұзақ жылғы ізденісінің нәтижесінде М.Мырзахметұлы ғана бұл шындықтардың (Абайдың шығысқа қатысын) бетін толық ашып берді.

Абайдың терең ойшылдығын танытатын тағы бір мәселе: ақынның отыз сегізінші қарасөзінде бір-ақ рет ұшырасатын «жауанмәртлік» сөзі. Бұл туралы Исламдық шығыста Харон Рашид патшаның заманында шығыс, батыс ғылымдарының араласа дами бастаған тұсында кең түрде зерттеле бастады. Жалпы түркі халықтарының ішінде қазақ халқының арасында б.з.д., пайда болып, кең қанат жайғаны байқалады. Жауанмәрт (жомарт) сөзінің туу тарихында ежелгі дәуірлердегі Тұран империясы тұсындағы «аһыларды» (ақилар) еске алсақ та жеткілікті болар. Аһылар белгілі бір топ өкілдері (қазіргі замандағы кәсіпкерлер) жыл соңына қарай тапқан табысынан өз отбасына (бала-шағасының санына қарай) тұрмыстық, отбасылық, материалдық қажеттілігіне қарай керекті үлесін алып, қалғанын ауыл ақсақалына немесе мешітке апарып беретін болған. Мәселен, жылдық тапқан табысы мың теңге болса, отбасы қажеттілігіне жүз теңге кетсе, қалған ақшаны ортаға салған. Ол сома тұрмысы төмен отбасыларға, мүгедек немесе жұмысқа жарамсыз жандарға таратылып берілген. Сондай жандарды «аһылар» деген. Бұл жөнінде Шәді Жәңгірұлы дастандарында кең мәліметтер берілген. «Аһы» сөзінің синонимдері – жомарттық, ізгілік, қайырымдылық т.б. Мұндай мәліметтерді Абай да терең білген. Жауанмәрт ұғымына тереңдеп бойлаған Ж.Баласағұнның «Құтты білігіндегі» Күнтуды (әділет), Айтолды (дәулет, бақыт), Ұзғұрмыш (қанағат, рақым), Ұғділіміш (ақыл) деген ұғымдарға балама мән берілген. Дастан сюжеті осы кейіпкерлер арқылы беріліп, жауанмәрттікті (ерсиг) мадақтауы Қараханидтер дәуіріндегі халық санасының биік көрсеткіші ретінде бағаланған. «Кабус-намеде» жауанмәрттіктің үш сипаты берілген. Олар: ақыл, әділет, жауанмәртлік. Ал Абайда ақыл, әділет, рақым түрінде (отыз сегізінші сөз) беріледі. Екі көрсетілім де ұқсас. Бірақ Абайда бұл ұғымдар топталып берілсе, «Кабус-намеде» шығу негіздері, сипаты, жіктелуі мен ерекшелігі кең түрде берілген. Профессор М. Мырзахметұлы Абайдың оқыған «Кабус-наме» кітабындағы дереккөздер ұстанымы діни бағытта орын алған десе, Ж. Баласағұнның «Құтты білігі» мен Аристотель, Сократардан алған мәліметтердің ғылыми сипаты басымдығын алға тартады [2, 85-88].

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

1. Сборник материалов по мусульманству. Спб., 1896. – 38–47.
2. Мырзахметұлы М. Абайтану, 4 том, Абай және Шығыс. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2020. «Қазығұрт» ғылыми-зерттеу орталығының қолжазбалар қоры. № 1, 2, 3, 4, 5, 6 папкалар.
3. Өмірзақ С. Д. Ұлылық иірімдері: оқу құралы. – Шымкент: «Әлем», 2023. – Б. 37–39.
4. Абайдың әдеби-мемориалдық музейінің архиві. 172-инв., 42 б.
5. Қашқарий М. Девону луготит турк. – Тошкент, 1-т., 1960. 12 б.
6. Семенов А. А. Забытый среднеазиатский философ XVI в.: «Трактат о сокрытом». – Ташкент, 1928. 22 с.
7. Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т. 2: Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 2005. – Б. 13–28.
8. Әліпхан М. Адамгершілік ілімі және хакім Абай: монография. – Алматы, 2020. – 25 б.
9. Құнанбайұлы А. Кемел ақын, кемеңгер ойшыл. Алғы сөз. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 2005. – Б. 18–19.

References:

1. *Sbornik materialov po musul'manstvu [Collection of materials on Islam]. (1896). St. Petersburg, Russia. 38–47. [in Russian]*
2. *Myrzakhmetuly M. (2020). Abaytanu, 4 tom: Abai zhane Shygys [Studies on Abai, Vol. 4: Abai and the East]. Almaty: Kazygurt. “Kazygurt” gylymi-zertteu ortalygynyn kolzhasbalar kory. Folders № 1, 2, 3, 4, 5, 6. [in Kazakh]*
3. *Omirezak S.D. (2023). Ululyk iirimderi [The threads of greatness]. Shymkent: Alem. pp. 37–39. [in Kazakh]*
4. *Abaidyn adebi-memorialdyk muzeinin arkhivi [Archive of Abai Literary-Memorial Museum]. 172-inv., 42 p. [in Kazakh]*
5. *Kashkary M. (1960). Devonu lugatit turk [Divan of Turkic languages]. Tashkent, Vol. 1. C. 12. [in Uzbek]*
6. *Semenov A.A. (1928). Zabytyi sredneaziatskii filosof XVI v.: “Traktat o sokrytom” [Forgotten Central Asian philosopher of the 16th century: “Treatise on the hidden”]. Tashkent. 22 p. [in Russian]*
7. *Kunanbaiuly A. (2005). Shygharmalarynyn eki tomdyk tolyq zhynagy [Complete works in two volumes]. T. 2: Olen-der men audarmalar. Almaty: Zhazushy. pp. 13–28. [in Kazakh]*
8. *Alipkhan M. (2020). Adamgershilik ilimi zhane khakim Abai [The doctrine of morality and Hakim Abai]. Almaty. 25 p. [in Kazakh]*
9. *Kunanbaiuly A. (2005). Kemel akyn, kemenger oyshyl. Algy soz. Shygharmalarynyn eki tomdyk tolyq zhynagy [Complete works in two volumes]. T.1: Olen-der men audarmalar. Almaty: Zhazushy. pp. 18–19. [in Kazakh]*

МРНТИ 17.82.30

10.51889/2959-5657.2025.94.4.011

Сеитова Л.М. 

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

Алматы, Казахстан

e-mail: [seitovalyazzat2@gmail.com](mailto:seitovalyazzat2@gmail.com)

## МОТИВ НОСТАЛЬГИИ И ОБРАЗ КАЗАХСТАНА НА МАТЕРИАЛЕ РАССКАЗОВ СВЕТЛАНЫ ФЕЛЬДЕ

### Аннотация

В статье исследуется мотив ностальгии и особенности художественной репрезентации образа Казахстана в современной русскоязычной литературе. Основное внимание уделяется рассказам Светланы Фельде, в которых отражается особое восприятие родины через призму памяти и эмоционального опыта. Казахстан в ее прозе предстает как пространство воспоминаний, сохраняющее духовную связь с утраченной культурной средой. Анализируются топонимические упоминания, сенсорные образы – запахи, вкусы и звуки, – выполняющие функцию медиаторов памяти и формирующие целостный художественный образ страны. Методологической основой исследования выступают структурный и психоаналитический подходы, позволяющие рассмотреть ностальгию как механизм поддержания личной и коллективной идентичности в условиях миграции и культурного разрыва. Научная новизна работы заключается в том, что впервые подробно осмысливается поэтика ностальгии в прозе Светланы Фельде в контексте казахстанского текста современной русскоязычной литературы. Полученные результаты позволяют сделать вывод

о том, что образ Казахстана в ее произведениях приобретает символическое значение «дома памяти», объединяющего индивидуальный и национальный уровни культурного сознания.

**Ключевые слова:** мотив ностальгии, образ Казахстана, Светлана Фельде, миграция, культурная память, русскоязычная проза, транснациональная литература

Сеитова Л.М. 

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Алматы, Қазақстан

e-mail: [seitovalyazzat2@gmail.com](mailto:seitovalyazzat2@gmail.com)

## СВЕТЛАНА ФЕЛЬДЕ ОҚИҒАЛАРЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕГІ САҒЫНЫШ МОТИВІ МЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ БЕЙНЕСІ

### Аңдатпа

Бұл мақала сағыныш мотивін және қазіргі орыс тілді әдебиеттегі Қазақстанның нақты көркемдік бейнесін зерттейді. Ол жад пен эмоционалды тәжірибе объективі арқылы туған жерді қайталанбас қабылдауды көрсететін Светлана Фельденің әңгімелеріне бағытталған. Оның прозасында Қазақстан жоғалған мәдени ортамен рухани байланысты сақтайтын естеліктер кеңістігі ретінде берілген. Топонимикалық сілтемелер мен сезімдік бейнелер – иістер, дәмдер, дыбыстар талданады, есте сақтау медиаторы қызметін атқарып, елдің тұтас көркем бейнесін құрайды. Зерттеудің әдіснамалық негізі құрылымдық және психоаналитикалық көзқарас болып табылады, бұл ностальгияны көші-қон және мәдени үзіліс жағдайында жеке және ұжымдық бірегейлікті сақтау механизмі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл жұмыстың ғылыми жаңалығы Светлана Фельде прозасындағы сағыныш поэтикасын қазіргі орыс тілді әдебиеттегі қазақстандық мәтіндер контекстінде алғаш рет егжей-тегжейлі қарастыруында. Алынған нәтижелер оның шығармаларындағы Қазақстан бейнесі мәдени сананың жеке және ұлттық деңгейлерін біріктіретін «есте сақтау үйінін» символдық мәніне ие болады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** сағыныш мотиві, Қазақстан бейнесі, Светлана Фельде, көші-қон, мәдени жады, орыс тілді проза, трансұлттық әдебиет

Seitova L.M. 

Abai Kazakh National Pedagogical University

Almaty, Kazakhstan

e-mail: [seitovalyazzat2@gmail.com](mailto:seitovalyazzat2@gmail.com)

## THE MOTIF OF NOSTALGIA AND THE IMAGE OF KAZAKHSTAN BASED ON THE STORY OF SVETLANA FELDE

### Abstract

This article explores the motif of nostalgia and the specific artistic representation of Kazakhstan in contemporary Russian-language literature. It focuses on Svetlana Felde's stories, which reflect a unique perception of the homeland through the lens of memory and emotional experience. In her prose, Kazakhstan is presented as a space of memories that retains a spiritual connection with a lost cultural environment. Toponymic references and sensory images—smells, tastes, and sounds—are analyzed, serving as memory mediators and forming a holistic artistic image of the country. The study's methodological basis is a structural and psychoanalytic approach, allowing us to examine nostalgia as a mechanism for maintaining personal and collective identity in the context of migration and cultural rupture. The scientific novelty of this work lies in its first detailed

examination of the poetics of nostalgia in Svetlana Felde's prose within the context of Kazakhstani texts in contemporary Russian-language literature. The results obtained allow us to conclude that the image of Kazakhstan in her works acquires the symbolic meaning of a "house of memory," uniting individual and national levels of cultural consciousness.

**Keywords:** motif of nostalgia, image of Kazakhstan, Svetlana Felde, migration, cultural memory, Russian-language prose, transnational literature

**Введение.** На текущем этапе развития во многих странах мы наблюдаем усиливающиеся националистические настроения, люди начинают ценить свою культуру и стремятся уберечь ее от унифицирующего воздействия глобализации. На этой волне возникает необходимость исследования репрезентации образа Казахстана в мировой литературе, так как популяризация отечественной культуры и узнаваемость казахстанского культурного контекста является актуальной задачей государственного уровня. Особый интерес представляет русскоязычная проза авторов, живущих за рубежом, где образ родины приобретает ценностно-смысловое звучание и тесно связан с личной памятью автора. Основу исследования составили рассказы Светланы Фельде – русскоязычной писательницы, долгое время проживающей в Германии. Ее произведения наполнены воспоминаниями о Казахстане, где страна выступает не просто фоном, а становится художественным образом, формирующимся через мотив ностальгии. В то же время творчество Фельде является практически неисследованным в отечественном академическом дискурсе: не было написано работ, посвященных осмыслению ее прозы в контексте ностальгии и репрезентации образа Казахстана. Таким образом, цель нашего исследования – выявить особенности художественной репрезентации Казахстана через мотив ностальгии в рассказах Светланы Фельде.

Ностальгия в литературе традиционно осмысливается не только как эмоциональное состояние, но и как сложный культурный и художественный феномен. Данная проблематика получила широкое освещение в трудах таких исследователей, как С. Бойм, Е.В. Новиков, Г. И. Власова, В. А. Кияшко, М. А. Будагова, Г. Романова, Р.Н. Абрамов, А.С. Чикишева, А. В. Зинченко, А.Б. Фенько и др. Если обратиться к истокам возникновения понятия ностальгия, то можно сказать, что термин появился в XVII веке. Ввел его швейцарский врач Иоганн Хофер в своей «Dissertatio medica de Nostalgia oder Heimwehe», обозначив им болезненное состояние тоски по родине у наемных солдат [1; 2]. Слово образовано от греческих *nostos* (возвращение домой) и *algos* (боль). В то время ностальгию считали психологическим расстройством: ее «лечили» с помощью кровопускания, пиявок, опиума, а также музыки или отправки пациента домой.

В XIX веке, с развитием психиатрии, ностальгия все чаще воспринимали как симптом меланхолии или депрессии, возникающее из-за вынужденного отрыва человека от привычного уклада жизни и родных мест. В этот период она включалась в медицинские классификаторы заболеваний и описывалась через совокупность телесных и душевных проявлений. Среди физиологических симптомов отмечались трудности дыхания, учащенное сердцебиение, повышения давления, расстройства пищеварения потеря аппетита, бессонница и лихорадка. К психическим признакам относили апатию, подавленность, повышенную плаксивость, чувство одиночества, потерю жизненных интересов, тоску по дому и ощущение безысходности. Источником этих проявлений нередко считались внешние факторы – трудности акклиматизации, изменение привычного рациона, различия в климате и давлении [3]. Длительное пребывание в ином культурном и языковом окружении способно оказывать глубокое воздействие на личность, нарушая ее целостность и чувство принадлежности, что нередко ведет к внутренней маргинализации.

Несмотря на детализированное описание симптомов, понимание ностальгии как уникального личностного переживания долгое время оставалось неясным. Исследователи не

могли однозначно определить, по чему именно тоскует человек, обращаясь мыслями к прошлому. Более того, возвращение в родные места не всегда приносило облегчение, а порой даже усиливало тоску [4].

Научное осмысление феномена развивалось преимущественно в гипотетическом поле. Одно из ключевых исследовательских линий стала связь ностальгии с понятием «дома» и личной идентичности. Дом рассматривался не только как географическая точка, но и как пространство, насыщенное биографическим смыслом – «место, служащее основой жизни и обеспечивающее возможность ориентации и самоидентичности» [5].

В XX веке понятие стало использоваться шире – уже не как болезнь, а как культурный и психологический феномен. В наши дни ностальгия рассматривается как многогранное явление – не только, индивидуальное, но и социально-культурное. Она отражается в искусстве, литературе, массовой культуре, становится способом выражения коллективной памяти и самоидентификации. Таблица 1 обобщает ключевые этапы истории развития ностальгии в различных научных традициях.

Таблица 1. Эволюция термина «ностальгия» в научном и культурном контексте

Этап	Время	Основные представители / источники	Понимание ностальгии	Характеристика
Медицинское толкование	XVI	Иоганн Хофер («Dissertatio medica de Nostalgia oder Heimwehe»)	Болезненное состояние тоски по родине у наемных солдат	Рассматривалась как заболевание, лечили кровопусканием, пиявками, опиумом, музыкой или возвращением домой
Психиатрический этап	XIX	Развитие психиатрии	Симптом меланхолии и депрессии, вызванный отрывом от родины и привычного уклада	Физиологические симптомы: учащенное сердцебиение, бессонница, потеря аппетита; психические: апатия, одиночество, тоска, безысходность.
Переход к психологическому осмыслению	Конец XIX – начало XX	Психологи и философы	Понимание как личностного переживания, связанного с утратой целостности и идентичности	Ностальгия становится внутренним состоянием личности
Культурологический и философский этап	XX в.	Гуманитарные исследователи, культурологи	Ностальгия как культурный и психологический феномен	Осмысливается через связь понятия «дома» как символического пространства, обеспечивающего чувство принадлежности
Современное толкование	XXI в.	Междисциплинарные исследования (философия, социология, литературоведение)	Многогранное социально-культурное явление	Отражается в литературе, искусстве, массовой культуре; становится формой самосознания личности и общества

Анализ представленных этапов показывает, что эволюция понятия ностальгия связана с постепенным расширением его смыслового поля – от медицинского толкования к

междисциплинарному осмыслению, охватывающему психологический, культурный и художественный уровни.

В прозе Фельде ностальгия выполняет функцию связующего звена между личной памятью и коллективной историей, где воспоминания о Казахстане становятся частью более широкого процесса сохранения этнокультурной идентичности. Так, через обращение к прошлому автор не просто фиксирует субъективные переживания, но и создает художественный образ родины, в котором отражаются особенности культурной среды и уникального жизненного уклада.

Особое значение в рассказах приобретает художественная репрезентация Казахстана. Родина здесь изображается в системе устойчивых образов: это и пейзажи, наполненные символикой «утраченного дома», и бытовые детали, несущие отпечаток культурной памяти, и образы людей, которые становятся хранителями традиций. Казахстан предстает одновременно как конкретное географическое пространство и как метафора детства, корней и первичного опыта. В этом проявляется характерная для транснациональной литературы двойственность восприятия: с одной стороны, родина воспринимается как утраченная и недостижимая, с другой – как всегда присутствующая в памяти и культуре.

Мотив ностальгии в произведениях в анализируемых нами рассказах тесно связан с проблемой самоидентификации. Воспоминания о Казахстане позволяют героям выстроить внутренний диалог с собой и с новым культурным окружением. Казахстан в этом контексте становится не только пространством прошлого, но и точкой отсчета, которая формирует личностные ориентиры. Ностальгия превращается в инструмент самоопределения: обращаясь к образу родины, автор заново выстраивает систему ценностей и закрепляет ощущение принадлежности к определенному культурному пространству.

In China, students receive education on national culture and ethnic unity starting in elementary school, and this emphasis is maintained throughout the 12 years from primary school through the third year of high school. According to Article 4 of Chapter 1 of the Constitution of the People's Republic of China, "All ethnic groups in the People's Republic of China are equal.". The state safeguards the legitimate rights and interests of all ethnic minorities and maintains and develops equal, united, mutually supportive, and harmonious relations among all ethnic groups [15]. Discrimination and oppression against any ethnic group are prohibited, as are acts that undermine ethnic unity and create ethnic divisions. In China, students begin studying history in the first year of junior high school, including both Chinese and world history. The Chinese history section primarily covers the history of the Han Chinese and other ethnic groups but provides limited coverage of Kazakh culture. Consequently, many Kazakh students rely on discussions with elders or community members about their ethnic culture and history. However, due to the lack of systematic and reliable source, their understanding of their ethnic history and culture is often inadequate. In contrast, ethnic Kazakhs in Kazakhstan have a more comprehensive understanding of their history and culture,

learned through systematic cultural promotion, national history courses and state-led projects [16]. They primarily learn and strengthen their sense of national identity through cultural promotions at the beginning of each semester, the national anthem, Kazakh history books, museums, historical and cultural monuments, and ethnic cultural events such as Independence Day (December 16<sup>th</sup>), Thanksgiving Day (March 1<sup>st</sup>), and the traditional Kazakh festival of Nauryz (March 21<sup>st</sup> to 23<sup>rd</sup>), as well as ethnic music, dance, and sports.

Therefore, Kazakh students from China should visit places such as the National Library, the National Museum (Almaty Branch), the Almaty City Museum, the 28 Panfilov Guardsmen Park, and the Almaty Metro in Almaty to gain a deeper understanding of the history of the Kazakh people and Kazakhstan. These venues provide excellent opportunities to learn the Kazakh language and understand Kazakh culture and history, thereby helping to strengthen their national consciousness and cultural awareness. This will not only help them achieve better scores on the UNT exam but also have a positive impact on their future university studies.

### **Strategy 3: Mental Health and Language Support**

Providing mental health services is crucial for Kazakh students studying in China. Most of these students are recent high school graduates. Having spent a long period in an intense academic environment, they are prone to experiencing various psychological challenges, both major and minor. This is especially true during their third year of high school, when they prepare for China's National College Entrance Examination (NCEE). These students often spend their days studying intensively and preparing for the Gaokao. Consequently, when they attend UNT preparatory courses in Kazakhstan, the sudden change to a less intense learning environment can lead to a sense of mental and emotional relaxation, causing them to lose focus or become complacent, ultimately leading to failure in the UNT exam [12].

Thus, UNT preparatory courses require a specialized team dedicated to addressing these students' mental health and language learning needs, ensuring that any psychological challenges are monitored and addressed promptly. This group needs to include the person in charge of Chinese student affairs in the preparatory department, representatives of Chinese students currently studying at the undergraduate or graduate level, university psychology teachers, subject teachers in the preparatory department, class counselors, and relevant personnel from the Education Department of the Chinese Embassy in Kazakhstan or the Chinese Consulate General in Almaty. Representatives of Chinese students currently studying at the undergraduate or graduate level are primarily responsible for communicating with Kazakh students, understanding their academic and life needs, and providing feedback to the counselors of their respective classes. Psychology teachers in preparatory universities are responsible for providing psychological counseling to Kazakh students, reporting their psychological conditions to the person in charge of Chinese student affairs in the preparatory department and proposing solutions. Teachers in each subject in the preparatory department are primarily responsible for teaching, student performance, and daily student dynamics. Counselors in each class in the preparatory department make recommendations based on feedback from the course teachers, psychology teachers, and Chinese undergraduate or graduate students. They also submit brief reports to the person in charge of Chinese student affairs in the department and receive final recommendations from the person in charge of Chinese student affairs in the preparatory department. The heads of the education departments of embassies or consulates general regularly monitor the developments of Chinese students in their area and provide feedback to the embassy or consulate general.

The purpose of establishing a language support group is to identify the language learning challenges faced by Chinese Kazakh students during their preparatory studies and to provide appropriate support. Most Chinese students studying in Kazakhstan have been taught entirely in Chinese since childhood and have had limited exposure to the Kazakh language (limited to family and extended family). Consequently, their Kazakh language proficiency is limited, particularly in reading, writing, speaking, and comprehension. Therefore, a group is needed to assist them in

resolving language challenges encountered during preparatory studies. These challenges primarily arise from classroom language used by Kazakh teachers (particularly Russian vocabulary), which can lead to misunderstanding or lack of comprehension. Over time, these students develop the belief that simply because they don't understand something, they can simply cheat on multiple-choice exams. Therefore, a dedicated group is essential to address these challenges and provide advice to help them resolve their language challenges.

Therefore, solving the mental health and language problems encountered by Chinese Kazakh students is not only a problem for the students themselves, but also one of the tasks and responsibilities of the university preparatory department and the education department of the embassy (consulate general). It requires multi-faceted help and consultation to solve. A lot of work needs to be done for the physical and mental health of Kazakh students. However, any problem needs to be examined from all aspects before it is solved, not just at the superficial level. It requires an in-depth understanding of the psychological and language learning challenges of the students, and the development of effective ways to help Chinese Kazakh students.

### **III. Policy Recommendations**

**Policy recommendations should target government education departments.** First, the majority of international students from China are either recent or former high school graduates. Their education in China was conducted entirely in Chinese, so their Kazakh language proficiency is at a beginner level (around A1 or A2). Therefore, government education departments (the Ministry of Science and Higher Education and the Ministry of Education of Kazakhstan) should require universities to offer tiered language preparatory courses and provide intensive language transition training before students take the UNT exam and during the first year of university. A panel of experts comprised of national education departments, universities, and relevant language specialists, should develop a unified "Kazakh Language Proficiency Grading Standard and Training Plan for Foreign Kazakh Students" and urge universities to strictly implement this plan, including exam scores as part of the requirements for admission and graduation. Furthermore, "Kazakh Language Adaptation Centers" should be established at key universities in Kazakhstan to oversee language adaptation for Chinese Kazakhs studying there.

Secondly, the Ministry of Science and Higher Education should work with universities to establish "Language + Culture Practice Bases," rooted in university Kazakh language faculties and supplemented by sports, culture and tourism faculties, music and dance and fine arts faculties. These bases will encourage Chinese Kazakh students to use Kazakh extensively in their studies and daily lives through language corners, cross-cultural interactions, and practical cultural activities. They will also encourage Chinese Kazakh students to make friends with local peers and improve their language skills. In addition, students should be encouraged to volunteer, take part in language internship opportunities, and immerse themselves in a Kazakh-speaking environment to reduce language and cultural barriers. In particular, these initiatives should aim to eliminate insults and exclusionary terms like "Оралман/ Returnee," "Қытай/Chinese," and "Қашқын/Fugitive." This will allow students to truly experience Kazakh culture and strengthen their cultural identity and language confidence.

Finally, the Ministry of Science and Higher Education should require all universities to establish a dedicated "International Student Language Adaptation Group" within their international student offices to provide academic guidance and language counseling. The results of international students' language adaptation should be incorporated into the quality assessment indicators for international student education, thereby promoting reforms in university language curricula and teaching methods. A three-pronged support system encompassing "policy, universities, and student" is necessary to ensure the institutionalization and regularization of the language adaptation process for Chinese Kazakh international students.

**Policy Recommendations for Universities.** First, before Chinese Kazakh international students submit their materials to the University Preparatory Department, the department's staff must explain

the teaching methods for classes taught in Kazakh and the requirement of a Kazakh language proficiency test score when selecting Kazakh for the UNT exam. During preparatory courses, instructors must closely monitor students' language skills and provide feedback to the relevant offices within the preparatory department regarding whether students are fully capable of handling the course, whether they need to improve their Kazakh language proficiency, and whether they can accurately complete course assignments within a short period of time.

Secondly, by reducing the number of UNT exam subjects from five to three, the Preparatory Department will have greater opportunities to develop Kazakh language instruction for Chinese Kazakh students. It can also provide intensive language courses for those with limited language proficiency, ensuring they can successfully complete their preparatory studies and lay the foundation for admission to their desired programs. The Preparatory Department will need to conduct regular assessments to ensure that Chinese Kazakh students master the language successfully and use it to complete their preparatory studies.

Finally, the department will assess the students' actual language proficiency and learning abilities based on their language skills and other coursework, and plan further educational efforts. Students will complete all preparatory courses and prepare for the UNT exam while learning the language. This will be particularly important for the official UNT exam in Kazakhstan in May and June, with the results compiled and analyzed. This will include analyzing the performance of the Reading Literacy exam and preparing for the next wave of Chinese Kazakh students, particularly in terms of language selection and integration.

**Conclusion.** This article primarily analyzes the language adaptation of Chinese Kazakh students studying and living in Kazakhstan. Kazakhstan is a multi-ethnic, multilingual, and multicultural country. Studying and living there requires not only the improvement of language skills but also a process of self-identification and the integration of Chinese Kazakh culture with local Kazakh culture. This integration primarily requires language integration.

Kazakh language, as the mother tongue of Kazakhs worldwide, is a symbol of Kazakh identity. As the national language of Kazakhstan, it is a language that all ethnic groups living in Kazakhstan must learn and use. Russian, as a common language in Kazakhstan, holds a significant position. English, as a language of international communication, is an essential global language.

Although the learning methods and approaches of Chinese Kazakh students differ from those of students in Kazakhstan, learning Kazakh and Russian is essential for studying and living in Kazakhstan, as these two languages are the most widely spoken. Language adaptation is not simply a matter of language skills; it encompasses a comprehensive process of identification with Kazakhs and Kazakh culture, psychological well-being, and adaptation to the educational system.



For Chinese Kazakhs like me who came from China, learning Kazakh and Russian has brought great convenience to my life and studies in Kazakhstan. It has helped me interact more easily with local people, integrate into a new social culture, and achieve Kazakh national identity and cultural integration.

#### *References:*

1. *Official website of the President of the Republic of Kazakhstan. (2022). Constitution of the Republic of Kazakhstan. Retrieved from <https://www.akorda.kz/en/constitution-of-the-republic-of-kazakhstan-50912>*
2. *Edinaya platforma internet-resursov gosudarstvennykh organov. (2023). S 10 noiabrya 2023 goda nachnet deistvovat' bezvizovyi rezhim mezhdu Kazakhstanom i Kitaem [From November 10, 2023, a visa-free regime between Kazakhstan and China will begin to operate]. Retrieved from <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-tashkent/press/news/details/649163> [in Russian]*
3. *Toktau Z. (2017). Bridging language, identity and integration in ethnic migration: Student experience of China-Kazakhs in Kazakhstan (Master's thesis, Nazarbayev University). Nazarbayev*

University Repository. Retrieved from <https://nur.nu.edu.kz/bitstream/123456789/2586/1/Zhuldyz-Toktau.pdf>

4. Agbo S.A., Pak N., Akbarov A., Madiyeva G., Saurykov Y. (2022). *Global competitiveness myths and ideals: English language policy in universities in Kazakhstan*. *International Journal of Educational Reform*. <https://doi.org/10.1177/10567879221137572>
5. Sadulova Z., Karimsakova B., Yessenova K., Kamarova N., Kurmanova B., Smagulova K., Karagulova B., Amangaziyeva M. (2025). *Bilingualism and multilingualism in Kazakhstan: Sociolinguistic and educational perspectives*. *Forum for Linguistic Studies*, 7(7). <https://doi.org/10.30564/fls.v7i7.10172>
6. Kurmetti kandastar (ulytk kazakh shetel azamattary). (2025). *Kurmetti kandastar (ulytk kazakh shetel azamattary) [Dear compatriots (ethnic Kazakhs who are foreign citizens)]*. Retrieved from [https://testcenter.kz/press-tsentr/novosti/?ELEMENT\\_ID=7476](https://testcenter.kz/press-tsentr/novosti/?ELEMENT_ID=7476) [in Kazakh]
7. Zharkenov, S., Ongarbayev Y., Nurmagambetov A., Galiakbarova G. (2023). *State support for compatriots: Improving Kazakhstan legislation*. *Revista de Direito Internacional*, 19(3). <https://doi.org/10.5102/rdi.v19i3.8526>
8. Tajibayeva Z., Nurgaliyeva S., Aubakirova K., Ladzina N., Shaushekova B., Yespolova G., Taurbekova A. (2023). *Investigation of the psychological, pedagogical and technological adaptation levels of repatriated university students*. *International Journal of Education in Mathematics, Science and Technology*, 11(3), 755–774. <https://doi.org/10.46328/ijemst.3336>
9. Moldakhanova M., Kariyev A., Lekerova G., Orazbayeva F. (2024). *Research on adaptation of first-year students with special educational needs to study at university*. *Insight: The Psychological Dimensions of Society*, 365–388. <https://doi.org/10.32999/2663-970X/2024-11-19>
10. Bourdieu P. (1991). *Language and symbolic power*. Harvard University Press. Retrieved from [https://monoskop.org/images/4/43/Bourdieu\\_Pierre\\_Language\\_and\\_Symbolic\\_Power\\_1991.pdf](https://monoskop.org/images/4/43/Bourdieu_Pierre_Language_and_Symbolic_Power_1991.pdf)
11. Krashen S.D. (1982). *Principles and practice in second language acquisition*. Pergamon. Retrieved from [https://www.sdkrashen.com/content/books/principles\\_and\\_practice.pdf](https://www.sdkrashen.com/content/books/principles_and_practice.pdf)
12. Berry J.W. (1997). *Immigration, acculturation, and adaptation*. Retrieved from [https://is.muni.cz/el/fss/podzim2015/ZUR393i/um/W\\_2\\_Acculturation.pdf](https://is.muni.cz/el/fss/podzim2015/ZUR393i/um/W_2_Acculturation.pdf)
13. Tlepbergen D., Akzhigitova A., Zabrodskaia A. (2025). *Kazakh–English bilingualism in Kazakhstan: Public attitudes and language practices*. *Languages*, 10(5), 102. <https://doi.org/10.3390/languages10050102>
14. Kaztest. (2024). *Kaztest zhuiyesinin zhalpy akparaty [General information about the Kaztest system]*. Retrieved from <http://kazakhtest.kz/kz/about-center/> [in Kazakh]
15. The People’s Republic of China. (2019). *Constitution of the People’s Republic of China*. Retrieved from [https://english.www.gov.cn/archive/lawsregulations/201911/20/content\\_WS5ed8856ec6d0b3f0e9499913.html](https://english.www.gov.cn/archive/lawsregulations/201911/20/content_WS5ed8856ec6d0b3f0e9499913.html)
16. Zharkynbekova Sh. K., Tazhibayeva S. Zh., Filchenko A. U. *Problems of Preserving the Kazakh Language in China: Threats of Extinction and Ways of Solution*. In: *J. Sib. Fed. Univ. Humanit. soc. sci.*, 2025, 18(3), 502–515. EDN: DOAOGQ



Сарымсақ К.Т. <sup>1</sup>  , \*Тлеубекова Б.Т. <sup>2</sup>   
<sup>1,2</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Алматы, Қазақстан  
e-mail: [kamilasarymsak@mail.ru](mailto:kamilasarymsak@mail.ru)  
\*e-mail: [biko.1972@mail.ru](mailto:biko.1972@mail.ru)

## КОМИКС АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ: КЛИПТІК ОЙЛАУҒА БЕЙІМДЕЛГЕН ҰРПАҚ

*Аңдатпа*

Бұл мақалада комикс жанрының пайда болу тарихы, әлемдік әдебиет пен мәдениеттегі орны және оның қазіргі білім беру процесіндегі маңызы жан-жақты қарастырылады. Зерттеу барысында АҚШ, Еуропа, Жапония секілді елдердегі комикс жанрының даму кезеңдері мен негізгі өкілдері талданады. Сонымен қатар мақалада қазақ комикстерінің даму деңгейіне де назар аударылып, ХХ ғасырдың басындағы алғашқы комикстік элементтерден бастап қазіргі авторлық комикстерге дейінгі жобалар сараланады. Комикс – мәтін мен көркем бейнені ұштастыра отырып, оқиғаны визуалды түрде жеткізетін ерекше жанр. Комикс жанрының оқушылардың оқу мотивациясын арттырудағы, мәтінді тез қабылдатудағы, креативті ойлауды дамытудағы тиімділігі ғылыми тұрғыда негізделеді. Сондай-ақ комикстерді білім беруде қолданудың педагогикалық мүмкіндіктері мен ұлттық мазмұнды шығармаларды заманауи форматта ұсынудың өзектілігі айқындалады.

**Түйін сөздер:** комикс, визуалды баяндау, оқырман қызығушылығы, қазақ комиксі, креативті ойлау, оқу мотивациясы, заманауи нұсқа



Сарымсақ К.Т. <sup>1</sup>  , \*Тлеубекова Б.Т. <sup>2</sup>   
<sup>1,2</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
Алматы, Казахстан  
e-mail: [kamilasarymsak@mail.ru](mailto:kamilasarymsak@mail.ru)  
\*e-mail: [biko.1972@mail.ru](mailto:biko.1972@mail.ru)

## ОБУЧЕНИЕ ЧЕРЕЗ КОМИКСЫ: ПОКОЛЕНИЕ, АДАПТИРОВАННОЕ К КРИТИЧЕСКОМУ МЫШЛЕНИЮ

*Аннотация*

В данной статье подробно рассматривается история возникновения жанра комикса, его место в мировой литературе и культуре и его значение в современном образовательном процессе. В ходе исследования анализируются этапы развития и основные представители жанра комиксов в таких странах, как США, Европа, Япония. Также в статье акцентируется внимание на уровне развития казахских комиксов, дифференцируются проекты от первых комических элементов начала ХХ века до современных авторских комиксов. Комикс – это уникальный жанр, который визуально передает историю в сочетании с текстом и художественным изображением. Научно обоснована эффективность жанра комиксов в повышении учебной мотивации учащихся, быстром восприятии текста, развитии креативного мышления. Также определяются педагогические возможности использования комиксов в образовании и актуальность представления произведений национального содержания в современном формате.

**Ключевые слова:** комикс, визуальное повествование, читательский интерес, казахские комиксы, креативное мышление, мотивация к чтению, современный вариант

Sarymsak K.T.<sup>1</sup> , \*Tleubekova B.T.<sup>2</sup>   
<sup>1,2</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University  
Almaty, Kazakhstan  
e-mail: [kamilasarymsak@mail.ru](mailto:kamilasarymsak@mail.ru)  
\*e-mail: [biko.1972@mail.ru](mailto:biko.1972@mail.ru)

## TEACHING THROUGH COMICS: A GENERATION ADAPTED TO CRITICAL THINKING

### *Abstract*

This article examines in detail the history of the comic book genre, its place in world literature and culture, and its importance in the modern educational process. The study analyzes the stages of development and the main representatives of the comic book genre in countries such as the USA, Europe, and Japan. The article also focuses on the level of development of Kazakh comics, differentiating projects from the first comic elements of the early twentieth century to modern author's comics. Comics are a unique genre that visually conveys a story combined with text and artistic imagery. The effectiveness of the comic book genre in increasing students' learning motivation, quick perception of text, and the development of creative thinking has been scientifically substantiated. The pedagogical possibilities of using comics in education and the relevance of presenting works of national content in a modern format are also determined.

**Keywords:** comics, visual storytelling, reader's interest, Kazakh comics, creative thinking, motivation to read, modern version

**Кіріспе.** Қазақ халқының «Заманына қарай адамы, адамына қарай амалы» деген ұлағатты сөзі бүгінгі күнде де өз маңызын жойған жоқ. Бұған себеп – ақпараттық қоғам мен цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы, жастардың ақпаратты тұтыну әдістерінің өзгеруі. Аталмыш өзгерістерді Pew Research Center, McKinsey & Company, Deloitte, World Economic Forum, Gallup тәрізді беделді ұйымдардың жүргізген зерттеулері ұрпақтар арасындағы ерекшеліктер негізінде ғылыми түрде түсіндіруге жол ашты.

Американдық зерттеуші-ғалымдар Уильям Штраус пен Нил Хоув 1991 жылы «Ұрпақтар буыны» деген зерттеу еңбектерінде 1924 жылдан бергі буындарды өмір салты, құндылықтары бойынша жіктеп, әр 20-30 жыл сайын жаңарып отыратын ұрпақтарға «X-буын», «Y-буын», «Z-буын», «A-буын» деген сияқты атаулар берген [1, 8]. XX-XXI ғасырдағы қоғамға сай әр буынның өзіне тән мінезі, атқаратын миссиясы, өзіндік ерекшелігі болады, - дейді ғалымдар [1, 9]. Бұл ғылыми зерттеуде ұрпақтар буыны «бумерлер (1946–1964), миллениалдар (1981–1996) және зумерлер (1997–2012)», – деген үш негізгі буынға жіктеледі [1, 13]. Үш буынның арасында әлеуметтік желі мен ақпараттық қоғамға тәуелді “зумерлер” екені дәлелденген. Зумерлер буынын кейде цифрлық буын деп те атайды. Ақпараттық ортада қалыптасқан ұрпақта клиптік, яғни қысқа ойлау басым.

«Клиптік ойлау» ұғымы классикалық ойлау түрлеріне жатқызылмайды. Бұл құбылысты көбіне фрагменттік, мозаикалық, пиксельді, дискретті ойлау сияқты тіркестермен байланыстырады [2, 39]. «Клип» сөзі ағылшынның *clip* – «қию, бөліп тастау, қиып алу» деген мағына беретін сөзінен шыққан; ол үзінділердің («нарезка») кезектесуін, бейнефрагменттер мен бір қарағанда бір-бірімен байланысы онша айқын емес көріністерді білдіреді [2, 40]. Дегенмен, бұл фрагменттер белгілі бір композициялық не көркемдік желімен біріктіріледі.

Клиптік ойлау көбіне логикалық, вербалды, ұғымдық ойлауға қарсы қойылады. Т. Ломбина мен О. Юрченко мұндай ойлаудың ерекшеліктерін сипаттай отырып, келесілерді атап өтеді: абстракция есебінен ойлаудың шамадан тыс нақтылығы, ақпаратты жеңілдетілген түрде қабылдауға бағытталу, ойдың шапшаң ауысуы, асығыс қорытынды жасау, тілдік

минимализм және есте сақтау қабілетінің төмендеуі. Бұл құбылыс «ақпараттық серфингпен», яғни ақпаратты терең ойланбастан, үстірт шолумен байланыстырылады [3, 23].

Заманауи визуалды ақпарат беру әдістері адамның когнитивтік қабылдау ерекшеліктерін өзгертіп, әсіресе балалардың вербалды ақпаратқа қарағанда сурет арқылы берілген мәліметті тезірек түсінуін қамтамасыз етеді. Тіптен, ересектер де белгілі бір құрылғыны құрастыру кезінде мәтіндік нұсқаулыққа қарағаннан гөрі, суреттер арқылы берілген қадамдық схемаларды қолданып жеңілірек түсінеді. Сондықтан қазіргі білім беру үдересінде оқушылардың ерекшеліктеріне мән бере отырып, сабақ құрылымын құру қажет.

**Әдістер мен материалдар.** Комикс (ағылш. comic – «күлкілі») – идеяларды, бейнелерді көрнекі суреттер арқылы жеткізіп, мәтін мен визуалды ақпаратты бірлікте қолданатын графикалық баяндау формасы болып табылады [4, 45]. Ғылыми әдебиеттерде комикс жанрына берілген анықтамалар әртүрлі болғанымен, олардың барлығы комикстің белгілі бір оқиғаны бейнелі кадрлар тізбегі арқылы баяндайтын күрделі семиотикалық жүйе екендігін негіздейді.

Қазақ әдеби тілінің терминологиялық сөздігінде «комикс» - зат. ойды алдандыру сипатындағы өтпелі хикаяны беретін, қысқа мәтіндері бар суреттер сериясы және белгілі бір тақырыпта бірыңғай сюжетті, қысқа баяндалатын мәтінді, суреттер таралымы (юмористикалық, авантюрлық) бар шығарманың түрі, – делінген [5, 25]. Көптеген зерттеушілер комиксті баяндау мен көрнекі әрекеттің бірлігін құрайтын медиалық құрылым ретінде сипаттайды. Бұл жанрды жай ғана суретпен безендірілген кітаппен шатастыруға болмайды, себебі комикстің табиғаты таңбалардың өзара байланысына, кадрлық ұйымдасуына және графикалық үйлесімділігіне негізделеді.

Қазіргі кезеңде комикс әлемдік мәдениеттің кең тараған жанрларының біріне айналды. АҚШ-та комикс-баспалар жүйесі қаһармандық дәстүрді қалыптастырса, Еуропада қысқа метражды немесе миниатюралық графикалық жолақтар кең тараған. Азия кеңістігінде Қытай манхуа форматы мен Жапон мангасы өзіндік көркемдік жүйесі бар дербес бағыт ретінде дамыды. Бүгінгі таңда көптеген елдер комикс мәдениетіне арналған фестивальдер мен халықаралық байқаулар ұйымдастырып, түрлі тақырыптағы жаңа комикстерді жарыққа шығарып отырады.

Өнер тарихында бір кезде «төменгі жанр» деп бағаланған комикстер уақыт өте келе жарнамалық стильден бастап бұқаралық басылымдарға дейін әртүрлі салаларда қолданылды. ХХ ғасырдың басында жанрлық пішін ретінде қалыптасқан комикстер АҚШ-та ағылшын тілін шала меңгерген иммигранттар арасында ақпарат жеткізу құралы ретінде ерекше танымалдыққа ие болды. Осы кезеңнен бастап комикс Америкада культтік мәдени феноменге, ал Францияда толыққанды мойындалған өнер түріне айналды.

Негізінен, комикс – бірізді суреттермен ұйымдастырылған баяндауды, тұрақты кейіпкер құрамын және диалогтық немесе монологиялық мәтінді графикалық панельге кірістіруді қажет ететін күрделі көркем-мәтіндік жүйе. Осы ерекшеліктер комиксті заманауи мәдениеттегі визуалды коммуникацияның ықпалды формасы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Сурет арқылы оқиғаны жеткізу дәстүрі ежелгі замандардан бастау алады. Палеолит дәуірінің соңында пайда болған петроглифтерді де оқиға желісін сурет арқылы бейнелеген көрнекі құрал деп бағалауға болады. XVI–XVII ғасырларда сурет арқылы өрілген әңгімелер Валенсия мен Барселона қалаларында өріс алды. XIX ғасырда Эпинал қаласында халық бұл өнерді өндіріс көзі ретінде пайдалана бастады. Сол кезде Пеллерен фабрикасында 16 ұсақ суреттен тұратын 600-ге жуық хикаялар басылып шыққан, әрі кейін жекелеген авторлар да өз бетімен суретті хикаяттар жасап, таратқан [6, 2].

**Нәтижелер мен талқылау.** Комикс алғаш рет 1897 жылы мультфильмдерге қатысты қолданылғанымен, алғашқы суреттері бар кітаптар XIX ғасырда пайда болған [7, 19]. Бұл жанрды швейцариялық жазушы әрі суретші Родольф Тёпфер де дамытқан. 1837 жылы ол

«Обадия Олдбактың шытырман оқиғалары» атты ақ-қара суреттерден тұратын альбом шығарған, бұл туындысы ХХ ғасырдың басында танымалдыққа ие бола бастады [7, 24]. Америкалық суретші Скотт Макклауд өзінің «Комикстерді түсіну» кітабында Тёпферді «заманауи комикстердің әкесі» деп атаған [7, 27]. Макклаудтың пікірінше, комикс тек сурет арқылы берілетін оқиға ғана емес, түрлі-түсті мұқабаның артында терең ой мен мағына жатыр. Неміс жазушысы Вильгельм Буш та «Макс және Мориц» шығармасы арқылы өз замандастарына және қоғамға әсер етті [7, 35].

ХХ ғасырда комикстің «алтын дәуірі» басталды. Сурет арқылы оқиғаны баяндайтын алғашқы комикс 1892 жылы Америкада жарық көрген. Комикс – әдебиет пен көркем сурет өнерін ұштастыратын жанр, оның бірнеше түрлі тармағы бар. Мысалы, кейбір комикстер графикалық романға ұқсас болса, енді бірі қысқа форматта болып, стрип деп аталады [7, 15].

1930 жылдардан бастап комикс көпшіліктің назарына кеңінен ілігетін болды. Мысалы, Мартин Гудмен түрлі журналдар мен шағын газеттерді шығарып, оқырман аудиториясын кеңейтуді мақсат етті. Алайда, бұл басылымдардың таралымы бастапқыда аз болған. Барлық газет-журналдарды бір автор тобы дайындағанымен, олар әртүрлі бренд атауларымен жарыққа шықты. 1939 жылы Гудмен бірнеше басылымды біріктіріп, Timely Comics компаниясын құрды. Компаниядағы комикстердің редакторы қызметін Джо Саймон атқарды, ал алғашқы кейіпкерлерді – «От адам» және «Сүңгуір Неморы» – Карл Бургос пен Билл Эверт жасады. Бұл өнім қоғамда жылдам танылып, сатылымы жоғары болды [8].


Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы (1939 ж.) өндіріс саласына ғана емес, сол кездегі қоғамға да әсерін тигізді. Әлемдік жағдай шиеленісе түскен тұста халыққа үміт сыйлайтын кейіпкер қажет болды. Осыған байланысты Джо Саймон мен Джек Кирби бірігіп, 1941 жылы «Капитан Америка» кейіпкерін таныстырды [8]. Сонымен қатар, 1934 жылы құрылған DC Comics компаниясы нарықта маңызды орынға ие болды.

Кейіннен комикс оқырмандары «Өрмекші адам», «Халк» сынды т.б кейіпкерлермен танысты. Ал 1963 жылы комикс беттерінде «Темір адам» пайда болды. 2009 жылы Marvel толығымен Disney медиахолдингінің қол астына өтті [9, 18]. Осы кезеңде комикс кейіпкерлері жайлы жаңа фильмдер түсіріліп, Marvel кино әлемінің алыбына айналды. Бүгінде статистикалық мәліметтерге қарағанда, Marvel 5000-ға жуық комикс кейіпкерлерін дүниеге әкелген алып компанияға айналған.

Кеңес Одағы (КСРО) контекстінде комикс жанры Батыс мәдениетінің ықпалымен тығыз байланысты болды. Осыған орай, кезең суретшілері мен жазушылары аталған жанрдың тек жекелеген элементтерін ғана өз шығармашылығында қолданды. Комикс форматындағы алғашқы басылымдардың бірі ретінде 1928 жылы жарық көрген «Кірпі» атты балалар журналын атауға болады. 1940 жылдары комикстер идеологиялық тұрғыдан зиянды деп танылып, салдарынан оқиғаларды суреттермен басып шығаратын көптеген басылымдардың жабылуына әкелді [10]. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін комикстер КСРО аумағында қайта жаңғырып, «Мурзилка» және «Көңілді суреттер» сияқты балалар журналдарында жариялана бастады. Уақыт өте келе олардың танымалдығы артқаны соншалық, АҚШ сияқты басқа елдерде аударылып, басылып шықты [10].

Кеңестік комикстер еуропалық және американдық аналогтарынан ерекшеленуге ұмтылды, осылайша Батыс оқырманына жаңа мазмұн ұсынды. Ресейде «Микки Маус», «Үйрек ертегілері», «Юра паркі», «Кішкентай су перісі», «Алладин» сияқты әлемдік комикс өнімдері кең танымалдылыққа ие болды [8, 17].

Қазақстан тарихында бұл жанрдың іргетасы мүлдем болмады деп тұжырымдауға болмайды. Жанрдың бастапқы элементтерінің көріністері әдебиет үлгілерінде кездеседі. Ж. Аймауытовтың 1929 жылы шыққан «Жаман тымақ» атты сатиралық өлеңдер жинағында комикстік сипаттағы суреттердің қолданылуы осыған дәлел. Ақын өлең мәтінін шағын суреттермен көрнекі түрде ұштастырған. Бұл кітаптағы суреттерді орыс азаматы Каменский салған [11].



1 сурет. Ж. Аймауытұлының “Жаман тымақ” кітабы

Осыған қарамастан, комикс жанрының бұл бастамасы кейіннен кең түрде танымал болып, жан-жақты дамыады. Балаларға арналған газет-журналдарда мәтіндік сюжетті толықтыратын суреттік бейнелер болғанымен, оларды толыққанды комикс жанрына жатқызуға болмайды.

Комикс жанрының әдебиеттегі маңызы балалардың оқуға деген қызығушылығын арттырумен анықталады.

Ұзақ көлемді шығармаларды оқумен салыстырғанда, қысқа, тартымды және көрнекі бейнелермен берілген сюжеттер оқушылардың ынта-ықыласын оятып, оқу процесіне деген құлшынысын арттырады. Кез келген әдеби шығарма сияқты, комикс жанры да оқушы үшін тәрбие құралы бола алады.

Комикс жанрын білім беру және шығармашылықты дамыту мақсатында тиімді пайдалана білу жеке тұлғаның болмысын қалыптастыруда оң әрі дұрыс ықпал етуге мүмкіндік береді.

КСРО-да комикстер батыс мәдениетімен байланысты болды, сондықтан сол кездегі суретшілер мен жазушылар өз шығармаларында осы жанрдың кейбір элементтерін ғана пайдаланды.

Америка мен Жапония сияқты алдыңғы қатарлы елдер комикс жанрын “жасөспірімдерді кітапқа баулудың тиімді құралы”, - деп санайды [7, 25]. Соңғы жылдары Қазақстанда да бұл салаға назар артып, отандық авторлар мен зерттеушілер тарапынан қызығушылық байқала бастады. Осы бағытта шығармашылықпен айналысып жүрген тұлғалардың пікірлері отандық комикс индустриясының қалыптасу барысын бағалауға мүмкіндік береді.

Қазақстандық авторлардың бірі – «AMANAT» партиясы жанындағы Қоғамдық саясат институтының бас сарапшысы Ерлан Ахмеди өз сұхбаттарында «Капитан Qazaqstan» комиксін құрастыру бала кезден бергі арманы болғанын атап өтеді. Ол Marvel және DC студияларының өнімдерін көріп өскендіктен, алғашқы эскиздерін оқушы кезінде жасағанын айтқан. Автордың пікірінше, қазақ балалары өзге елдің Бэтмен, Супермен сияқты қаһармандарынан гөрі, отандық кейіпкерлерге қызығушылық танытқаны дұрыс. Сондықтан ол қазіргі заманғы әділеттілікті ту еткен, күндіз – саясаткер, түнде – әділетсіздікпен күресетін ұлттық қаһарман бейнесін жасауды мақсат еткен. Ахмедидің пайымдауынша, мұндай кейіпкерлер жас ұрпақты дұрыс құндылықтарға бағыттауға ықпал етеді [8].

Жас жазушы Досхан Жылқыбай да комикстің қоғамдағы мәдени-идеологиялық рөлін атап көрсетеді. Ол «Капитан Америка» комиксінің тарихи кезеңдерде АҚШ халқы үшін ұлттық серпін бергенін және үлкен идеологиялық құрал болғанын тілге тиек еткен. Жазушы қазіргі кезеңде комикс кітаптарының дәстүрлі формасы әлсіреп бара жатқанымен, Marvel студиясы мен жапон аниме-индустриясы бұл жанрға жаңа қарқын бергенін айтады. Мысал ретінде ол «Титандар шабуылы» шығармасының бастапқыда тек манга ретінде белгілі болып, анименің арқасында жаһандық мәдени феноменге айналғанын келтіреді. Анименің танымалдығы өскен сайын, манга нұсқасына деген сұраныс та бірнеше есеге артқанын атап көрсетеді. Оның ойынша, қазақ комикстерінің дамуына да осындай медиалық синергия қажет [8].

Автор сонымен бірге комикстердің ұлттық фольклорды дәріптеудегі мүмкіндіктерін ерекше атап өтеді. Батырлар жыры мен аңыздардың тілі күрделі, көлемі ұзақ болғандықтан, жаңа буын оны қабылдауда қиындық көреді. Сондықтан бұл мұраларды комикс формасында ұсыну – олардың қазіргі жасөспірімдер үшін тартымдылығын арттыра алады. Жылқыбайдың айтуынша, бүгінгі оқулықтарда «Алпамыс батыр» секілді кейіпкерлердің көркем бейнесі бірізді қалыпта берілмейді, бұл балалардың елестету қабілетіне кедергі келтіреді. Ал комикс батыр бейнесін жаңғыртып, тұрақты визуалды образ қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ол Тұңғыш Президент қоры қолдауымен «Ер Төстік», «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр» туралы 20-ға жуық комикс жазғанын және «Түс көретін робот» атты ғылыми-мифологиялық комикс жасағанын мәлімдейді [9].

Комикс жанры табиғаты жағынан вербалды мәтін (оқу) мен визуалды материалды (көру) синтездейді. Бұл пирамидадағы 30% (көру) және 10% (оқу) деңгейлерін біріктіріп қана қоймай, 50% деңгейіндегі – көру + есту моделімен функционалды түрде сәйкес келеді.

Ұсынылған пирамидада білімді меңгеру деңгейі түрлі танымдық арналарға байланысты өзгертіні көрсетілген. Статистикалық деректерге сәйкес, адам ақпараттың:

- 10%-ын – оқу арқылы,
- 20%-ын – есту арқылы,
- 30%-ын – көру арқылы,
- 50%-ын – көру және естуді қатар қолдану арқылы,
- 70%-ын – жазу арқылы,
- 90%-ын – біреуге түсіндіру арқылы меңгереді.

АҚШ-тағы National Training Laboratories институтының «Learning Pyramid» моделіне негізделген және қазіргі білім беру психологиясында оқыту әдістерінің тиімділігін бағалауда кең қолданылады. Ғылыми зерттеулер графикалық ақпараттың мәтінге қарағанда мида 2 есе жылдам өңделетінін және есте 3–4 есе жақсы сақталатынын дәлелдейді [12, 99]. (Mayer, 2009).



2 сурет. “Есте сақтау” пирамидасы

Психолог А. Паивинио ұсынған бұл теорияға сәйкес, ақпарат: вербалды арнада және визуалды арнада бір уақытта өңделсе, есте сақтау деңгейі айтарлықтай өседі. Комикс осы теорияның ең тиімді үлгісі болып табылады, себебі:

- мәтін – тілдік өңдеуді;
- сурет – бейнелік өңдеуді;
- кадрлық қозғалыс – динамикалық пайымдауды;
- репликалар – диалогтық есте сақтауды қамтиды.

Бұл комикстердің танымдық жүктемені азайтып, ақпаратты тез қабылдануының ғылыми дәлелі. Комикстер күрделі идеяларды минималды когнитивтік жүктемемен жеткізуге мүмкіндік береді. Mayer (2009) көрсеткендей, визуалды-вербалды интеграция когнитивтік

жүктемені 25–40% төмендетеді, бұл оқушының зейінін негізгі мазмұнға бағыттауға көмектеседі [12, 237].

Сондықтан тарихи, әдеби немесе мифологиялық тақырыптарды комикс арқылы беру – қазіргі оқушылардың қабылдау психологиясына толық сәйкес келеді.

Комикстердің мазмұндық құрылымы:

- оқиғалардың динамикасын,
- кейіпкерлердің психологиялық күйін,
- тарихи-фольклорлық контексті,
- ұлттық құндылықтарды көрнекілік арқылы береді.

Бұл балаларға батырлар жыры, ғашықтық жырлар және мифологиялық кейіпкерлер сияқты ұзақ, күрделі мәтіндерді жеңіл әрі тез меңгеруге мүмкіндік береді. Мысалы, «Алпамыс батыр» немесе «Қыз Жібек» жыры сияқты мәтіндер комикс форматында ұсынылғанда, ақпарат визуалды түрде тез қабылданып, есте берік сақталады.

**Қорытынды.** Жоғарыда келтірілген статистикалық деректер мен когнитивтік теориялар комиксті оқу:

- танымдық тиімділігі жоғары,
- есте сақтау тұрғысынан берік,
- мотивациялық әсері күшті,
- күрделі ақпаратты жеңілдететін,
- ұлттық құндылықтарды жеткізуде тиімді оқыту құралы екенін ғылыми түрде дәлелдейді.

Сондықтан комикс жанры қазіргі білім беру кеңістігінде оқу, көру, жазу және түсіндіру әрекеттерін интеграциялайтын кешенді құрал ретінде қарастырылуы керек.

Комикс жанрының ерекшелігі – визуалды және вербалды мәтіндердің бірлігінде. Комиксте сурет жетекші рөл атқарады, мәтін иллюстрациямен тығыз байланыста болады. Визуалды ақпараттың жылдам және жеңіл қабылдануы балалардың оқуға деген ынтасын арттырады, мәтіндік қабылдауды жеңілдетеді. Комикс эмоцияны, әрекет динамикасын және авторлық ойды бейнемен шапшаң жеткізеді, бұл балалар психологиясына сай келеді.

Зерттеушілердің пікірінше, комикстерді оқу оқушының мәтінге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, шығарманы интерпретациялау, оқиғаларды жүйелі байланыста түсіну, логикалық ойлау сияқты дағдыларын дамытады. Комикс салуды үйренген бала оқыған мазмұнын визуалды түрде қайта бейнелеуге талпынады, бұл оның шығармашылық қабілетін дамытады.

Сонымен, комикс жанры – оқушыларды көркем әдебиетке жақындатудың тиімді құралдарының бірі. Комикске негізделген әдеби шығармаларды мектеп бағдарламасында қолдану – заманауи педагогикалық тәжірибені дамытуға, ұлттық әдебиетті оқыту әдістерін жаңғыртуға мүмкіндік береді. Жанрдың қолжетімді, бейнелік, динамикалық табиғаты оқушының оқу әрекетін белсенді етіп, тұлғалық дамуына оң ықпал етеді.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Strauss W., Howe N. *Generations: The History of America's Future, 1584 to 2069.* – New York: William Morrow, 1991. – 538 p.

2. Козлова О.Д., Киндеркнехт А.С. *Феномен клипового мышления: между стереотипом и ризомой // Вопросы философии.* – 2018. – № 2. – С. 39–45.

3. Ломбина Т.Н., Юрченко О.В. *Особенности обучения детей с клиповым мышлением // Общество: социология, психология, педагогика.* – 2018. – № 1. <https://doi.org/10.24158/spp.2018.1.7>

4. Лукиных Ю.В. *Феномен комикса в контексте образовательного пространства // Russian Linguistic Bulletin.* – 2022. – № 4 (32). – С. 1–5.

5. Күдерина К., Жұбаева О., Жолшаева М. және т.б. Қазақ әдеби тілінің сөздігі: он бес томдық. – Алматы, 2011. – Т. 8. – 744 б.
6. Денисова А.И. Прикладная культурология. Американский комикс: факторы развития и феномен популярности. [Электронный ресурс]. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/amerikanskiy-komiks-factory-razvitiya-i-fenomen-populyarnosti/pdf> (қаралған күні: 05.12.2025).
7. McCloud S. Comics richtig lesen. – Hamburg: Carlsen, 1994. – 211 p.
8. Сарша Н. Комикс неге көмескі // Айқын. – 2024. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://aikyn.kz/263500/komiks-nege-komeski> (қаралған күні: 05.12.2025).
9. Калмыкова Л.А. Комикс как средство формирования читательской грамотности у школьников // Современные проблемы науки и образования. – 2023. – № 2. – С. 125–130.
10. Ерболқызы А. Қазіргі қазақ комиксі // Жас Алаш. – 2024. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://zhasalash.kz/news/syuzhet-alsz-suret-arsz-kazak-komiks-8c7cf2/> (қаралған күні: 05.12.2025).
11. Атыгаева Ж.Е., Тілеулесова А.Ш. Оқушылардың әлеуметтік-мәдени құзыреттілігін қалыптастыру әдісі ретінде семиотикалық трансформация // Тіл және әдебиет: теориясы мен тәжірибесі. – 2025. DOI: 10.52301/2957-5567-2025-4-2-116-128
12. Mayer R.E. Multimedia learning. – New York: Cambridge University Press, 2009. – 320 p.

#### References:

1. Strauss W., & Howe N. (1991). *Generations: The history of America's future, 1584 to 2069*. New York, NY: William Morrow.
2. Kozlova O.D., Kinderknecht A.S. (2018). *Fenomen klipovogo myshleniia: mezhdru stereotipom i rizomoi* [The phenomenon of clip thinking: Between stereotype and rhizome]. *Voprosy filosofii*, 2, 39–45. [in Russian]
3. Lombina T.N., Yurchenko O.V. (2018). *Osobennosti obucheniia detei s klipovym myshleniem* [Features of teaching children with clip thinking]. *Obshchestvo: sotsiologiya, psikhologiya, pedagogika*, 1. <https://doi.org/10.24158/spp.2018.1.7> [in Russian]
4. Lukinykh Yu.V. (2022). *Fenomen komiksa v kontekste obrazovatel'nogo prostranstva* [The phenomenon of comics in the context of the educational space]. *Russian Linguistic Bulletin*, 4(32), 1–5. [in Russian]
5. Kuderinova K., Zhubaeva O., Zholshaeva M., et al. (2011). *Kazak adebi tilinin sozdigi: On bes tomdyk* [Dictionary of the Kazakh literary language: In fifteen volumes] (Vol. 8). *Almaty*. [in Kazakh]
6. Denisova A.I. (n.d.). *Prikladnaia kul'turologiia. Amerikanskii komiks: faktory razvitiia i fenomen populiarnosti* [Applied cultural studies. American comics: Factors of development and the phenomenon of popularity]. Retrieved December 5, 2025, from <https://cyberleninka.ru/article/n/amerikanskiy-komiks-factory-razvitiya-i-fenomen-populyarnosti/pdf> [in Russian]
7. McCloud S. (1994). *Comics richtig lesen*. Hamburg, Germany: Carlsen.
8. Sarsha N. (2024). *Komiks nege komeski* [Why comics remain marginal]. *Aikyn*. Retrieved December 5, 2025, from <https://aikyn.kz/263500/komiks-nege-komeski> [in Kazakh]
9. Kalmykova L.A. (2023). *Komiks kak sredstvo formirovaniia chitatel'skoi gramotnosti u shkol'nikov* [Comics as a means of developing reading literacy among schoolchildren]. *Sovremennye problemy nauki i obrazovaniia*, 2, 125–130. [in Russian]
10. Erbolkyzy A. (2024). *Kazirgi kazak komiksi* [Modern Kazakh comics]. *Zhas Alash*. Retrieved December 5, 2025, from <https://zhasalash.kz/news/syuzhet-alsz-suret-arsz-kazak-komiks-8c7cf2/> [in Kazakh]
11. Atygaeva Zh.E., Tileulesova A.Sh. (2025). *Okushylardyn aleumettik-madeni kuzyrettiligin kalyptastyru adisi retinde semiotikalyk transformatsiya* [Semiotic transformation as a method of

forming students' socio-cultural competence]. *Til zhane adebiet: teoriiasy men tazhiribesi*. DOI: 10.52301/2957-5567-2025-4-2-116-128 [in Kazakh]

12. Mayer R.E. (2009). *Multimedia learning*. New York, NY: Cambridge University Press.

FTAMP 14.35.05

10.51889/2959-5657.2025.94.4.014

\*Оспанова А.К.<sup>1</sup> , Дуранли М.<sup>2</sup> 

<sup>1</sup>Әл-фараби атындағы ҚазҰУ

Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup>Еге университеті

Измир, Түркия

\*e-mail: [ospanova.ak07@mail.ru](mailto:ospanova.ak07@mail.ru)

e-mail: [m\\_duranli@hotmail.com](mailto:m_duranli@hotmail.com)

## К. ТОҚАЕВТЫҢ «АРНАУЛЫ ТАПСЫРМА» ПОВЕСІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

### Аңдатпа

Мақалада белгілі жазушы және көрнекті қаламгер Кемел Тоқаевтың «Арнаулы тапсырма» әңгімесінің тәрбиелік және адамгершілік мәнін зерттеу ұсынылған. Шығарманың басты кейіпкері – қазақ халқының біртуар азаматы, батыры, халық қаһарманы Қасым Қайсеновтың бейнесі арқылы автор Ұлы Отан соғысы жылдарындағы партизандық жасақ құрамындағы атқарған ерліктерін паш ете отырып, оқырманның бойында ұлттық рух пен патриоттық сананы қалыптастырады. Зерттеу барысында шығармада қолданылған ой иірімдері сараланып, идеялық тұжырымдамалар талданды, оның құрылымы мен мазмұны қарастырылды, олардың семантикасы ашылды. Шығарманың мәтінінен авторлық нақыл сөздері жүйеленіп, олардың сөз астары ашылды. Зерттеудің қайнар көзі жазушының замандастарының естеліктері, сондай-ақ оның шығармашылығына арналған кейінгі ұрпақ өкілдерінің материалдары болды.

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы, тұтастай алғанда, ауызша өнердің тәрбиелік әлеуетін және Кемел Тоқаевтың шығармаларын, атап айтқанда, олардың ұлттық сипатын анықтауда және жаңа танымдық көзқарасты қалыптастыруда жатыр. Тәрбие үрдісінде көркем сөздің ерекше орын алатыны белгілі. Зерттеу нәтижелері К.Тоқаевтың мұрасы өмірдің мәнін түсінуге, адамгершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеуге, сондай-ақ ерік, ар-намыс, парыз сезімі және жауапкершілік сияқты құндылықтарға негізделген ұлттық рухты оятуға бағытталғанын көрсетеді. Бұл тұжырымдар қазақ халқының рухани құндылықтарын тереңірек түсінуге ықпал етеді.

Жұмыстың практикалық маңыздылығы – алынған нәтижелерді жазушының шығармаларын оқыту және зерттеу процесінде пайдалану мүмкіндігі.

**Түйін сөздер:** Кемел Тоқаев, тәрбие, патриотизм, адамгершілік, сөз өнері

\*Оспанова А.К.<sup>1</sup> , Дуранли М.<sup>2</sup> 

<sup>1</sup>КазНУ имени аль-Фараби

Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Эгейский университет

Измир, Турция

\*e-mail: [ospanova.ak07@mail.ru](mailto:ospanova.ak07@mail.ru)

e-mail: [m\\_duranli@hotmail.com](mailto:m_duranli@hotmail.com)

## ВОСПИТАТЕЛЬНОЕ ЗНАЧЕНИЕ ПОВЕСТИ К. ТОКАЕВА «ОСОБОЕ ПОРУЧЕНИЕ»

### Аннотация

В статье представлено исследование воспитательного и нравственного значения повести известного писателя и выдающегося публициста Кемела Токаева «Особое поручение». Через образ главного героя произведения – выдающегося сына казахского народа, героя, народного героя Касыма Кайсенова – автор раскрывает его подвиги в составе партизанского отряда в годы Великой Отечественной войны, формируя у читателя национальный дух и патриотическое сознание. В ходе исследования были проанализированы идейные концепты, использованные в произведении, рассмотрены его структура и содержательное наполнение, раскрыта их семантика. Из текста произведения были систематизированы авторские афористические высказывания, выявлен их скрытый смысл. Источниковой базой исследования послужили воспоминания современников писателя, а также материалы представителей последующих поколений, посвящённые его творчеству.

Научная значимость исследования заключается в раскрытии воспитательного потенциала словесного искусства в целом и произведений Кемела Токаева в частности, в выявлении их национального характера и формировании нового познавательного взгляда. Известно, что в воспитательном процессе особое место занимает художественное слово. Результаты исследования показывают, что наследие К. Токаева направлено на осмысление смысла жизни, воспитание нравственности, трудолюбия, а также на пробуждение национального духа, основанного на таких ценностях, как воля, честь, чувство долга и ответственность. Эти выводы способствуют более глубокому пониманию духовных ценностей казахского народа.

Практическая значимость работы заключается в возможности использования полученных результатов в процессе преподавания и изучения произведений писателя.

**Ключевые слова:** Кемел Токаев, воспитание, патриотизм, нравственность, словесное искусство

\*Ospanova A.K.<sup>1</sup> , Duranlı M.<sup>2</sup> 

<sup>1</sup>Al Farabi Kazakh National University  
Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>Ege University  
Izmir, Turkey

\*e-mail: [ospanova.ak07@mail.ru](mailto:ospanova.ak07@mail.ru)

e-mail: [m\\_duranli@hotmail.com](mailto:m_duranli@hotmail.com)

## THE EDUCATIONAL VALUE OF K. TOKAEV'S NOVELLA "SPECIAL ASSIGNMENT"

### Abstract

This article presents a study of the educational and moral significance of the novella “*Special Assignment*” by the well-known writer and prominent public intellectual Kemel Tokaev. Through the image of the main character – an outstanding representative of the Kazakh people, a hero and People’s Hero, Kassym Kaysenov – the author depicts his heroic deeds within a partisan unit during the Great Patriotic War, thereby fostering national spirit and patriotic consciousness in the reader. The study analyzes the conceptual ideas employed in the work, examines its structure and semantic content, and elucidates their meanings. The writer’s aphoristic statements found in the text are systematized and their implicit meanings are revealed. Accounts by the writer’s contemporaries as well as materials by representatives of later generations concerning his life and творчество served as the empirical basis of the research.

The scholarly significance of the study lies in revealing the educational potential of the art of the word in general and the works of Kemel Tokaev in particular, highlighting their national character and contributing to the formation of a new cognitive perspective. It is widely acknowledged that literary art occupies a special place in the educational process. The findings of the study demonstrate that K. Tokaev's literary heritage is aimed at helping readers comprehend the meaning of life, cultivating morality and diligence, and awakening the national spirit grounded in such values as willpower, honor, emotional depth, and a sense of duty. These conclusions contribute to a deeper understanding of the spiritual values of the Kazakh people.

The practical significance of the study lies in the possibility of applying its results in the teaching and study of the writer's works.

**Keywords:** Kemel Tokaev, education, patriotism, morality, art of the word

**Кіріспе.** «Адамға ең бірінші керегі білім емес, тәрбие. Тәрбиесіз білім- адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі» – деп Әл-Фараби айтқандай, тәрбие мәселесі қашанда негізгі ұстаным екені мәлім. Кез келген туындының астарында ұрпақ тәрбиесі жататыны сөзсіз. Бүгінде көркем мәтін астарынан ұлттық құндылықтарымызды анықтап, мәдени-тарихи мұраларымыздың құндылығын қарастыру, зерттеу үрдісі толастаған емес. Дәл осы тұста халық жадында өзінің қайталанбас тұлғасы мен патриоттылығы, рухани-адамгершілік болмысымен сақталған майдангер жазушы, қазақ детективті прозасының атасы – Кемел Тоқаев шығармаларының маңызы жоғары. К. Тоқаев шығармалары өскелең ұрпақты тәрбилелеу барысында маңызды рөл атқарады. Майдангер жазушының шығармаларында рухани құндылық, танымдық мазмұн, эстетикалық, адамгершілік-патриоттық тәрбие, тарихи шындық т.б. кеңінен орын алған.

Сұрапыл соғысты басынан кешіп, тарих шындығын көркем сөзге сыйдыра білген жазушы мұрасында мол тағлым мен тәрбие тұнып тұр. Оның шығармаларында тек тарихи дерек қана емес, тарихта өз ерліктерімен, батылдықтарымен үлгі болған Ұлы тұлғалар, олардың бейбітшілік пен тыныштық жолындағы атқарған істері суреттеледі. Осы себептен, К. Тоқаевтың туындылары біз үшін баға жетпес дерек, құнды мұра жиынтығы, өнегелі тәрбие құралы болып саналады. Отаншылдық пен сүйіспеншілік, ерлік пен елдік, адамгершілік пен ізгілік, тектілік, намыс, жақсылық пен жамандық, қасиет пен қасірет, ар мен жан тазалығы, достық пен сыйластық, ізгілік пен құрмет – бәрі де Кемел Тоқаевтың жеке тұлғасы мен шығармаларынан орын алған. Қаламгер шығармаларындағы жоғарыда аталған ұғымдар болашақ ұрпақ бойына кісілік асыл қасиеттерді жинақтап меңгеруге ықпал ететін тәрбие бастауы болмақ. Оның әдеби мұралары – патриоттық-педагогикалық өсиет, құндылығын жоғалтпайтын мол қазына. Өрлігі мен ерлігі, өмірлік ұстанымы мен жоғары азаматтық бейнесі, туған тарихына, жеріне, дәстүріне, ұлтына деген сүйіспеншілігі К. Тоқаевтың қайталанбас феномен екендігін дәлелдейді. Сондықтан, жазушы Кемел Тоқаевтың шығармаларының тәрбиелік мәнін қарастырудың маңызы жоғары.

**Әдістер мен материалдар.** Кемел Тоқаев мұрасын қарастыру барысында историзм және объективтілік принциптері басшылыққа алынды. Зерттеу жұмысында герменевтика, жүйелі-құрылымдық, тарихи-салыстырмалы әдіс-тәсілдерді қолданылды.

Мақалаға қазақ жазба әдебиетіне жаңа серпін берген, детективті жанрдың негізін қалаушы, майдангер жазушы Кемел Тоқаевтың «Арнаулы тапсырма» [1] повесі зерттеу нысанына алынды. Сондай-ақ, жазушының өмірі мен шығармашылығына қатысты зерттеулер негіз болды. Атап айтсақ, детективті шығармалардың қазақ әдебиетінде пайда болуы, жанрлық ерекшелігі, оның негізін қалаушы К. Тоқаев турасында қазіргі әдебиеттану ғылымында Н. Ақыш, Г. Орда, М. Шакиев, Р. Тұрысбек, Т.С. Ғабдрахман, Қ. Досыбекова, т.б. ғалымдардың зерттеулері мен мақалалары, сондай-ақ, ЖОО детективті оқыту бойынша алғашқы үлкен зерттеу еңбек А. Жүнісованың диссертациясы [2] мақаламызға арқау болды.

А. Жүнісова зерттеу еңбегінде жазушы Кемел Тоқаев және детективті оқытудың жолдарын қарастырады. Ғалым жоғары мектепте детектив жанрын педагогикалық және психологиялық ұстанымдар, шарттар мен қағидалар негізінде оқытудың тиімділігін ұсынды. Детективті әдебиетті оқытудың тиімді әдістемесін әзірлеу педагогикалық-психологиялық негіздерге сүйенуді қажет екенін ата келе, ЖОО-да детективтік әдебиетті талдаудың әдістемелік жүйесін әзірлеуді П.Я. Галпериннің ақыл-ой әрекеттерін кезең-кезеңімен қалыптастыру теориясына, В.В. Сериковтың тұлғаға бағытталған оқыту тұжырымдамасының ережелеріне негіздейді.

Жоғарыда айтқанымыздай жазушының өмірі, шығармашылығы, детективті шығарманы оқыту бойынша біраз зерттеулер бар. Ал Кемел Тоқаевтың шығармашылық мұрасының тәрбиелік мән-мағынасын көрсететін зерттеулер кенже қалып тұр. Бұл зерттеу осы мәселеге бір қадам болса да жақындауға мүмкіндік береді.

Жазушының әр кітабын зерделей оқып, сын тезіне салғанда оның сол кезеңде қалыптасқан таптық таптаурын сюжеттерден бойын аулақ салып, қазақ халқының ар-ұятты мал-жанынан биік қоятын адамгершілік мораліне сүйеніп сипаттайды. Жақсыдан үйрену, жаманнан жирену, әдептен озбау, біреудің ала жібін аттамау, ата салтын бойына сіңіру – Кемел Тоқаев туын дыларындағы жөн-жосық қағидасының қазығы осы [3].

**Нәтижелер мен талқылау.** Адамның наным - сенімі, дүниетанымы, шынайы азаматтық айқындамасы білім арқылы ғана емес, сонымен бірге оның ішкі сезіміне, эмоциясына, моральмен біте қайнасқан өз ойының күш - қуатына байланысты қалыптасады. Оған өнердің тигізер маңызы зор екенін атап айту қажет.

Өнер адам баласына дүниені жан-жақты танып білуге көмектеседі, ойға азық беріп, кеңінен және әдеттен тыс ойлауға үйретеді, халықтың рухани мәдениетіне жақындастыра отырып, патриотизм сезімін тәрбиелеп, адамгершілік және азаматтық белсенділігін оятады. Сөйтіп, осының нәтижесінде қоғам үшін қажетті жеке адамның үйлесімді дамуына жәрдемдеседі.

Сөз өнерін тәрбиенің құралы ретінде пайдалану туралы идеялар ғалым – педагогтар мен зерттеушілердің (З.Қабдолов, М.Әуезов, Т.Кәкішев, Ғ.Мүсірепов, М. Жолдасбеков, О.Сүлейменов, Р. Бітібаева, С.Серғалиев, Қ.Мырзалиев, М.Қаратаев және т.б.) еңбектерінде орын тапқан.

Жастарды жан-жақты тәрбиелеуде сөз өнерінің маңызы әлі күнге дейін мәнін жоя қойған жоқ. Халықтық тәрбиенің жақсы жақтарын дамыта отырып, бүгінгі дәуірдің талабына сай жаңа мазмұнда пайдалану – тәрбиенің негізгі мақсаты. Қазақ халқының бай қазынасы сөз өнерінде де жастардың ақыл-ойына, дене тәрбиесіне, оларды еңбек пен өнерге баулуға ерекше көңіл бөлген.

Өнердің көп салаларының ішіндегі ең бір қадірлісі әрі қасиеттісі - көркем әдебиет. Оның өнердің өзге түрлерімен әлгідей бірлігі бола тұра өзгешілігі де мол [4, 13].

Жасөспірімдер өнер арқылы дүниені танып біледі, олардың «таза тақталарына» мағлұматтар беріп, өзіндік ойлау мүмкіндіктерін тудырады. Біртін – біртін олардың мәдениет, қоғам, әлеумет, патриотизм сезімдері оянып, күшейеді. Ол сезімдердің оянғандығының өзі ойдың дамығандығы, адамгершілік және азаматтық белсенділіктің туғандығы. Сөйтіп, олардың жеке адам болып қалыптасулары басталады.

Аристотель «Өнер біткеннің барлығы сияқты, тәрбие өнері де табиғаттың кемістігін толтыруды мақсат етеді» десе, орыстың ұлы жазушысы Л.Толстой ғылым ақиқатты дәлелдейді, ал өнер онымен «әсерленеді» деген. О. Сүлейменов «Адам тағдырын тәрбие шешеді, тәрбие құралы – сөз» деп айтқандай, өнердің соның ішінде, атап айтқанда сөз өнерінің орны ерекше. Мысалы, М. Әуезов «Көркем өнер адамдық қалпымызды тәрбиелейді» десе, З.Қабдолов «Сөз өнері - көркем шығарма. Көркем шығарма адамға өмірді танытады; таныта тұра тәрбиелейді» деген болатын. Олай болса орыстың ұлы жазушысы Л. Толстой айтқандай: «Тәрбие беру мен білім беру – ажырағысыз ұғым. Білім бермей тұрып

тәрбиелеуге болмайды, ал берген білім әр білімнің тәрбиелік ықпалын жасайды» [5, 160-162]. Ендеше бұдан шығатын қорытынды: оқушыны білім арқылы, оның ішінде жазушының өмірінен мәлімет бере отырып көркем шығарманы оқыту арқылы тәрбиелеу өте нәтежиелі. Нақ осы жағдайлар сөз бен жазушының әдеби мұрасын меңгерту туралы мәселені қоюдың және сол арқылы адамгершілік тәрбиеге нәтижелі ықпал етудің мүмкіндігін тудырады.

К. Тоқаевтың тілінің айшықтылығы, сезімді өзіне баурап, тартып әкететін шыншылдығы, нақты эмоциялық күш-қуаты оларды жеке тұлғаны қалыптастыруда қажетті тәрбие құрал ретінде пайдалануға итермелейді.

Жазушы қаламынан шыққан туындыларды мазмұндық, тақырыптық, авторлық ой тұрғысынан талдай келе, тәрбие мен ұлағатты көтерген шығармалардың берері мол. Атап айтсақ, жазушының «Арнаулы тапсырма», «Сарғабанда болған оқиға», «Қастандық», «Тасқын» т.б. шығармалары өскелең ұрпақтың тәрбиесі мен демуына өз үлесін тигізеді. Бұл шығармалар жанрлықерекшеліктерімен әдебиетіміздің детектив саласының дамуының көрсеткіші іспетті, сонымен бірге ұлттық прозалық жанрдың, жалпы сөз өнерінің ұлттық қорын молайтып, адам баласын ізгі істерге жетелеп, ұрпақ тәрбиесіне қосар үлесі зор.

Зерттеуші Қ. Жаңабаев «Неповторимый почерк» деген мақаласында К. Тоқаев шығармаларына «жақсылық, батылдық, ар-намыс, өз Отанына деген жанқиярлық сүйіспеншіліктің таза үлгісі болды» деген баға береді [6, 351].

Патриоттық, интернационалдық туды жоғары ұстай білген партизан Қасым Қайсеновті қиыстыра да, келістіре де суреттегенде қазақ елінің мәртебесі көтеріліп, ұлттық мақтанш сезімі оянады. Қазақ деген қаһарман халықтың батыр ұлының бейнесін нақты мысалдармен суреттеп, айқын көрсете білді.

Надежда, Лена, Ирина сияқты т.б. қыздар ер-азаматтармен бірдей көрген қиындықтар, ерлікке толы күндері арқылы асқақ рухының биіктігін көрсете білген. Бір мақсат, бір тілектегі әр ұлт өкілдері ауыр соғыс, қиыншылықта ауыз бірлік, достықтың тамаша үлгісін паш етті. Д. Яковец, Қ. Қайсенов, И. Примак, Н. Попов, А. Крячек, т.б арқылы партизан майдангерлер дәстүрін берік ұстап дамыта білді. Әр ұлт өкілдерінің отаншылдық сезімдері жоғары, рухани өмірі бай, моральдық сапасы жақсы, ер жүрек адамдардың жауды жеңетініне сенесің. Азаматтық парыз бен қарызды биік тұтып, адамгершілікті мақсат еткен адамдарды көріп риза боласың [7, 3].

«Арнаулы тапсырма» повесі Ұлы Отан соғысы жылдарында жау тылындағы ауыр жағдайлар, қатерлі де қиын-қыстау уақыт, партизандардың батыл қадамдары, қазақ, украин, орыс т.б. ұлттардың жауға қарсы жұмыла атқарған ерліктері мен достығы, сұмпайы мінез сатқындардың аяр істері суреттеледі. Шығармадағы қазақ халқының біртуар азаматы, батыры, халық қаһарманы Қасым Қайсеновтың ерлік істері көркем жеткізіліп, оның қан майданда басынан өткергені ұрпаққа әлі де азық болатыны сөзсіз. Соғыс жылдардағы халықтың әлеуметтік жағдайы, ел ішіндегі аласапыран, бір күні үшін елін сатқан опасыздарды көрсетеді. Солай дей келе бұл шығарма халықтың азаттық жолындағы күресін, ардақты азаматтардың ерліктерін насихаттайды. Насихаттай келе оқырманды елін, жерін, Отанын, өмірді, халықты сүюге шақырады.

Романдарын оқу барысында соғыстың қатыгез кескінін көрсететін батылдық көріністер сол бір қанды жылдарға қарай жетелеп әкетеді. Қарапайым әскерилер мен командирлердің ерлік қимылдарын шиыршық атқан оқиғалар арқылы суреттер соғыс шындығынан алшақ кетпеген. Шығармаларында адам сенгісіз ерлік жасап жатқан кеңестік идеялогия емес, кейіпкердің бойында табиғилық басым болып келеді. Майдан рухын аңғартатын ситуациялар мен оқиғалардың дамуы да логикалық тұрғыдан да психологиялық тұрғыдан да сендіре алады [8].

Жазушы шығармасының халықтығы, патриотизм, гуманизм идеялары нақты фактілермен (деректермен) толысады. Оның туындысынан жауапкершілік, адалдық, достық, төзімділік, ерлік т.б. өнегелі қасиеттерді аңғарамыз. Шығарма кейіпкерлерінің еліне, жеріне деген

сүйіспеншіліктері мен анаға деген риясыз махабаттары адам бойына патриоттық рух пен құрметті оятады: «Адам қашса да, пана іздесе де туған жерге ұмтылады. Оны медеу тұтып, әр бұтасын қалқан көреді. Өлсе өз жерінен топырақ бұйыруын тілейді. Осы қара жерде қандай қасиет бар?» [1, 31].

Батыр, жазушының «Арнаулы тапсырма» шығармасының бүгінде тәрбиелік мәні зор. «Кісінің сеніміне ие болып, ол қалтқысыз сені сүйіп, сыйласа, сірә бұдан артық бақыт жоқ-ау» [1, 122] деген үзінді адамды ізгілікке, адамгершілікке шақырады. Оның адами қасиеттер қатарына жатқызатын – ақыл, ар, ерік-жігер, намыс, сезім, парыз, ұлттық рух, ұлттық мінез-құлық, ұлттық патриотизм, ұлттық мақтаныш, т.б. туралы ойлары арқылы еліміздің болашағы жастарға патриоттық тәрбие беруде маңызы ерекше деп айта аламыз.

Жазушының шығармада ұлт руханиятының болмысы мен болашағына қатысты жазылған өзекті ой-толғаныстары бүгінде жастарға оң бағыт – бағдар беретіні сөзсіз. Мәселен, Кемел Тоқаевтың «Арнаулы тапсырма» повесіндегі мына сөздердің философиялық астары өте кең: «Жат бауырдан оңай опасыз шығады» [1, 31] немесе «Бәрінен де араңда жүрген жау жаман, абайлатпай соғады» [1, 41]. Мұнда алдымен ел арасында жүрген «өзім» деген азаматтардың сатқындық істерін айтса, екіншіден ол адамдардың жалпы сенім атаулыдан арда екенін түсінуге болады. Енді бірде «Дұшпанды алыстан емес, өз ішімізден іздеу керек» [1, 131] деп тура айтып, арамза адамдардың жанында жүретінін, олардың адамдық қасиетінің жоқтығын ашық айта келе «Өркім өз өресіне қарай қаракет жасайды» [1, 41] деп түйіндейді. Отанын сатқан опасыздардың іс-әрекеттері бәрібір де әшкереленіп, соңында опық жейді. Бұл сияқты тұстарда бірнеше ой бар. Біріншіден, адам қанша жағынса да дұшпанынан пана таппайтыны, яғни «ит иттігін жасамай қоймайды» деген ой болса, екіншіден, оқырманды сондай іс-әрекеттен жирендіріп, адалдыққа шақырады. Бұлар жазушының өмір белестерінен түйген ой түкпіріндегі сөздері.

Жазушы К.Тоқаев соғыстың осы бір шындығын шырқын бұзбай астарлап шебер суреттей білуімен ерекше көрінді [9].

Шығармадағы әр жолдың айтар ойы айқын: адалдық, мейірімділік, жомарттық, ұстамдылық, ар-ождан, ұят-намыс, ел қамын ойлау. К. Тоқаев шығарма кейіпкерлері арқылы парыз ұғымын жоғары қоятынын байқаймыз. Яғни кез келген адамның атқарар парызы бар. Жазушының пайымынша, парыз өзінің мағыналық аясына ақыл, сезім, ерік, ұят, ар-ождан, әділеттілік, шындық, махаббат сияқты асыл қасиеттерді жинақтаған, жаман әрекеттерге қарсы қойылатын ұғым.

Кемел Тоқаевтың «Арнаулы тапсырма» шығармасында өмірлік ұстаным болар парасатты сөздері көп кездеседі. Оның шығармасында адалдық, достық, елдік пен ерлік, ұлттық сезім туралы ойлар кеңінен орын алады. Мәселен, «Ұрлап алынған зат кәдеге жарамайды» [1, 177], «Жолдастың сөзі үлкен медеу, қуат» [1, 115], «Кісінің сеніміне ие болып, ол қалтқысыз сені сүйіп, сыйласа, сірә бұдан артық бақыт жоқ» [1, 122], «Тірі адам тез жетіледі» [1, 105], «Кісіге жарық дүниеден тәтті дәннеңе жоқ» [1, 106], «Жау шапқан жерден жаялық та табылмайды» [1, 87], «Андықандар ауыздағысынан айрылмай ма?» [1, 77], «Шолақ тоғай пана болуға жарамайды» [1, 56], «Көшті бастағаннан гөрі көшке ілескен оңай» [1, 45], «Құр қайғының құлдыратқаннан басқа болысары жоқ», «Үрейі ұшқан жанда ақыл да қалмайды екен» [1, 10] деген үзінділердің философиялық астары кең қанатты сөздер деп танимыз.

Қаламгер өзінің еңбегінде еліне, жеріне деген сүйіспеншілікті, бостандық пен тәуелсіздікті жоғары қоятындығы аңғарылады: «Алексей Васильевич, – деді мені сөзге тартып, - туған жердің кісіні өзіне тартатын асыл қасиеті бар ма деймін. Мәселен ғой, сіз қоршауда қалдыңыз. Жан-жағыңыз анталаған жау, шарпыған өрт, самсап жатқан өлік... Осындай қысыл-таянда баспана іздегенде бірге жұмыс істеген сырлас жолдастарыңыз, дәмдес таныстарыңыз бар Киевте қалмай, осылай қарай, өзіңіздің туған жеріңізге қарай тарттыңыз. Неге олай еттіңіз? Әрине, сіз бұған жауап бере алмайсыз. Мысалға өзімді алайын.

Жау өкшелеп қуғанда беталды айдалаға қашпай, өзіме таныс жерден пана іздеуге тырыстым, әрі қателескенім жоқ. Әлде біреу «Неге бұлай жасадың» деп сұраса, мен де айта алмаған болар едім» [1, 37] немесе «Бұл кезде Проценко 2-отрядтың командирі болатын. Оның отряды сол ұрыста 70-тен астам фашист солдаттары мен офицерлерін жойды. Соңғы минутта өзі оққа ұшып, ауыр жараланды. Оқ өкпесін жұлып, қабырғасын зақымдап кеткен екен. Ол басын кеудеме қойып:

- Алеша, мына күннің тамашасын қарашы... Өзінің сәулесі қалай мол. Орман іші де бір түрлі әдемі... Жапырақтың, шөптің исі шығады. Егін бастыратын да мезгіл боп қапты. Қызыл Армия келгенше біз егінді жинап та үлгіреміз, солай емес пе? Неге бұлай жаман көзбен қарайсың? Өзің қалың жаудың ортасынан алып шығып, бір өлімнен құтқарып едің ғой. Ажал қыр соңымнан қалмай, міне, тағы алдыға айдап әкелді... Құтқар, Алеша, ең болмаса жеңіс күнін, салют берілген күнді көрейін, жүрегім соған дейін соқсыншы... Артық ғұмыр тілемеймін... Түу, ауа шіркін қандай ауыр еді, кеудемді жаншып барады, - деді де сылқ ете түсті» [1, 136]. Ол өзінің қаламынан шыққан туындысында адамның асқақ рухы мен оның Отанын сүйген ұлтжандылығын көрсете білді. Сонымен қатар, қаламгер шығармалары жастарға аға буынның ерліктерін баяндаумен қатар, ұлттық рухты биік ұстаудың көрініс алуымен дараланады.

Жазушының әдеби мұрасы тек сөз өнерінде ғана емес, әскери өнерде де рухани мұра болмақ. Жазушының шығармасы әскери білімгерлер мен мамандарға, заң саласындағы қызметкерлерге бағалы мұра, таптырмас тәрбие негізі. Бәсекеге қабілетті болашақ ұрпақ тәрбиелеуде, К. Тоқаев шығармалары ұлттық рух пен алып күш беретін құрал. Сондықтан жазушының өмір шындығынан көркемдік шешімге айналған мұрасы жастарға үлкен үлгі өнеге. Оның шығармасының жастардың адамгершілік тұрғыда дамуына игі әсерін тигізіп, ұлтжанды болып қалыптасуына септігі мол. Жазушы туған жердің қымбаттылығын, күдіреттілігін, қасиетін бүкіл шығарма барысында бетке ұстап отырады. «Арнаулы тапсырма» жастарды өз Отанының мүддесі үшін қызмет етуге баулып, мәдениетін, салт-дәстүрін, туған жерін, елін сүйуге және оны болашақ ұрпаққа жеткізуге үйретеді. «Осы күнгі жастар бақытты ғой, - деді Крячек шағын қалаға бет алған түп-түзу жолдан көз алмай. - Осы бақытқа көп қан төгіспен, құрбандықпен жеткенімізді білсе екен деймін, өз дәуренін қастерлесе екен деймін... Кейде біздің арамызда қызық адамдар бар, соларға таң қаласың. «Баяғы өткен соғысты айтасың ба, соны қозғап қайтесіңдер, ол ескі тақырып, бүгінгі күнді сөз етіндер!» - деп байбалам салады...» [1, 137] - деп, ащы шындықты сөз етіп, жеңіс туының, бейбіт өмір мен тәуелсіздіктің оңай келмегенін, осы күнгі дәуренге дейін қасіретті соғыс, тарихи сұрапыл оқиғаның болғанын айтады.

«Өлім қашпайды. Оған асықпаған жөн, біз қашқанмен оның қуып жететін кезі болады...» [1, 32] - деп, ненің болса да мақсаты болатыны, мақсатсыз іс-әрекет болмайтындығын, ендеше барлық іс-әрекеттің жиынтығы, адам өмірінің де мақсаты болуы тиістігін меңзейді. Адам болып өмірге келген соң қоршаған ортаға пайданды тигізу керек деген ой жатыр. «Адам періште емес қой, оның өзінен басқа жан біле қоймайтын кінәлі қылығы, құбылмалы мінезі болады, осы ала-құла мінездерімен адам маған әдемі болып көрінеді. Өмірде жалтақ боп, бір сарынды тіршілік кешкен кісінің өмірі қызықсыз ба деп ойлаймын. Біздің партизан отрядындағылардың көбі жаудың қоршауында қалған, тұтқын лагерінде отырған адамдар ғой. Олардың бәрі бірдей «жаралы болып» қолға түскен адамдар емес, кейбірі өзінің Отан алдындағы күнәсін, мүлт кеткен жерін біледі. Кісіге жарық дүниеден тәтті дәнеңе жоқ. Аз күнгі тіршілік адамға не жасатпайды дейсің, оның бәрін термелеп жинап, кісінің бетіне салық салуға болмайды» [1, 106] – деген үзіндіден жазушының гуманистік көзқарасын көреміз. К. Тоқаевтың осы бір үзіндісінен адамзаттың ұстамдылық пен көркем мінез танытуы керектігін ұғындырады. «Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ» екенін, сол сияқты адам баласына шалыс басу, қателесу тән құбылыс екенін меізепп, қателіктен сабақ болатынын кесіп айтады. Осы орайда Шәкәрім Құдайбердіұлының мына шумақтары ойға

оралады: Біреудің мінін көргенше, Жамандығын тергенше. Өз бойыңды мазалап, Өз бойыңды тазалап, Өзіңмен алыс өлгенше».

Шығармада қоғамдық-әлеуметтікөмір, ондағы адамдар арасындағы қарапайым қарым-қатынастар, жақсылық пен жамандық жайы кең, ауқымды қамтылады. Жазушы К. Тоқаевтың шытырманға толы бұл шығармасы өмірдің өзінен алынып, көтерер мәселесі, атқарар жүгі қомақты екенін ондағы деректерден-ақ көрінеді. Туындыда өмірдің мәні, ондағы адамның орны, өмірдегі құндылықтар түрліше авторлық позицияда, шұрайлы тіл байлығы мен ой шеберлігі арқылы суреттеледі. Туындының сюжеті майдан өміріндегі шиеленісті оқиғалардан алынып, көркем әлемге жол тартқан. «Арнаулы тапсырма» повесінің деректік негізін Қасым Қайсеновтың «Жау тылында» туындысымен салыстырмалы қарасақ, әрбір оқиға нақты дерек пен фактіге сай келетінін анықтауға болады. Осы шығарманы жазу барысында жазушы Кемел Тоқаев Қасым Қайсеновпен бірге Украина еліне арнайы іссапармен барғаны, онда шығармада көрініс тапқан майдангерлермен бетпе бет жүздесіп, таныс болғаны белгілі. «Бір күні Кемелге кездескенде, Украинаға барып қайтқалы жүргенімді айттым. Ол аз ойланып тұрды да:

- Менің Сізбен бірге барғаным жақсы болар еді, - деген тілек білдірді.

- Еш қарсылығым жоқ. Өзіңдей талантты қаламгерге ондағы қандыкөйлек партизан достарымды таныстырар едім, - деп есе жөнелдім. Үш-төрт күннен кейін ол қызмет орнынан демалыс алып, екеуміз жолға шықтық.

Киев қаласына барып түсісімен бірден Украина Жоғарғы Кеңесінің ғимаратына келдік. Ол кезде Жоғарғы Кеңес төрағасының орынбасары Кеңестер Одағының Батыры атағын екі рет алған атақты генерал-майор Сидор Артемьевич Ковпак болатын.

Сол сапарда біз соғысқан жерлерді, сондай-ақ, фашистер басып алған елді мекендердегі жергілікті халықтарды зорлық-зомбылықпен қамаған, кейіннен біз келіп, тас-талқанын шығарған абақтыларды, соғыс тұтқындары азап шеккен лагерлерорындарын Кемел көрді» [10, 118].

Кемел Тоқаевтың шығармаларын араға біраз уақыт салып, қайта парақтар болсақ, оның көпшілік байқай қоймайтын, өз заманында мән бермеген қырлары ашылып, бейне бір жаңа, тың туындылармен сырласып отырғандай күй кешетініңіз жасырын емес. Кемел Тоқаев – даңққа бөленген солдат, қаламы жүйрік жазушы. Рухани асыл қазынамызға қосқан оның да мол үлесі бар. Өнегелі өмір жолы, еңбекқорлығы мен адами қасиеттері жас ұрпаққа үлгі болуға лайық [11].

**Қорытынды.** К. Тоқаевтың «Арнаулы тапсырма» шығармасын мазмұндық, тақырыптық, авторлық ой тұрғысынан талдай келе, тәрбие мен ұлағатты көтерген туынды екеніне көз жеткіздік.

Кемел шығармаларының тақырып астары сан салалы: қазақ халқының ұлттық қалпы, оның тыныштығы, сол жолдағы ата-бабамыздың тартқан тауқыметі, жақсылық пен жамандық арасындағы арпалыс, заң мен қылмыс, ұлттық құндылықтарды құрметтеу, туған тарихымызды бұрмалауға жол бермеу және жауынгерлік қасиеттерді арттыру секілді ұлттық қоғамдық сипаттағы өзекті мәселелер көтеріледі.

Мақалада қғамдағы өзекті мәселені қозғаған, тың тақырыпты ашқан К. Тоқаев повесінің танымдық-тәрбиелік мәні ашылды және бұл зерттеуіміз оқыту процесінде ұстаздар мен оқытушыларға, магистранттар мен докторанттарға жетекші құрал болатыны анық. Қаламгер Кемел Тоқаев шығармасының ұрпақ тәрбиесінде атқаратын өзіндік миссиясы бар. Жазушының азаматтық-патриоттық шығармалары қазіргі оқу-тәрбие процесінде болашақ қоғамға керек тәрбиелеу құралы ретінде пайдаланылса, оқу үрдісіне қосар үлесі көп болары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тоқаев К. Көмескі із. – Алматы: Қазақстан, 1972. – 207 б.
2. Жунусова А. К. Жазушы Кемел Тоқаев және қазақ әдебиетінің детектив жанрын ЖОО-да оқыту: дис. ... д-ра философии (PhD). – Астана, 2023. – 135 б.
3. Садық М. Әке аманаттаған әділдік // *Egemen Qazaqstan*. – 2021. – 26 қазан (№ 203). [Электрондық ресурс]. – URL: <https://egemen.kz/article/294141-ake-amanattaghan-adildik> (қаралған күні: 05.12.2025).
4. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
5. Асыллов Ұ. (жинап, құраст., ауд.). Даналардан шыққан сөз: нақылдар жинағы. – Алматы: Мектеп, 1987. – 383 б.
6. Мұтанов Ғ.М., Смайыл Д. Өнегелі өмір. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 401 б.
7. Қантай С. Детектив шыңына шыққан // *Жетісу*. – 2018. – № 32. – 20 наурыз. – 3 б.
8. Шакиев М. Кемел Тоқаев: қаламгерлік-тұлғалық жолының тарихы // *Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы*. – 2023. – № 3 (75). <https://doi.org/10.51889/1728-5461.2023.1.76.025>
9. Ескендір Қ. Қазақ детективінің ізашары // *Egemen Qazaqstan*. – 2014. – 26 сәуір. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://egemen.kz/article/31671-qazaq-detektivinin-izashary> (қаралған күні: 05.12.2025).
10. Кемел Тоқаев. Детектив дарабозы. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 478 б.
11. Ибрайымов А. Кемел Тоқаев туралы бірер ой // *Абай ақпараттық порталы*. – 2018. – 14 қыркүйек. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://abai.kz/post>

References:

1. Tokaev K. (1972). *Komeski iz [The obscure trace]*. Almaty: Kazakhstan. [in Kazakh]
2. Zhunusova A.K. (2023). *Zhazushy Kemel Tokaev zhane kazak adebietinin detektiv zhanryn ZHOO-da okytu [Writer Kemel Tokaev and teaching the detective genre of Kazakh literature in higher education] (Doctoral dissertation, PhD)*. Astana. [in Kazakh]
3. Sadyk M. (2021, October 26). *Ake amanattaghan adildik [Justice entrusted by the father]*. *Egemen Qazaqstan*. Retrieved December 5, 2025, from <https://egemen.kz/article/294141-ake-amanattaghan-adildik> [in Kazakh]
4. Kabdolov Z. (1992). *Soz oneri [The art of the word]*. Almaty: Kazak universiteti. [in Kazakh]
5. Asylov U. (Ed., Comp., Trans.). (1987). *Danalardan shykkan soz: nakildar zhinagy [Words spoken by sages: A collection of aphorisms]*. Almaty: Mektep. [in Kazakh]
6. Mutanov G.M. (Ed.), Smail D. (Comp.). (2018). *Onegeli omir [A life of virtue]*. Almaty: Kazaq universiteti. [in Kazakh]
7. Kantai S. (2018). *Detektiv shynyna shykkan [Reaching the peak of detective fiction]*. *Zhetisu*, No. 32, 3. [in Kazakh]
8. Shakiev M. (2023). *Kemel Tokaev: kalamgerlik-tulgalyk zholynyn tarihy [Kemel Tokaev: The history of his creative and personal path]*. *Vestnik KazNPU imeni Abaya. Seriya: Istoriya i politiko-sotsial'nye nauki*, 75(3). <https://doi.org/10.51889/1728-5461.2023.1.76.025> [in Kazakh]
9. Eskendir K. (2014, April 26). *Kazak detektivinin izashary [The pioneer of Kazakh detective fiction]*. *Egemen Qazaqstan*. Retrieved December 5, 2025, from <https://egemen.kz/article/31671-qazaq-detektivinin-izashary> [in Kazakh]
10. Tokaev K. (2023). *Detektiv darabozy [A master of detective fiction]*. Almaty: Kazak universiteti. [in Kazakh]
11. Ibraiyimov A. (2018). *Kemel Tokaev turaly birer oi [A few thoughts on Kemel Tokaev]*. *Abai akparattyk portaly*. Retrieved December 5, 2025, from <https://abai.kz/post/76848> [in Kazakh]

## БІЗДІҢ АВТОРЛАР

**Абдиева Гульнара Муратбаевна** – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының докторанты, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6929-0980>, e-mail: [abdiyeva\\_gulnara@mail.ru](mailto:abdiyeva_gulnara@mail.ru)

**Серкебаева Гаухар Искакбековна** – М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті, «Абайтану» ғылыми орталығының аға ғылыми қызметкері, PhD, Шымкент, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8423-1129>, e-mail: [gauhar.110178@mail.ru](mailto:gauhar.110178@mail.ru)

**Зарипова Матлуба Кулфидинова** – PhD, доцент, Термез мемлекеттік университеті, Термез, Өзбекстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8490-3412>, e-mail: [zaripovam@tersu.uz](mailto:zaripovam@tersu.uz)

**Смагулова Бахыт Абаевна** – филология ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6967-0190>, e-mail: [bakyt28@mail.ru](mailto:bakyt28@mail.ru)

**Өнерхан Нурболат** – Моңғолияның Гуманитарлық университеті тіл және мәдениет факультетінің докторанты, Ұланбатыр қаласы, Моңғолия, ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-2068-5496>, e-mail: [nurbolat.bu@gmail.com](mailto:nurbolat.bu@gmail.com)

**Раджапова Наталья Базаровна** – PhD, Термез мемлекеттік университетінің орыс тіл білімі кафедрасы, Термез, Өзбекстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1336-8616>, e-mail: [radjarova2022@mail.ru](mailto:radjarova2022@mail.ru)

**Онгарбаева Алия Тынысовна** – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, PhD, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3031-752X>, e-mail: [aliaongarbaeva5@gmail.com](mailto:aliaongarbaeva5@gmail.com)

**Саурбаев Ришат Жүркенұлы** – филология ғылымдарының кандидаты, шетел филологиясы кафедрасының профессоры Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1419-7361>, e-mail: [rishat\\_1062@mail.ru](mailto:rishat_1062@mail.ru)

**Ереханова Фатима Турехановна** – филология ғылымдарының кандидаты, тілдер және әдебиет кафедрасының қауымдастырылған профессорының м.а., Орталық Азия Инновациялық университеті, Шымкент, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3344-3839>, e-mail: [siliconoasis702@gmail.com](mailto:siliconoasis702@gmail.com)

**Токсанбаева Тілектес Жаңабергенқызы** – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3605-8699>, e-mail: [tlesha66@mail.ru](mailto:tlesha66@mail.ru)

**Тлеулесова Ардақ Шайкенқызы** – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3471-6109>, e-mail: [tleulesova.ardak@mail.ru](mailto:tleulesova.ardak@mail.ru)

**Ахметова Бигайша** – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8018-6532>, e-mail: [bigaisha@mail.ru](mailto:bigaisha@mail.ru)

**Алламуратова Айсанем Жалгасбаевна** – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, «Профи» университеті, Ташкент, Өзбекстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-2326-4124>, e-mail: [ausanem69@mail.ru](mailto:ausanem69@mail.ru)

**Алламуратова Гульсанем Жалгасбаевна** – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Мамуна академиясы, Хорезм, Өзбекстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-0001-7094>, e-mail: [gulsanem69@mail.ru](mailto:gulsanem69@mail.ru)

**Аралтай Мейірім Азаматқызы** – Сүлейман Демирель Университеті, магистрант, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-0738-0876>, e-mail: [araltay01@mail.ru](mailto:araltay01@mail.ru)

**Жұмақаева Береке Дәулетханқызы** – Сүлейман Демирель Университеті, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2160-8117>, e-mail: [d.bereke2009@mail.ru](mailto:d.bereke2009@mail.ru)

**Кудайберген Аяулым** – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2 курс магистранты, Қазақстан, Алматы, ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-6456-4159>, e-mail: [aiaulym12.com@mail.ru](mailto:aiaulym12.com@mail.ru)

**Ибраева Айзат Дюсеновна** – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, ф.ғ.к., қауымдаст.проф.м.а., Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8015-8593>, e-mail: [Ibraevaaizat@mail.ru](mailto:Ibraevaaizat@mail.ru)

**Насирдинов Бауыржан Патшаханович** – «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ, 3 курс докторанты, «Абайтану» ғылыми орталығының аға оқытушысы, Шымкент, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-3248-422X>, e-mail: [NBP\\_D@mail.ru](mailto:NBP_D@mail.ru)

**Өмірзақов Саттар Досалиевич** – «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ, Гуманитарлық ғылымдар ғылыми зерттеу институты «Абайтану» ғылыми орталығының басшысы, ф.ғ.к., доцент, Шымкент, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-1627-7779>, e-mail: [sattar.kazgurt@mail.ru](mailto:sattar.kazgurt@mail.ru)

**Бибулова Меруерт Абдусаттарқызы** – «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕАҚ, «Абайтану» ғылыми орталығының аға оқытушысы, магистр, Шымкент, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5405-116X>, e-mail: [bibulova79@bk.ru](mailto:bibulova79@bk.ru)

**Сейтова Ляззат Муратхановна** – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының 2 курс магистранты, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-2114-8696>, e-mail: [seitovalyazzat2@gmail.com](mailto:seitovalyazzat2@gmail.com)

**Әбен Арман** – «КИМЭП» университетінің магистранты, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-1300-733X>, e-mail: [Aerman.Abieni@kimer.kz](mailto:Aerman.Abieni@kimer.kz)

**Сарымсақ Камила Тасбулатқызы** – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 2-курс магистранты, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-5195-1545>, e-mail: [kamilasarymsak@mail.ru](mailto:kamilasarymsak@mail.ru)

**Тлеубекова Ботакоз Тургамбаевна** – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, филология ғылымдарының кандидаты, академик С. Қирабаев атындағы қазақ әдебиеті және оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5186-3437>, e-mail: [biko.1972@mail.ru](mailto:biko.1972@mail.ru)

**Оспанова Асель Кожамуратовна** – Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 3 курс докторанты, Алматы, Қазақстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-7323-2124>, e-mail: [ospanova.ak07@mail.ru](mailto:ospanova.ak07@mail.ru)

**Дуранли Муваффақ** – Еге университеті, 3 курс докторанты, Измир, Түркия, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4529-2700>, e-mail: [m\\_duranli@hotmail.com](mailto:m_duranli@hotmail.com)

## НАШИ АВТОРЫ

**Абдиева Гульнара Муратбаевна** – докторант кафедры русского языка и литературы, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6929-0980>, e-mail: [abdiyeva\\_gulnara@mail.ru](mailto:abdiyeva_gulnara@mail.ru)

**Серкебаева Гаухар Искакбековна** – доктор PhD, старший научный сотрудник научного центра «Абаеведение» Южно-Казахстанского университета имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8423-1129>, e-mail: [gauhar.110178@mail.ru](mailto:gauhar.110178@mail.ru)

**Зарипова Матлуба Кулфидиновна** – доктор PhD, доцент кафедры русского языкознания, Термезский государственный университет, Термез, Узбекистан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8490-3412>, e-mail: [zaripovam@tersu.uz](mailto:zaripovam@tersu.uz)

**Смагулова Бахыт Абаевна** – кандидат филологических наук, старший преподаватель кафедры русского языка и литературы Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6967-0190>, e-mail: [bakyt28@mail.ru](mailto:bakyt28@mail.ru)

**Унерхан Нурболат** – докторант Факультета языка и культуры Гуманитарного университета Монголии, Улан-Батор, Монголия, ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-2068-5496>, e-mail: [nurbolat.bu@gmail.com](mailto:nurbolat.bu@gmail.com)

**Раджапова Наталья Базаровна** – доктор PhD кафедры русского языкознания Термезского государственного университета, Термез, Узбекистан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1336-8616>, e-mail: [radjapova2022@mail.ru](mailto:radjapova2022@mail.ru)

**Онгарбаева Алия Тынысовна** – доктор PhD, старший преподаватель кафедры русского языка и литературы Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3031-752X>, e-mail: [aliaongarbaeva5@gmail.com](mailto:aliaongarbaeva5@gmail.com)

**Саурбаев Ришат Журкенович** – кандидат филологических наук, профессор кафедры Иностранная филология Торайгыров университета, Павлодар, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1419-7361>, e-mail: [rishat\\_1062@mail.ru](mailto:rishat_1062@mail.ru)

**Ереханова Фатима Турехановна** – кандидат филологических наук, и.о. ассоциированного профессора кафедры «Языки и литература», Центрально-Азиатский Инновационный университет, Шымкент, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3344-3839>, e-mail: [siliconoasis702@gmail.com](mailto:siliconoasis702@gmail.com)

**Токсанбаева Тлектеш Жанабергеневна** – кандидат филологических наук, доцент Казахского агротехнического университета им. Сейфуллина, Астана, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3605-8699>, e-mail: [tlesha66@mail.ru](mailto:tlesha66@mail.ru)

**Тлеулесова Ардак Шайкеновна** – кандидат педагогических наук, доцент Казахского научно-исследовательского агротехнического университета имени С. Сейфуллина, Астана, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3471-6109>, e-mail: [tleulesova.ardak@mail.ru](mailto:tleulesova.ardak@mail.ru)

**Ахметова Бигайша** – кандидат филологических наук, доцент Казахского научно-исследовательского агротехнического университета им. С. Сейфуллина, Астана, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8018-6532>, e-mail: [bigaisha@mail.ru](mailto:bigaisha@mail.ru)

**Алламуратова Айсанем Жалгасбаевна** – кандидат филологических наук, доцент, Университет «Профи», Ташкент, Узбекистан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-2326-4124>, e-mail: [ausanem69@mail.ru](mailto:ausanem69@mail.ru)

**Алламуратова Гульсанем Жалгасбаевна** – кандидат филологических наук, доцент, Университет Маъмуна, Хорезм, Узбекистан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-0001-7094>, e-mail: [gulsanem69@mail.ru](mailto:gulsanem69@mail.ru)

**Аралтай Мейірім Азаматовна** – магистрант Университета имени Сулеймана Демиреля Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-0738-0876>, e-mail: [araltay01@mail.ru](mailto:araltay01@mail.ru)

**Жумакаева Береке Даулетхановна** – кандидат педагогических наук, профессор, Университет имени Сулеймана Демиреля, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/10000-0002-2160-8117>, e-mail: [d.bereke2009@mail.ru](mailto:d.bereke2009@mail.ru)

**Кудайберген Аяулым** – магистрант 2 курса Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-6456-4159>, e-mail: [aiaulym12.com@mail.ru](mailto:aiaulym12.com@mail.ru)

**Ибраева Айзат Дюсеновна** – кандидат филологических наук., и.о. асоц. профессора, Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8015-8593>, e-mail: [Ibraevaaizat@mail.ru](mailto:Ibraevaaizat@mail.ru)

**Насирдинов Бауыржан Патшаханович** – докторант 3 курса НАО «Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова», магистр, старший преподаватель НЦ «Абайтану», Шымкент, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-3248-422X>, e-mail: [NBP\\_D@mail.ru](mailto:NBP_D@mail.ru).

**Умирзаков Саттар Досалиевич** – кандидат наук, доцент, старший научный сотрудник НЦ «Абаеведение» научно-исследовательский институт «Социальных и гуманитарных наук» НАО «Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова», Шымкент, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-1627-7779>, e-mail: [sattar.kazgurt@mail.ru](mailto:sattar.kazgurt@mail.ru)

**Бибулова Меруерт Абдусаттаровна** – НАО «Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова», магистр, старший преподаватель НЦ «Абайтану», Шымкент, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5405-116X>, e-mail: [bibulova79@bk.ru](mailto:bibulova79@bk.ru)

**Сейтова Ляззат Муратхановна** – Казахский национальный педагогический университет имени Абая, кафедра русского языка и литературы, магистрант 2 курса, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-2114-8696>, e-mail: [seitovalyazzat2@gmail.com](mailto:seitovalyazzat2@gmail.com)

**Абен Арман** – магистрант университета «КИМЭП», г. Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-1300-73>, e-mail: [Aerman.Abieni@kimep.kz](mailto:Aerman.Abieni@kimep.kz),

**Сарымсак Камила Тасбулатовна** – студентка 2 курса магистратуры Казахского национального педагогического университета имени Абая Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-5195-1545>, e-mail: [kamilasarymsak@mail.ru](mailto:kamilasarymsak@mail.ru)

**Тлеубекова Ботакоз Тургамбаевна** – кандидат филологических наук, старший преподаватель кафедры казахской литературы и методики преподавания имени академика С. Кирабаева, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5186-3437>, e-mail: [biko.1972@mail.ru](mailto:biko.1972@mail.ru)

**Оспанова Асель Кожамуратовна** – Казахский национальный университет имени аль-Фараби, докторант 3 курса, Алматы, Казахстан, ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-7323-2124>, e-mail: [ospanova.ak07@mail.ru](mailto:ospanova.ak07@mail.ru)

**Дуранли Муваффах** – Университет Эге, докторант 3 курса, Измир, Турция, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4529-2700>, e-mail: [m\\_duranli@hotmail.com](mailto:m_duranli@hotmail.com)

## OUR AUTHORS

**Abdiyeva Gulnara Muratbayevna** – Doctoral student of the Department of Russian Language and Literature, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6929-0980>, e-mail: [abdiyeva\\_gulnara@mail.ru](mailto:abdiyeva_gulnara@mail.ru)

**Serkebayeva Gaukhar Iskakbekkyzy** – PhD, M. Auezov South Kazakhstan University, senior researcher at the “Abai Studies” Scientific Center (Shymkent, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8423-1129>, e-mail: [gauhar.110178@mail.ru](mailto:gauhar.110178@mail.ru),

**Zaripova Matluba Kulfidinovna** – PhD, Associate Professor of the Department of Russian Linguistics, Termez State University, Termez, Uzbekistan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8490-3412>, e-mail: [zaripovam@tersu.uz](mailto:zaripovam@tersu.uz)

**Smagulova Bakhyt Abayevna** – Candidate of Philological Sciences, Senior Lecturer of the Department of Russian Language and Literature of Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6967-0190>, e-mail: [bakyt28@mail.ru](mailto:bakyt28@mail.ru)

**Unyerkhan Nurbolat** – Doctoral student, Faculty of Language and Culture, Humanities University of Mongolia, Ulaanbaatar, Mongolia, ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-2068-5496>, e-mail: [nurbolat.bu@gmail.com](mailto:nurbolat.bu@gmail.com)

**Radzhapova Natalia Bazarovna** – PhD, Department of Russian Linguistics, Termez State University, Termez, Uzbekistan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1336-8616>, e-mail: [radjapova2022@mail.ru](mailto:radjapova2022@mail.ru)

**Ongarbayeva Aliya Tynysovna** – PhD, Senior Lecturer, Department of Russian Language and Literature, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3031-752X>, e-mail: [aliaongarbaeva5@gmail.com](mailto:aliaongarbaeva5@gmail.com)

**Saurbayev Rishat Zhurkenovich** – Candidate of Philological Sciences, Professor of the Department of Foreign Philology Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1419-7361>, e-mail: [rishat\\_1062@mail.ru](mailto:rishat_1062@mail.ru)

**Yerekhanova Fatima Turekhanovna** – PhD, Acting Associate Professor of the Department of Languages and Literature, Central Asian Innovation University, Shymkent, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3344-3839>, e-mail: [siliconoasis702@gmail.com](mailto:siliconoasis702@gmail.com)

**Toksanbayeva Tlektesh Zhanabergenovna**. – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of Seifullin Kazakh Scientific Research Agrotechnical University, Astana, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3605-8699>, e-mail: [tlesha66@mail.ru](mailto:tlesha66@mail.ru)

**Tleulesova Ardak Shaikenovna** – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of S. Seifullin Kazakh Scientific Research Agrotechnical University, Astana, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3471-6109>, e-mail: [tleulesova.ardak@mail.ru](mailto:tleulesova.ardak@mail.ru)

**Akhmetova Bigaisha** – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of S. Seifullin Kazakh Research Agrotechnical University, Astana, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8018-6532>, e-mail: [bigaisha@mail.ru](mailto:bigaisha@mail.ru)

**Allamuratova Aisanem** – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, «Profi» University, Tashkent, Uzbekistan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-2326-4124>, e-mail: [aysanem69@mail.ru](mailto:aysanem69@mail.ru)

**Allamuratova Gulsanem** – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Mamun Academy, Khorezm, Uzbekistan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-0001-7094>, e-mail: [gulsanem69@mail.ru](mailto:gulsanem69@mail.ru)

**Araltay Meirim Azamatkyzy** – Master’s student at Suleyman Demirel University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-0738-0876>, e-mail: [araltay01@mail.ru](mailto:araltay01@mail.ru)

**Zhumakayeva Bereke Dauletqhanovna** – Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Suleyman Demirel University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2160-8117>, e-mail: [d.bereke2009@mail.ru](mailto:d.bereke2009@mail.ru)

**Kudaibergen Ayaulym** – Second-year master's student at Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-6456-4159>, e-mail: [aiaulym12.com@mail.ru](mailto:aiaulym12.com@mail.ru)

**Ibraeva Aizat Dyusenovna** – Candidate of Philological Sciences, Acting Associate Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8015-8593>, e-mail: [Ibraevaaizat@mail.ru](mailto:Ibraevaaizat@mail.ru)

**Nasirdinov Bauyrzhan Patshakhanovich** – Doctoral student 3rd year, M. Auezov South Kazakhstan University, Master, senior researcher of the Research Center "Abai Studies" of Shymkent, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/000-0002-6285-5579>, e-mail: [NBP\\_D@mail.ru](mailto:NBP_D@mail.ru).

**Umirzakov Sattar Dosalievich** – Candidate of Sciences, Associate Professor, Head of the Scientific Center "Abai studies" of the Research Institute of Social and Humanitarian Sciences of the NJSC "M. Auezov South Kazakhstan University", ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-1627-7779>, e-mail: [sattar.kazgurt@mail.ru](mailto:sattar.kazgurt@mail.ru)

**Bibulova Meruyert Abdusattarovna** – M. Auezov South Kazakhstan University, Master, senior researcher of the Research Center "Abai Studies" of Shymkent, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5405-116X>, e-mail: [bibulova79@bk.ru](mailto:bibulova79@bk.ru)

**Seitova Lyazzat Muratkhanovna** – 2nd-year Master's student, Department of Russian Language and Literature, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-2114-8696>, e-mail: [seitovalyazzat2@gmail.com](mailto:seitovalyazzat2@gmail.com)

**Aben Arman** – Master's student, KIMEP University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-1300-73>, e-mail: [Aerman.Abieni@kimep.kz](mailto:Aerman.Abieni@kimep.kz)

**Sarymsak Kamila Tasbulatovna** – 2nd year master's student at Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-5195-1545>, e-mail: [kamilasarymsak@mail.ru](mailto:kamilasarymsak@mail.ru)

**Tleubekova Botakoz Turgambaevna** – Candidate of Philological Sciences, Senior lecturer at the Department of Kazakh Literature and Teaching Methods named after Academician S. Kirabaev Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5186-3437>, e-mail: [biko.1972@mail.ru](mailto:biko.1972@mail.ru)

**Ospanova Asel Kozhamuratovna** – Al-Farabi Kazakh National University, 3rd year doctoral student, Almaty, Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-7323-2124>, e-mail: [ospanova.ak07@mail.ru](mailto:ospanova.ak07@mail.ru)

**Duranli Muvaffak** – Ege University, 3rd year doctoral student, Izmir, Turkey, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4529-2700>, e-mail: [m\\_duranli@hotmail.com](mailto:m_duranli@hotmail.com)